1970-шы жылдары В.Н. Грошев Сығанақ, Сауран, Түркістан қалашықтарының айналасындағы, Қаратаудың оңтүстік беткейінде орналасқан суландыру жүйелерді зерттейді. Жазба деректерді саралай және барлау барысында алған деректерімен салыстыра отырып, Сығанақ қалашығы екі ірі – Төменарық және Бозғыл өзек арықтар арқылы суландырылған деген тұжырымға келеді [6, 94-96 б.]. Сонымен қатар, кейінгі орта ғасырларда таудан аққан өзендер арқылы да суландырылғандығын анықтаған.

Жиырма жылдан астам уақыт Сығанақты зерттеген С.Ж. Жолдасбаевтың қаланың суландыру жүйесі жайлы мәселеге байланысты бірнеше еңбектері жарық көреді. Ғалым Сығанақ Төменарық арқылы суландырылған, оны XIV–XV ғғ. Сығанақтың айналасында тұрған туман тайпасының өкілдері қазған деген тұжырым айтады [7, 155 б.]. С.Ж. Жолдасбаев Сығанақтың суландыру жүйесі Отырардыкіне қарағанда күрделі, себебі Отырар Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жеріне жақын, ал Сығанақ – 20-30 км жерде орналасқан [9, 209 б.].

В.А. Каллаур өлкетанушылар Н.С. Лыкошин мен Е.Т. Смирновтың пікірлерін қолдап, Сунақата қалашығын ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалады [5, 11 б.].

В.А. Каллаур 1899 жылдың 13 маусымында Скобелево ауылынан 20 верст солтүстікте орналасқан Биш-Там (Бестам) бекінісінде болып, оның топографиясына сипаттама береді. Бестам бекінісі цитадель мен оны қоршаған жалдан тұрады. Цитадель аумағы 108 сажень. Ал, жалдың айналдыра ұзындығы 400 сажень, биіктігі 3 сажень. В.А. Каллаур Бестам бекінісінің Сырдарияның оң жағасынан бастау алған арық арқылы суландырылғанын жазып, арық іздерінің Сығанаққа дейін анық байқалатынын, Сығанақ пен Бестам арасында арық құммен көміліп, ал Бестам мен Көпрабад арасындағы арықтың да анық байқалатынын және бұл арық «Нәнсай» атаумен белгілі деп көрсетеді [10, 199 б.].

В.А. Каллаур 1899 жылдың 12 тамызында Сырдарияның сол жағасындағы ескі арықтың төменгі жағында, Бірқазан станциясынан 25 верст жерде, Асанас өзенінің бойында орналасқан Асанас қалашығында болып, оның сипаттамасын береді. Асанас құландылары ішіндегі, ерекше орын алатыны – бекініс болып табылады. Қамал биіктігі 20 қадам, ал үстіңгі ені 15 қадамға жуық, айналдыра аумағы 2 верст. Қамалға кіретін бес қақпа болған. Оңтүстігінде – екі, шығыс, батыс, солтүстігінде бір-бір қақпадан. Қамалдың оңтүстік-батыс бұрышында күйдірілген кесектен салынған құрылыс орналасқан. Қамалдың ішкі аумағында көптеген құрылыс қалдықтары сақталған. Құрылыс іргетасы ретінде күйдірілген қыш пайдаланылып, қабырғалары пахса не кесектен қаланған. В.А. Каллаур Асанасты ортағасырлық Ашнас қаласымен баламалады [5, 14-15 б.].

Асанас қалашығынан 1 верст батыста бекініс орналасқан. Жобасында төртбұрышты болып келген, аумағы 300x300 қадам және айналдыра жалмен қоршалған. Оның шығыс бөлігінде биік (цитадель не құрылыс құландысы) төбе орналасқан. Осы бекіністен 2 верст батыста Ақтөбе бекінісі орналасқан. Ақтөбе жобасында төртбұрышты болып келген, аумағы

200x200 қадамға жетеді. Бекіністің ішінде көлемі 70x60 қадам, биіктігі 55 қадам келетін төбе орналасқан. В.А. Каллаур Асанас қалашығынан 2 верст шығыста тағы бір бекініс орналасқанын атап өтеді. Ол жобасында төртбұрышты болып келген, аумағы 200x185 қадамға жуық. В.А. Каллаур Асанас пен бекініс арасында көптеген құрылыс пен арық іздері байқалатындығын жазады. Ол Асанастан жергілікті халықтың мыс, күміс және алтыннан жасалынған заттар тапқанын атап өтеді [5, 15 б.].

В.А. Каллаур осы жылы Құткеншек болысының басшысы Басықариннен, Қызылқұмдағы Сырлытам кесенесі барын және оның жанында бекініс орналасқаны жайлы дерек алып, ол Сырлытам кесенесі мен бекініс жобаларын түсіру үшін Төлепберген Жылқыбаевты арнайы жібереді. В.А. Каллаур Т. Жылқыбаевтың деректеріне сүйене отырып, Сырлытам Перовск қаласынан 70 верст қашықтықта, Перовск-Бұхара керуен жолынан 25 верст батыста, Түркістан өңірінің картасында, Асанас қалашығынан 80 верст ара қашықтықта орналасқанын жазады [11, 15 б.]. Сонымен бірге, ол жергілікті тұрғындар арасында бекіністің «қорған» атаумен белгілі екенін, ол Сырлытам кесенесі жанында орналасқандықтан, оны «Сырлытам қорғаны» деп атағандығын да атап өтеді.

В.А. Каллаур бекіністің жобасына қарай оны сипаттап жазады. Бекініс айналдыра пахсамен салынған қамалмен қоршалған. ұзындығы 960 қадам, биіктігі 3-4 аршын, оры құммен көміліп қалған. Бекініс ішінде цитадель және күйдірілген қышпен салынған үш құрылыс құландылары бар. Қақпасы батыс жағында орналасқан [11, 16 б.].

В.А. Каллаур 1899 жылдың қазан айында Жаңадарияның төменгі ағысы өңіріне іссапармен барып, оның төңірегінде орналасқан ескерткіштерді зерттейді [12, 79-87 б.]. Зерттеу барысында ол Сырдарияның сол жағында, Перовск қаласынан 25-30 верст қашықтықта, «Тұмарөткел» деп аталатын жерде орналасқанын Қыс-Қала (Қышқала) қалашығын зерттеп, оны сипаттап жазып жобасын түсіреді. В.А. Каллаур қалашықтың аумағы 3x2,5 верст екенін, онда күйдірілген қыштан салынған құрылыс құландылары барына тоқталып, төбе үстінен жинап алынған ыдыс сынықтары мен теңгелерді және т.б. жәдігерлерді Н.П. Остроумовқа жібереді [12, 85-86 б.]. В.А. Каллаур Қышқала қалашығын ортағасырлық Жент қаласымен баламалап жаңсақтық жасайды [5, 16 б.]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур осы сапарында Жаңадария бойында Жанқаланың, онан 10 верст жерде Құмқаланың, онан 30 верст жерде Чавек қаласының және 80 верст жерде Шірікрат қалашықтарының орналасқанын жазады [12, 82-83б.].

В.А. Каллаур 1900 жылдың 3-8 сәуірі мен 1901 жылдың 23-27 сәуірі аралығында Перовск уездінің Сауран, Приречной және т.б. болыстарында болып, осы жерлерде орналасқан ескерткіштерді зерттеп, сипаттамасын береді.


Барлау барысында, Сырдарияның сол жағасында суландыру жүйесінің іздері барын және олардың ауқымды аймақты алып жатқанын атап өтіп, жергілікті тұрғындардың Баспақ көлден бастау алатын Баспақ арықты осыдан 40 жыл бұрын, ал Келін арықты 10 жыл бұрын қайта іске қосып, пайдаланып келгендігін атап көрсетеді [13, 70 б.]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур ортағасырлық арықтар (каналдар) бойын аралап, Сырдарияның сол жағасында – ортағасырлық Мейрам, Аққорған, Балапантөбе, Өзгент (Қырлы Өзгент), Төбесі ойық, Абызтөбе (Құтлықент), Ішкі Өзгент (Сырлы Өзгент), Алғыр-салғыр, Молдақорған және оң жағасында орналасқан Ордакент, Ақтөбе, Қызылқала қалашықтары мен бекіністерінің топографиясына тоқталып, оларды сипаттап жазады.

Мейрам (Мейрамтөбе) бекінісі жобасында төртбұрышты болып келген (2-сурет). Оны айналдыра қоршаған жалдың ұзындығы 675 саженьге тең. Ал, ордың тереңдігі 3 сажень шамасында. Бекіністің ішінде, биік төбе үстінде цитаделі орналасқан. Оның қабырғаларының ұзындығы 860 қадам. Цитадельдің оңтүстік-шығыс бұрышында кесектен салынған қабырға сақталған, оның биіктігі 4 сажень [13, 70-71 б.].


Аққорған бекінісі Келін арық бойында (Келінтөбеден төмен) орналасқан. Цитаделі бекіністің солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан. Жобасында он қырлы шеңбер тәрізді болып келген (3-сурет). Цитадель жалының биіктігі 1 сажень, оны айналдыра қоршаған

ордың тереңдігі 2 сажень. Бекіністің пахсадан салынған қамалының бір бөлігі күйдірілген қыштан тұрғызылған. Қамалдың айнала ұзындығы 440 қадам, биіктігі 3-4 сажень. Оны қоршаған ордың тереңдігі 5 сажень.

Ішкі Өзгент (Сырлы өзгент) шағын бекініс. Өзгент көлінің жағасында орналасқан. Бекіністің ішкі жағында бірнеше төбелер бар, құрылыс құландылары байқалмайды.



Сурет 2 - 1900 жылы түсірілген Мейрамтөбе қалашығының жоспары (В.А. Каллаур бойынша)




Сурет 3 - 1900 жылы түсірілген Аққорған қалашығының жоспары (В.А. Каллаур бойынша)

Балапantөбе бекінісі жобасында төртбұрышты болып келген. Айналыра қоршаған жалдың ұзындығы 385 қадам. Іргесінен есептегендегі ұзындығы 517 қадам, биіктігі 27 қадам (4-сурет). Бекіністің Сырдария жағында топырақтан үйілген жал орналасқан. Оның батысқа қарай бағытталған бөлігінің ұзындығы 180 қадам. Ал, шығысқа қарай бағытталған бөлігінің ұзындығы 115 қадам, биіктігі 18 қадам [13,71-72 б.].

Өзгент қалашығы (Қырлы Өзгент) Өгіз жылғасы ескі өзек бойында орналасқан. Қалашық жобасында төртбұрышты болып келген. Оны айналыра қоршаған жалдың ұзындығы 1600 қадам, биіктігі 27 қадам. Қала қақпасы шығыс бөлігінде орналасқан. В.А. Каллаур қаланың ішіндегі құрылыс құландылары мен көше іздерінің сақталғанын және

көптеген ыдыс сынықтарының кездесетінін жазып, бұл жерде жергілікті тұрғындар мыс, күміс теңгелер тапқанын атап өтеді. В.А. Каллаур Өзгент қалашығын 1219 жылы Жошы хан қиратқан ортағасырлық Өзгентпен баламалайды [13, 72-73 б.].

Төбесі ойық (Қасымата) қалашығы Өзгент қалашығынан 7 верст солтүстік-батыста орналасқан. Ол жобасында төртбұрышты, айналдыра ұзындығы 600 қадам шамасында. Оның қабатында төртбұрышты төбе (цитадель) орналасқан. Оның ұзындығы 120 қадам. Қаланың айналасында құрылыс құландылары бар. Қала Өгіз жылғасы өзенінен бастау алатын бірнеше арықтар арқылы суландырылған [13, 73 б.]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур Абызтөбе (Құтлықент), Алғыр-салғыр, Молдақорған бекіністері жайлы баяндап, Алғыр-салғыр мен Молдақорғанда өзі болмаса да, жергілікті тұрғын Мингли-Ходжин (Меңлі Қожа) сызған жобалар бойынша оларды сипаттап жазады.



Сурет 4 - 1900 жылы түсірілген Балапантөбе бекінісінің жоспары (В.А. Каллаур бойынша)

Жобасына қарай Алғыр-салғыр қисық төртбұрышты, айналдыра ұзындығы 570 қадам. Ал, Молдақорған жобасында редут (топырақтан үйілген бекініс) тәрізді айналдыра ұзындығы 500 қадам. В.А. Каллаур бұған қоса, Молдақорғанда мешіт пен құдығының барын да атап өтеді.

В.А. Каллаур Сырдың сол жағында орналасқан Қасым ата, Қорасан ата, Бақсаис ата мазарларын да көріп, олардың қысқаша сипаттамасын береді. Сонымен қатар, ол Сырдарияның оң жағында орналасқан Ақтөбе, Ордакент, Қызылқала қалашықтарында болып, оларды сипаттап жазады. Ақтөбе қалашығы Скобелево жолының бойында, Төменарықтан 6 верст қашықтықта орналасқан. Қаланы қоршаған жалдың ұзындығы 750 қадам. Цитаделі биік төбе үстінде орналасқан. Цитадельдің биіктігі 5 сажень, батыс жағындағы жалдың биіктігі 2,5 сажень. Қалаға кірер қақпа шығыс жағында орналасқан. Ал, Қызылқала Скобелево ауылына барар жолдың бойында, Жүлектен 15 верст қашықтықта орналасқан. Бұл ескі бекініс, оның тек қана пахсадан салынған қамал құландылары мен оның ішіндегі құрылыс қалдықтары сақталған. Сонымен бірге, ол Ордакент қалашығының жобасында шеңбер тәрізді екендігін, оны айналдыра қоршаған жалдың ұзындығы 575 қадам болғанын атап өтеді [13, 75 б.].


В.А. Каллаур өзі ашқан ескерткіштерді картаға түсіріп, Өгіз жылғасы (ескі өзек) өзені Шымкент уездіндегі Шардара атты жерден, Сырдарияның сол жағасынан бастау алатынын атап өтеді. Өгіз жылғасы Өзгентке дейін осы атаумен белгілі, ал Бақсаис атаға дейінгі аралықта Дариялық атауымен белгілі деп жазады [13, 75 б.]. Осы жерде өзен бірнеше арнаға бөлінеді. Олардың бірі –Күлбарыс атауымен белгілі және бұл арна «Қарғалы тоғай» деп аталатын жерден солтүстікте Сырдарияға құяды. Ал, басқа арналардың Қызылқұмға қарай бағытталғандығын атап көрсетеді.

1906 жылдың 11 желтоқсанында өткен үйірме отырысында, И.Т. Пославский топограф М.А. Кирхгофтың Түркістанның солтүстігінде тапқан тас құралдары жайлы баяндама жасап, тас құралдардың табылған жерінің толық сипаттамасын береді.

И.Т. Пославский, М.А. Кирхгофтың айтуымен тас құралдары табылған жерді сипаттап, жебе ұшы Бесарық өзенінің, ал қырғыш Ақүйік өзенінің арналарынан табылғанын атап өтіп, бұл құралдар тау ішінен су арқылы ағып келген деп пайымдайды. Сонымен қатар, тас құралдар табылған жерде Бесарық және Ақүйік шатқалдарында көптеген обалар, ал Ақүйік шатқалында, Ақата мазарының жанында үш үлкен үңгір және олардан 6-7 верст ара қашықтықта өзеннің жоғарғы ағысында төртінші үңгір орналасқанын атап өтеді.

М.А. Кирхгоф Қарын жарық өзені бойынан 2 км жерде, Бесарық өзенің орта ағысында, Бесарық жазығында Әбзелбаб мазарының солтүстігінде қара түсті жартастарда кескінделген, тасқа салынған сурет орындары орналасқандығын жазады [14, 58-59 б.].

И.Т. Пославскийдің тас құралдары қою-сары түсті, онда қызыл, қоңыр және жасыл түсті қабаттары бар деп жазады. Тау кен инженері Г.Б. Леонов, бұл тастарды яшма түріне жатқызады деп баяндайды. И.Т. Пославскийдің тас құралдарының бірін – жебе ұшы (5-сурет, 1), ал екіншісін - қырғыш (5-сурет, 2), -деп танып, оларды неолит кезеңіне жатқызады [14, 57-58 б.]. Кейінгі зерттеулер нәтижелері жиналған материалдарға қарап М.А. Кирхгофтың тапқан жебе ұшын тас ғасырының құралына жатпайды десе, оны С.Н. Замятин қола дәуіріне жатқызады [15, 12 б.].



Сурет 5 - Тас құралдар (М.А. Кирхгоф бойынша)

М.А. Кирхгофт Бесарық өзені бойында ашқан ескерткіш «Қазақстанның археологиялық картасы» атты жинаққа №3346 нөмірмен еніп [16, 228 б.], ғылыми әдебиетте Күйкентай тасқа салынған суреттері атпен белгілі болды.

Күйкентай тасқа салынған суреттер орнын 1969-1972 жылдар аралығында ОҚКАЭ-ның Қаратау тобы (М.К. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев) [17, 128-145 б.], 1975 жылы ОҚКАЭ-ның Бесарық тобы (С.М. Ақынжанов) зерттейді [18, 10-14 б.].

М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев зерттеу жұмыстары барысында Бесарық шатқалында екі топ суреттер барын анықтайды, оның бірі – шатқалға кіре беріс жерінің маңында, шығыс жағындағы жартастарда кескінделген тау ешкі мен түйе бейнелері, ал екіншісі – шатқалдың кіре берісінен 9 км ішке қарай, Күйкентай жартасында кескінделген суреттер. М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев М.А. Кирхгофт хабарлаған тасқа салынған суреттер орны шатқалға кіре беріс жеріндегі болуы мүмкін, бірақ ол өз хабарламасында екі сурет орындары жайлы мәліметтерді біріктіріп беруі де мүмкін деп пайымдайды [19, 16 б.].

М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев Күйкентай жартасында кескінделген суреттерді үш топқа бөліп, бірінші топ көрінісіне - ірі тау ешкі, оның төменінде жылқы, оның сол жағында шағын тау ешкі бейнелері, сонымен бірге соңғы суретін төменінде тау ешкі, адам

және екі өркешті түйе бейнелері жатады, соңғы екі сурет (адам мен түйе бейнелері) кейінен салынған; екінші топқа – ірі екі өркешті түйе, қолында садағы бар адам, жыртқыш, екі шағын түйе мен бір қатарға тізбектеле салынған бірнеше тау ешкі бейнелері кіреді; үшінші топты – адам, екі тау ешкі және жылқы бейнелері құрайды.

М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев Күйкентай тасқа салынған суреттер бір хронологиялық кезеңге жататынын алға тартып, олардың мазмұны мен стилистикалық ерекшеліктеріне қарай сақ кезеңімен мерзімдейді [19, 189-190 б.].

1975 жылы ОҚКАЭ-ның Бесарық тобы (С.М. Ақынжанов) Бесарық шатқалында орналасқан тасқа салынған суреттерді қайта зерттеп, шатқалға кіре берісіндегі, онан 1 км жерде, Бесарық өзенінің оң жағындағы және Күйкентайлы деп аталатын жерде жартастарда орналасқанын атап өтеді [18, 10 б.].

Шатқалдың кіре берісіндегі жартастарда тау теке, арқар, таңба тәрізді белгілер және т.б. көріністер кескінделген. Сонымен қатар, жартастардың бірінде аң аулау көрінісі бейнеленген. Көріністің бір бөлігі өшіп кеткен, ал садақшы бейнесі жақсы сақталған. Садақшының бас киімі жартылай үшбұрышты (полусферическая) екі жағынан төменге қарай лента тәрізді түскен. С.М. Ақынжанов суреттердің ішінде стилистикалық жағынан Тува, Алтай және Шығыс Қазақстандағы ерте түркі кезеңіне жататын суреттерге жақын бір топ көріністер барын айтып, олар салт атты аңшы мен иттен қашып бара жатқан тау теке бейнесі. С.М. Ақынжанов суреттердің стилистикалық және композициялық мазмұнын сараптай отырып келесі тұжырымға келеді: «Горбоносые морды животных с опущенными уголками губ, положение ушей, борода тау-теке, изогнутые длинные шеи, композиционное построение, - все это заставляет отнести памятник к эпохе ранних тюрок, реликты которых сохранились в Бес-Арыке в виде поминальных «каменных ящиков» со стелами» [18, 10-11 б.].

Күйкентай жартасындағы көріністердің ішінде шаман және оны айналдыра ешкі, түйе, арыстан, арқар және басқа да белгісіз жануарлар қоршаған бейнелер бар. Құйрығы бар шаманның бас киімі жартылай үшбұрышты (полусферическая) екі жағынан төменге қарай лента тәрізді түскен, жоғарыға көтеріп тұрған сол қолында калатушкасы бар, ал оң қолы иілген ерекше ұзын болып келген. Келесі көріністе, жартастың ортасында бір жарым метрлік профилине кескінделген бактриан – екі өркешті түйе бейнесі салынған. Сонымен қатар, Күйкентайдағы көріністердің ішінде ерекше көзге түсетін көрініс үлкен түйенің оң жағында 5 м қашықтықта бір-бірімен текетіресіп тұрған бактриан мен екі арыстан бейнелері болып табылады [20, 68 б.]. Бір-біріне текетіресіп тұрған жануарлардың ортасында адам бейнесі бар. Адамның бактрианға қарсы көтеріп тұрған оң қолында садақ, ал арыстандарға қарай бағытталған сол қолында бір зат (мүмкін пышақ немесе қанжар) бар. Адам шағын екі өркешті түйе үстінде тұр.

С.М. Ақынжанов жартастағы көрініс және мотивтің көркемдік-стилистикалық характеристикасы бойынша Қобланды, Алтысу және Егізқара обалар қорымымен мәдени-хронологиялық байланыста болған деп пайымдайды [20, 68 б.]. Ол бұл көріністің негізінде екі бастаудың текетірістік философиялық идеясы жатқанын алға тартып, жартастағы көріністің семантикасының бір болжамы бойынша, - «Лев – зверь ариев, символ Передней Азии, запада, верблюды – степи, туранские скифы (саки), живые воплощения неукротимой отваги кочевников востока. Человек умеротворяющий восток и запад ...» дейді. Сонымен бірге С.М. Ақынжанов көріністің семантикасында тарихи негіз болмаса да, сөз жоқ діни-философиялық негізі бар деп пайымдайды. Онда «арыстандармен аңға шығу» көріністі аң аулау көрініс емес керісінше мәдени, философиялық, діни, тарихи маңызы бар көрініс екенін жазады. С.М. Ақынжанов бұл көріністерді сақ кезеңімен мерзімдейді [20, 68-70 б.].

Күйкентай жартасында басқа да ғұрыптық көріністер бар олар: тау текені таяқпен ұру, жылқылардың қосылуы (малдың көбеюін білдіреді), барысты (жолбарысты) аулау және т.б. Сонымен қатар, қарапайым нүктелеу әдісімен кескінделген кейінгі кезең көріністері де кездеседі. Олар көне суреттер үстінен салынған [20, 70 б.].

2004-2005 жылдары ХҚТУ ТАЭ-сы (М. Елеуов) Күйкентай тасқа салынған суреттерді қайта зерттеп, ескерткіштің географиялық координаттарын анықтады [21, 31 б., №5]. Күйкентай тасқа салынған суреттері Талап ауылынан 17,6 км солтүстікте, Бесарық өзенінің оң жағасында, Күйкентай шоқысының шығыс беткейіндегі жартастарға салынған. Жартастағы бейнелердің арасында адам, оны қоршаған әртүрлі жануарлар, ешкілер, түйе, жалы қалың арыстан, арқарлар және түсініксіз хайуандардың суреттері кездеседі. Петроглифтер жаппай ұру тәсілімен салынған.

Күйкентай тасқа салған суреттердің қазіргі сақталу жағдайы өте мүшкіл, жартастар коррозияға ұшырап, көріністердің көбісі бұзылған оған қоса суреттердің үстінен адамдар өз есімдерін және т.б. жазулар жазып бүлдірген.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі мүшелерінің Перовск уездінде атқарған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде осы өңірде орналасқан археологиялық ескерткіштер ғылыми айналымға енгізіліп, олардың жобалары сызылады.

Сырдария облысының Перовск уездінде үйірме мүшелерінің жүргізген зерттеулері барысында - 56 ескерткіш ашылып, орналасқан жері жайлы мәлімет және басым бөлігінің сипаттамасы берілген, 1 ескерткіш қайта зерттелген (Сығанақ қалашығы), олардың қатарында:

- В.В. Каллаур 45 ескерткіш ашып (39 қала мен елді мекендер және 6 суландыру жүйесі), 1 ескерткішті қайта зерттеді;

- И.Т. Пославский М.А. Кирхгофтың мәліметі негізінде 11 ескерткіш жайлы хабарлап (3 тасқа салынған сурет, 4 үңгір, 2 обалар қорымы және 2 тас құрал табылған орны), олардың орналасқан жері жайлы мәлімет берді.

Үйірме мүшесі В.А. Каллаур Перовск уездінде ауқымды ізденіс жұмыстар атқарған. Ол Сырдарияның сол және оң жағалауында орналасқан ескерткіштердің сипаттамаларын беріп, ескерткіштердің жоспарын, олардың орналасу картасын түсірген. Сонымен қатар, тарихи-топографиясын зерделей келе, ортағасырлық ескерткіштердің құрылымына, қорғаныс жүйесіне қалашықтардың өлшемдеріне, ғимарат құрылыстарына, суландыру жүйесіне ерекше назар аударған.

Кеңес дәуірінде жүргізілген шаруашылық жұмыстар кезінде ескерткіштердің бұзылып кеткенін ескерсек, В.А. Каллаурдың еңбектері бүгінгі күнімізге дейін өзектілігін жоғалтпаған.

В.А. Каллаур ортағасырлық қалалардың суландыру жүйесін зерттеп, осы мәселеге қатысты өз тұжырымдарын айтқан. Ол Сығанақ қалашығы Төменарық арқылы суландырылғанын атап, ілгеріде Сырдарияның ескі арнасы Арыс өзенінің Сырға құяр жерінен жоғары жағында, Түгел деп аталатын жерде, Ешкіөлмес бекінісінің тұсынан бөлініп, Қызылқұм арқылы өткен деп пайымдайды. Ал, Сырдарияның сол жағасында орналасқан қалалар Баспақ көлден бастау алатын Баспақ арық, Келін (Келінтөбе) арық арқылы суландырылған және қазіргі кезде дейін пайдаланып келгендігін айтады.

В.А. Каллаур ізденіс жұмыстары барысында жергілікті тұрғындардан өзендердің ескі өзектері жайлы мәліметтер жинап, осы мәселе бойынша өз пікірін жазады. Ескі өзектердің бірі Өгіз жылғасы Сырдарияның сол жағасынан Шардара тұсынан бастау алып, Өзгентке дейін Өгіз жылғасы атаумен белгілі, ал Бақаис атаға дейінгі аралықта Дариялық атауымен аталатындығын жазады. Осы жерде өзен бірнеше арнаға бөліп, олардың бірі -Күлбарыс атауымен белгілі және бұл арна «Қарғалы тоғай» деп аталатын жерден солтүстікте Сырдарияға қайта құяды. Ал, басқа арналардың Қызылқұмға қарай бағытталғандығын атап көрсетеді.

Кеңес дәуірінде Сығанақ қалашығының суландыру жүйесі жайлы А.Ю. Якубовскийдің, В.Н. Грошевтың, С.Ж. Жолдасбаевтың зерттеулері В.А. Каллаурдың Сығанақ қалашының Төменарық арқылы суландырылған деген пікіріп қолдап, Төменарық Арыс өзенінен бастау алған деген пікірі жаңсақ екендігін көрсетті. Қазіргі таңда, орта

ғасырларда Сырдарияның орта ағысы тұсынан бастау алған арықтар туралы арнайы зерттеулер аз болғандықтан, бұл мәселе қазіргі таңда ашық болып тұр.

М.А. Кирхгофтың Бесарық өзені бойында ашқан жартастар суреттері ескерткіштері Кеңес дәуірінде М.К. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев, С.М. Ақынжанов қайта зерттейді.

1975 жылы С.М. Ақынжанов Күйкентай жартасындағы суреттерін қайта зерттеп, кескінделген тау теке, арқар, таңба тәрізді белгілер, аң аулау, садақшы және т.б. бейнелері стилистикалық жағынан Тува, Алтай және Шығыс Қазақстандағы ерте түркі кезеңіне жататын суреттерге жақын екендігін және суреттердің стилистикалық және композициялық мазмұнын сараптай келе ерте түркі кезеңімен мерзімдейді. Ал, шаман және оны айналдыра ешкі, түйе, арыстан, арқар, белгісіз жануарлар суреттердің ішінде бір-бірімен текетіресіп тұрған бактриан мен екі арыстан көрінісінің негізінде екі бастаудың текетірістік философиялық идеясы жатқанын алға тартып, жартастағы көріністің семантикасының бір болжамы бойынша, арыстан – арилердің жануары, батыстың, яғни, Алдыңғы Азияның символы, ал түйе – даланың, шығыстың көшпенділерін, тұранның сақтарын білдірген деген тұжырым айтып, бұл бейнелерді сақ кезеңімен мерзімдейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Смирнов Е.Т. Древности на среднем и нижнем течении р.Сыр-Дарьи // ПТКЛА (1896-1897), II. Ташкент: типо-литогр. торг. дома Ф. и Г. Бр. Каменские, 1897. С. 1-14. (прил. к прот. от 17.02.1897 г.).
2. Протокол №2. Заседание происходило 13 марта 1899 года в зале генерал-губернаторского дома // ПТКЛА (1898-1899), IV. Ташкент: типо-литогр. торг. дома Ф. и Г. Бр. Каменских, 1899. С. 70-72.
3. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей. Киргизский край. Т.18. / Под ред. В.П. Семенова и под рук. П.П. Семенова и акад. В.И. Ламанского. / Составили: А.Н. Седельников, Л.П. Осипов, А.Н. Букейханов, С.Д. Чадов, Н.А. Бородин, Т.П. Белоногов, В.П. Семенов, П.Н. Столпянский. СПб.: изд. А.Ф. Девриена, 1903. 478 с.
4. Кузнецов Л. О надписи на камне «Тамгалы-тас» в пустыне Бетпак-Дала в Атбасарском уезде Акмолинской губернии // Записки Семипалат. п/о Русск. геогр. об-ва. 1927, вып.16. С.122-124.
5. Каллаур В.А. Древние города Саганакъ (Сунакъ), Ашнасъ или Эшнасъ (Асанасъ) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингисъ-ханом в 1219 году // ПТКЛА (1899-1900), V. Ташкент: типо-литогр. торг. дома Ф. и Г. Бр. Каменские, 1900. С. 6-16. (прил. к прот. от 07.02.1900 г.).
6. Грошев В.А. Ирригация Южного Казахстана в средние века. Алма-Ата:изд. «Наука», 1985. 156 с.
7. Жолдасбаев С. Сығанақ аумағын суландыру жүйесі жайлы пікірлер // Известия НАН РК. Серия общественн ых наук. 2008. №1. 153-156 бб.
8. Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака (Сугнака) // Сообщения ГАИМК. Т.11. Л., 1929. С.123-159.
9. Мургабаев С., Малдыбекова Л., Бахтыбаев М., Жетібаев К., Гурсой М., Сиздинов Б.А. История орошения Сыганака // Поволжская археология. 2(40). 2022. e-ISSN 2500-2856, <https://doi.org/10.24852/pa2022.2.40.206.214>. С.206-214.
10. Бахтыбаев М.М. Историческая топография Перовского уезда в трудах В.А.Каллаура // Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. № 3 (283). Алматы, 2012. С.195-204.
11. Каллаур В.А. Развалины «Сырлы-там» в Перовском уезде // ПТКЛА (1900-1901), VI. Ташкент: типо-литогр. В.М. Ильина, 1901. С. 14-17.
12. Каллаур В.А. О следах древняго города «Джент» в низовиях реки Сыр-Дарьи // ПТКЛА (1899-1900), V. Ташкент: типо-литогр. торг. дома Ф. и Г. Бр. Каменские, 1900. С. 78-89.

13. Каллаур В.А. Древние города, крепости и курганы по реке Сырь-Дарье, в восточной части Перовского уезда // ПТКЛА, VI. Ташкент: типо-литограф. В.М. Ильина, 1901. С. 69-78. (прил. к прот. - № 2 от 18.09.1901 г.).
14. Пославский И.Т. О находке орудия каменного века // ПТКЛА (1906-1907), XI. Ташкент: типо-литограф. В.М. Ильина, 1907. С. 57-65.
15. Окладников А.П. Итоги и узловые проблемы изучения палеолита в СССР за 40 лет // Советская археология. № 4. М., 1957. С.12.
16. Археологическая карта Казахстана. Реестр. Алма-Ата: Изд. Академии наук Казахской ССР, 1960. 485 с. + 45 цв.карт, 13 вклеек.
17. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Каратауские колесницы // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1973. С.128-145.
18. Ахинжанов С.М. Отчет о работе курганного Бесарыкского отряда за период с 5 мая по сентябрь 1975 г. // Архив Института археологии им. А.Х.Маргулана МОН РК. Ф.11. Описание 2. Д.1446. 27 с.
19. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1977. 231 с.
20. Ахинжанов С.М. Археологические памятники Ю-3 склонов хребта Каратау (научный отчет о работах в 1976-1980 гг.). // Архив Института археологии им. А.Х.Маргулана МОН РК. Ф.11. Описание 2. Д.1784. Алма-Ата, 1980. 70 с.
21. Қызылорда облысының тарихи ескерткіштерінің жинағын баспаға даярлау (аралық) ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. Түркістан. 2004. 184 бет. / ХҚТУ АҒЗИ архиві. Инв.№14.

REFERENCES

1. Smirnov E.T. Antiquities on the middle and lower reaches of the Syr Darya River // PTKLA (1896-1897), II. Tashkent: typo-lithographic trading house of F. and G. Brothers Kamensky, 1897. Pp. 1-14. (appendix to the protocol of 17.02.1897).
2. Protocol No. 2. The meeting took place on March 13, 1899 in the hall of the governor-general's house // PTKLA (1898-1899), IV. Tashkent: typo-lithographic trading house of F. and G. Brothers Kamensky, 1899. Pp. 70-72.
3. Russia. Complete geographical description of our fatherland. Desk and travel book for Russian people. Kirghiz region. T..18. / Ed. V.P. Semenov and under the guidance. P.P. Semenov and acad. V.I. Lamansky. / Compiled by: A.N. Sedelnikov, L.P. Osipov, A.N. Bukeikhanov, S.D. Chadov, N.A. Borodin, T.P. Belonogov, V.P. Semenov, P.N. Stolpyansky. SPb.: ed. A.F. Devriena, 1903. 478 p.
4. Kuznetsov L. About the inscription on the stone "Tamgaly-tas" in the Betpak-Dala desert in the Atbasar district of the Akmola province // Notes of Semipalat. p/o Russian. geogr. about-va. 1927, issue 16. P.122-124.
5. Kallaur V.A. Ancient cities of Saganak (Sunak), Ashnas or Eshnas (Asanas) and others in Perovsky district, destroyed by Genghis Khan in 1219 // PTKLA (1899-1900), V. Tashkent: typo-lithographic trading house of F. and G. Brothers Kamensky, 1900. Pp. 6-16. (appendix to protocol from 07.02.1900).
6. Groshev V.A. Irrigation of Southern Kazakhstan in the Middle Ages. Alma-Ata: Publishing House "Science", 1985. 156 p.
7. Zholdasbaev S. Opinions about irrigation system of the Gypsy territory // News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social sciences. 2008. No. 1. pp. 153-156.
8. Yakubovsky A.Yu. Ruins of Sygnak (Sugnak) // Messages of GAIMK. T.11. L., 1929. P.123-159.

9. Murgabaev S., Maldybekova L., Bakhtybaev M., Zhetibaev K., Gursoy M., Sizdikov B.A. History of irrigation of Syganak // *Volga archeology*. 2(40). 2022. e-ISSN 2500-2856, <https://doi.org/10.24852/pa2022.2.40.206.214>. P.206-214.
10. Bakhtybaev M.M. Historical topography of Perovsky district in the works of V.A.Kallaur // *News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Social Sciences and Humanities Series*. No. 3 (283). Almaty, 2012. P.195-204.
11. Kallaur V.A. Ruins of “Syrly-tam” in Perovsky district // *PTKLA (1900-1901)*, VI. Tashkent: typo-lithogr. V.M. Ilyina, 1901. pp. 14-17.
12. Kallaur V.A. About the traces of the ancient city of “Djent” in the lower reaches of the Syr Darya River // *PTKLA (1899-1900)*, V. Tashkent: typo-lithogr. bargain. houses F. and G. Br. Kamensky, 1900. P. 78-89.
13. Kallaur V.A. Ancient cities, fortresses and burial mounds along the Syr Darya River, in the eastern part of the Perovsky district // *PTKLA*, VI. Tashkent: typo-lithographic. V.M. Ilyin, 1901. Pp. 69-78. (appendix to the arch. - No. 2 of 18.09.1901).
14. Poslavsky I.T. On the discovery of a Stone Age tool // *PTKLA (1906-1907)*, XI. Tashkent: typo-lithographic. V.M. Ilyin, 1907. P. 57 -65.
15. Okladnikov A.P. Results and key problems of studying the Paleolithic in the USSR for 40 years // *Soviet archeology*. No. 4. Moscow, 1957. P. 12.
16. Archaeological map of Kazakhstan. Registry. Alma-Ata: Publishing house. Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1960. 485 p. + 45 color cards, 13 inserts.
17. Kadyrbaev M.K., Maryashev A.N. Karatau chariots // *Archaeological research in Kazakhstan*. Alma-Ata: Nauka, 1973. P.128-145.
18. Akhinzhanov S.M. Report on the work of the Besaryk kurgan detachment for the period from May 5 to September 1975 // *Archive of the Institute of Archeology named after. A.Kh.Margulan MES RK*. F.11. Inventory 2. D.1446. 27 p.
19. Kadyrbaev M.K., Maryashev A.N. Rock paintings of the Karatau ridge. Alma-Ata: “Science” of the Kazakh SSR, 1977. 231 p.
20. Akhinzhanov S.M. Archaeological monuments of the southwestern slopes of the Karatau ridge (scientific report on work in 1976-1980). // *Archive of the Institute of Archeology named after. A.Kh.Margulan MES RK*. F.11. Inventory 2. D. 1784. Alma-Ata, 1980. 70 p.
21. Report on the (interim) research work on the preparation of the collection of historical monuments of Kyzylorda region for publication. Turkestan. 2004. 184 pages. / *Archive of the IKTU*. Inv. No. 14.

<https://doi.org/10.47526/2024-1/3007-6366.16>

ӘОЖ 930:94 (574)
ГТАХР 03.20

Джалилов Асан Махмедович

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты

e-mail: amari_dzhalilov@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0001-9342-6171>

Шашаев Ауезхан Кадиржанович

тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты

e-mail: shashaevauvezhan@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>

Мулдахметова Жанар Искандеровна

тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті

e-mail: zhanar_0869@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-4322-0543>

САЯСИ РЕПРЕССИЯНЫҢ ДЕПОРТАЦИЯ ҚҰРБАНДАРЫ ҰРПАҚТАРЫНА ТИГІЗГЕН МОРАЛЬДЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ

Аңдатпа

Ғылыми мақалада XX ғасырдың 30 – 50 жылдардағы саяси репрессия және депортация нәтижесінде Қазақстанға күштеп қоныс аударылған этностардың ұрпақтарына тигізген моральдық және психологиялық зардаптары терең талданады. Кеңестік биліктің зорлық-зомбылыққа негізделген қоныс аудару саясаты жүздеген мың адамды өз атақонысынан айыруы олардың әлеуметтік және мәдени дамуына ауыр соққы болып тиді. Депортация құрбандарының ұрпақтарында жиі кездесетін психологиялық проблемалар, оның ішінде тарихи травма, өзінің этникалық тамырларынан ажырау, сәйкестікті іздеу, жалғыздық сезімі және ұжымдық естеліктердегі қайғы-қасірет сияқты мәселелер кеңінен зерттелген. Мақалада сонымен қатар, саяси репрессиялар мен депортацияның ұрпақтар санасына тигізген кері әсерлерін азайту үшін психологиялық қолдау мен тарихи жадыны сақтау, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайту шараларының маңыздылығы атап өтілген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бүгінгі күні депортация құрбандарының ұрпақтары арасында өткеннің ауыртпалықтарын сезіну, тарихи әділеттіліктің қалпына келуі, естеліктерді жаңғыртуға және мәдени мұраны сақтауға деген сұраныс жоғары деңгейде сақталуда. Осы орайда, саяси репрессия мен депортацияның тарихи маңыздылығы және оның заманауи қазақстандық қоғамдағы рөлі, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және ұлттар арасындағы әлеуметтік және мәдени келісімді нығайтуға бағытталған іс-шаралардың маңыздылығы жан-жақты қарастырылады.

Кілт сөздер: Депортация, саяси репрессия, тарихи психология, психологиялық әсер, ұрпақтар тәжірибесі, тарихи әділеттілік.

Джалилов Асан Махмедович

Докторант PhD Международного казахско – турецкого университета им. Х.А. Ясави

e-mail: amari_dzhalilov@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-9342-6171>

Шашаев Аuezхан Кадиржанович

Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

e-mail: shashaevaezhan@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>

Мулдахметова Жанар Искандеровна

Кандидат исторических наук, старший преподаватель

Южно – Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова

e-mail: zhanar_0869@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-4322-0543>

МОРАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ ДЛЯ ПОТОМКОВ ЖЕРТВ ДЕПОРТАЦИИ

Аннотация

В научной статье проводится глубокий анализ моральных и психологических последствий, оказанных на потомков этносов, насильственно переселённых в Казахстан в результате политических репрессий и депортаций 1930–1950-х годов. Политика переселения, основанная на насилии со стороны советской власти, лишила сотни тысяч людей их исконных земель, что стало тяжёлым ударом по их социальному и культурному развитию. В статье подробно изучаются психологические проблемы, часто встречающиеся у потомков жертв депортации, включая историческую травму, разрыв с этническими корнями, поиск идентичности, чувство одиночества и скорбь, отражённую в коллективной памяти. Кроме того, подчёркивается важность психологической поддержки, сохранения исторической памяти и укрепления преемственности между поколениями для снижения негативных последствий политических репрессий и депортаций. Результаты исследования показывают, что сегодня среди потомков жертв депортаций сохраняется высокий уровень восприятия бремени прошлого, стремления к восстановлению исторической справедливости, актуализации воспоминаний и сохранению культурного наследия. В этой связи рассматривается историческая значимость политических репрессий и депортаций, а также их роль в современном казахстанском обществе. Особое внимание уделяется мероприятиям, направленным на восстановление исторической справедливости и укрепление социального и культурного согласия между народами.

Ключевые слова: Депортация, политические репрессии, историческая психология, психологическое воздействие, опыт поколений, историческая справедливость.

Jalilov Assan Makhmedovich

Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University PhD Doctoral student

E-mail: amari_dzhalilov@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-9342-6171>

Shashayev Auezkhan Kadirzhanovich

Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Associate Professor

Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology

e-mail: shashaevaezhan@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>

Muldakhmetova Zhanar Iskanderovna

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor.
South Kazakhstan research University was named after M. Auezov
e-mail: zhanar_0869@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-4322-0543>

THE MORAL AND PSYCHOLOGICAL CONSEQUENCES OF POLITICAL REPRESSIONS FOR THE DESCENDANTS OF DEPORTATION VICTIMS

Abstract

This scientific article provides an in-depth analysis of the moral and psychological consequences experienced by the descendants of ethnic groups forcibly resettled to Kazakhstan as a result of political repressions and deportations during the 1930s–1950s. The resettlement policy, rooted in violence by Soviet authorities, deprived hundreds of thousands of people of their ancestral lands, dealing a severe blow to their social and cultural development. The article thoroughly examines the psychological issues commonly observed among the descendants of deportation victims, including historical trauma, disconnection from ethnic roots, identity searching, feelings of loneliness, and grief reflected in collective memory. Additionally, the importance of psychological support, preserving historical memory, and strengthening intergenerational continuity is emphasized as a means to mitigate the negative impacts of political repressions and deportations. The study's findings indicate that today, the descendants of deportation victims continue to feel the burdens of the past, with a strong desire for the restoration of historical justice, revitalization of memories, and preservation of cultural heritage. In this context, the article explores the historical significance of political repressions and deportations, as well as their role in contemporary Kazakhstani society. Special attention is given to initiatives aimed at restoring historical justice and strengthening social and cultural harmony among nations.

Keywords: Deportation, political repressions, historical psychology, psychological impact, generational experience, historical justice.

Кіріспе

XX ғасырдың бірінші жартысында КСРО-да саяси репрессиялар мен этникалық депортациялар кең көлемде жүргізілді. Бұл құбылыстар мемлекет ішіндегі саяси жағдайды тұрақтандыру және билікке қауіп төндіретін қауымдастықтар мен жеке тұлғаларды жою мақсатында ұйымдастырылды. Алайда, репрессиялар мен депортациялар тек қана қоғамдағы оппозицияны басып қана қоймай, сонымен бірге жеке ұлт өкілдерінің өмір сүру ортасын өзгертіп, олардың әлеуметтік құрылымы мен мәдени болмысына үлкен зиян келтірді. Қазақстан, сол кездегі КСРО-ның бір бөлігі ретінде, саяси репрессия мен депортацияның ең үлкен алаңдарының бірі болды. Қазақстан аумағына корейлер, немістер, шешендер, ингуштар, күрдтер және басқа да ұлт өкілдері депортацияланды. 1930-1950 жылдар аралығында Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтардың саны миллионнан астам адамды құрады. Бұл үрдіс жаппай мәжбүрлеп қоныстандыру мен саяси репрессияның ауқымын көрсетіп қана қоймай, қазақ халқының тарихына терең із қалдырды. Саяси репрессияның және депортацияның зардаптары тек сол кездегі адамдардың ғана емес, сондай-ақ олардың ұрпақтарының да өміріне әсер етті. Депортация құрбандарының ұрпақтарына ата-бабаларының басынан кешкен моральдық және психологиялық зақымдар кері әсер тигіздірді. Бұл құбылыс ұрпақаралық травма деп аталады және психология мен социология салаларында маңызды зерттеу нысаны болып табылады.

Қазақстанда өткен тарихтың ауыртпалығын сезінетін көптеген этникалық қауымдастықтар әлі де бар. Депортация құрбандарының ұрпақтары қазіргі кезде өздерінің этникалық және мәдени болмысын қайтадан анықтауға тырысып, психологиялық мәселелермен бетпе-бет келуде. Моральдық-психологиялық зардаптарды зерттеу қазіргі қоғам үшін де маңызды, себебі бұл зерттеулер арқылы біз ұрпақаралық травманың

салдарларын азайту, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және болашақта ұқсас жағдайлардан алдын алу шараларын әзірлей аламыз. Саяси репрессияның салдарын зерттеу тек тарихи маңыздылыққа ие емес, сонымен бірге әлеуметтік ғылымдар мен психология салалары үшін маңызды мәселе болып табылады. Репрессия құрбандарының ұрпақтары арасында кездесетін депрессия, үрей, сенімсіздік және өзіндік құнсыздану сияқты психологиялық проблемаларды зерттеу, оларды жеңуге көмектесетін тиімді психологиялық және әлеуметтік қолдау шараларын жасауға мүмкіндік береді. 1917 жылдан бастап бұрынғы КСРО-да сталинизм құрбандарының жалпы саны шамамен 40 миллион адамды құрады. Олардың ішінде тәркіленгендер, аштықтан қайтыс болғандар, қалалардан қуылған «тап жаулары», атылғандар, түрмеге жабылғандар мен лагерьлерге айдалғандар, сондай-ақ қоныс аударылған халықтар бар. Бұл дегеніміз – бүгінгі күні Ресейде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың миллиондаған ұрпақтары өмір сүруде. 1917 жылдан кейін Кеңес өкіметі ұнатпаған және қорыққан азаматтарды қудалау басталды, бірақ оларды өздерінің жаулары емес, «халық жаулары» деп атады. Алдымен бұл «жаулар» кулактар, дін қызметкерлері, бұрынғы артықшылықты таптардың өкілдері және зиялылар болды. «Буржуазия», «кулактар», «тап жаулары», олардың балалары, туыстары Ресей халқының айтарлықтай бөлігін құрағанын ескерсек, өз тағдыры үшін қорқыныш Кеңес Одағында көптеген адамдарды қамтыды деуге болады. 1920 - шы жылдардың аяғында Кеңес Одағында қарай Мемлекеттік террор күшейе түсті [1, 175 б.].

1930-1953 жылдар аралығында 3 778 234 адамға қатысты үкімдер мен қаулылар шығарылды, олардың 786 098-і атылды; басқа деректер бойынша, 1930-1953 жылдар аралығында ОГПУ-НКВД-МВД істері бойынша 3 851 443 адам сотталып, олардың 776 082-і ең жоғары жазаға кесілген. ГУЛАГ лагерлерінде 14 жылда (1934 жылдан 1947 жылға дейін) қайтыс болған тұтқындардың жалпы санының 516 841-і немесе 53,6%-ы үш жыл ішінде (1941-1943 жж.) қайтыс болды, ал қалған 446 925 тұтқын (46,4%) 11 жыл ішінде (1934-1940 және 1944-1947 жж.) қайтыс болды [2]. Басқа деректер бойынша, лагерьлерде, колонияларда және түрмелерде 21 млн адам қаза болған[3]. Бұрынғы тұтқын Ю. Марголин өзінің есептеулері бойынша, кеңестік лагерьлерде жылына шамамен 750 мың адам қайтыс болды [4, 425 б.].

1932-1933 жылдардағы аштық кезінде КСРО аумағында әртүрлі мәліметтер бойынша 4-тен 10,8 миллион адамға дейін, ал 1946-1947 жылдары 0,8-ден 2 миллион адамға дейін қаза тапқан. Жалпы, 1920-жылдардың соңынан 1953 жылға дейінгі репрессиялардан 25-30 миллион адам өткен. Большевиктік режим орнағаннан кейін бірден интеллигенцияға қарсы қуғын-сүргін басталды. «Философиялық кеме» деп Петроградтан Штеттингке 160-тан астам адамды, негізінен философтар мен университет оқытушыларын, алып барған екі неміс кемесі – «Oberbürgermeister Haken» (29-30 қыркүйек 1918 ж.) және «Prussia» (16-17 қараша 1918 ж.) аталды [2]. Л. Бронштейн бұл акцияны былай деп түсіндірді: «Біз бұл адамдарды ататын негіз жоқ болғандықтан, бірақ шыдауға да мүмкін болмағандықтан жер аудардық» [2].

1922 жылы 19 мамырда В. Ленин былай деп жазды: «Бұлардың барлығы айқын контрреволюционерлер, Антанта қолдаушылары, оның қызметшілері мен тыңшылары және студент жастарды азғырушылар. Оларды үздіксіз және жүйелі түрде аңдып, ұстап, шетелге жер аударуымыз керек» [2]. Бұл Ресейдің ойшыл интеллектуалды элитасын жоюдың бастамасы болып саналды.

В. Ленин террорлық саясаттың басты ұйымдастырушыларының бірі болды. Себебі Кеңес Одағындағы саяси репрессиялар тікелей оның нұсқаулары бойынша жүзеге асырылды. Бұл нұсқаулар жаппай террорды бастауға, жергілікті жерде сотсыз ату жазасын ұйымдастыруға, күдіктілерді концлагерьлерге қамауға және басқа төтенше шараларды қолдануға бұйрық берді. Мысалы, 1918 жылы 9 тамызда В. Ленин Пензенск губерниялық атқару комитетіне «Кулактарға, поптарға және ақ гвардияшыларға қарсы қатыгез жаппай террор жүргізу керек; күдіктілерді қаладан тыс концлагерьге қамау керек» деген нұсқаулар жіберді [2].

1918 жылы В. Лениннің жарлығымен КСРО-да таптық жаулар мен еркін ойлайтындарды қайта тәрбиелеу үшін алғашқы концлагерь Соловкиде құрылды. 1918 жылы 10 тамызда В. Ленин Пензенск губерниясындағы кулактар көтерілісін басу туралы телеграмма жіберіп, 100 кулакты дарға асуды, олардың бар бидайын тартып алуды және кепілдерді тағайындауды бұйырды. 1922 жылы 19 наурызда Саяси бюроға жіберілген нұсқаулардың бірінде В. Ленин былай деп жазды: «Бізге қалай болғанда да шіркеу байлығын ең шешуші түрде тәркілеу қажет»,... «қатал және ештеңеге қарамай, қысқа мерзімде. Біз реакциялық буржуазия мен реакциялық дінбасыларының мүмкіндігінше көп өкілін осы себеппен атуымыз керек. Біз бұл топты бірнеше ондаған жылдар бойы ешқандай қарсылық білдіре алмайтындай етіп үйретуіміз керек» [2].

В. Ленин қайтыс болғаннан кейін оның ісін И. Сталин жалғастырды. «Үлкен террор» 1930 – жылдары басталып, нәтижесінде В. Лениннің бұрынғы серіктестері, көптеген партия және әскери басшылар, жоғары дәрежелі шенеуніктер және қарапайым халық қудаланып репрессияға ұшырады. Ал 1937 жылдан кейін «халық жауларының» отбасы мүшелерін лагерьлерге белсенді түрде қамай бастады. Олардың көмелетке толмаған балалары балалар үйлеріне орналастырылды. XX ғасырдың 20 - жылдары басталған қасірет Екінші дүниежүзілік соғыстың кезінде де жалғасты. 1941 жылдан бастап КСРО - ның соғыстағы жеңісіне сенбейтіндер немесе неміс қаруының артықшылығы туралы айтқандар жеңілісшіл көңіл-күйде болды деп айыпталып, жауға көмектескені үшін жазаланды. Неміс тұтқынына түскендер, Отанына оралғаннан кейін он жылға лагерьлерге сатқындық жасағаны үшін сотталды. Соғыстан кейін Германияға мәжбүрлі жұмысқа шығарылғандар және соғыс кезінде немістер басып алған аумақтарда болғандар ұзақ мерзімге қамалды. Біріншілері ынтымақтастықта болды деп күдіктенді, екіншілері Еуропадағы өмірді көріп, оны КСРО-дағы өмірмен салыстырмауы үшін абайлады. Кінәсіз сотталғандардың көпшілігі айып батальондарында қаза тапты [2].

Большевиктердің өз халқына қарсы жасаған геноциді мен Холокост адамзат тарихындағы ең ауыр және қайғылы қолдан жасалған апаттар қатарында саналады. Бұл оқиғалар соншалықты жантүршігерлік болғандықтан, олардың мәнін түсіну қарапайым адам үшін, тіпті жылдар өтсе де, оңайға түспейді. 1930 жылдары Кеңес Одағындағы репрессиялар жүйесіз және бақылаусыз сипат алды. Енді кез келген адам «халық жауы» атанып, түрмеге жабылуы немесе лагерьлерге жіберілуі мүмкін еді. Көптеген айыптаулардың жалғандығы соншалық, оларға ресми түсінік беру қиын болатын. Мәселен, Сталиннің немесе кеңестік биліктің беделіне күмән келтірді деп қабылданған бір қалжың немесе әзілдің өзі қамауға алуға жеткілікті себеп бола алатын. Нәтижесінде репрессияға тек жеке тұлғалар емес, сондай-ақ бүтін ұлттар ұшырады. Репрессиялардың салдары өте ауыр болды. Сол ауыр салдарының бірі – репрессияға ұшыраған азаматтар және олардың ұрпақтарының моральдық - психологиялық травма алуы. Мақаланың жазылу мақсаты саяси репрессияның депортация құрбандарының ұрпақтарына тигізген моральдық - психологиялық зардаптарының нәтижесін анықтау. Бұл қазіргі таңда өте өзекті тақырып. Себебі репрессия мен депортация осыдан 70 жыл бұрын тоқтағанымен, оның зардаптарын кейінгі ұрпақтар да көруде. Қазіргі қоғамның әсіресе жастардың мемлекет институттарына сенбеуі, әлеуметтік оқшаулануы, өз мүдделерін қорғау дағдыларының төмендеуі, жауапкершіліктен бас тартуы депортация мен репрессиялардың тікелей салдары болып табылады.

Зерттеу әдістері мен деректер

Ғылыми мақаланы жазу барысында тарихи психологияның негізгі қағидаттары мен әдістері басшылыққа алынды. Ең алдымен, зерттеудің объективтілігі, толыққандылығы және нақтылығы қамтамасыз етілді. Материалдарды талдау барысында аналитикалық әдістер қолданылып, тарихи кезеңдерге бөлу, құжаттарды сипаттау және салыстыру мақсатында тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісі пайдаланылды. Сонымен қатар, айтылған тарих әдістері, яғни тарихи деректерді ауызша сұхбаттар арқылы жинау, сақтау және талдау тәсілдері қолданылды. Зерттеу дереккөздері ретінде ғылыми мақалалар, зерттеу нәтижелері, құжаттар

жинағы, естеліктер және көркем шығармалар қолданылды. Әсіресе, XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси репрессиялар мен депортация құрбандарының ұрпақтарына тигізген моральдық-психологиялық зардаптарын зерттеу барысында Б.И. Ракишева редакциясымен шыққан «Депортация народов в Казахстан в 1930-1950 гг.: общность истории (интервью с пострадавшими от депортаций в 1930-50 годы в Казахстан)» еңбегі кеңінен пайдаланылды [9, 683 б.]. Бұл монографияда депортацияға ұшыраған азаматтар мен олардың ұрпақтарының сұхбаттары жарияланған, жалпы 16 ұлт өкілдерінің сұхбаттары қамтылған. Сонымен қатар, 2014 жылы үш томдық «Из истории депортаций. Казахстан. 1935–1939 гг.: сборник документов» құжаттар жинағы жарық көрді [13, 740 с.]. Бұл жинақта Қазақстанға халықтарды депортациялау тарихы архив құжаттары негізінде зерттелген. Жинақта Қазақстанның барлық архивтерінен алынған маңызды құжаттар жарияланған, олар зерттеудің дереккөздері ретінде кеңінен қолданылды.

Талқылау

1956 жылға дейін және 1964-1988 жылдары аралығында коммунистік тоталитарлық режимнің, соның ішінде жаппай саяси қуғын сүргінді зерттеуге мемлекет тарапынан рұқсат берілмеді [5, 104 б.]. 1956-1964 жылдардағы Н.Хрущевтің «жылымығы» кезінде тоталитарлық биліктің туралы айтуға рұқсат етілгенімен, жүйенің дұрыстығына күмән келтіруге болмайтын еді. Дегенмен, Н.С.Хрущевтің ішкі саясатының арқасында заңсыз репрессияға ұшырағандар ақталды, бұл миллиондаған адамдарға жеңілдік әкелді. Н. Хрущевтің билігі тұсында 1962 жылы сталиндік террор туралы алғашқы шынайы басылым – А.И. Солженицыннің «Иван Денисовичтің бір күні» [6] повесі жарық көрді.

1980-ші жылдардың соңында М. Горбачевтың билігі кезінде демократиялық үрдістер күшейіп, азаматтардың ұлттық санасы ояна бастады. Нәтижесінде жылдар бойы сақталып келген үнсіздік тағы да бұзылды және екінші рет өткенді түсіну үрдісі басталды. Саяси цензураның әлсіреуі барысында В.Т. Шаламовтың «Колыма әңгімелері» (1987), А.И. Солженицынның «ГУЛАГ Архипелаг» (1989) сияқты көптеген естеліктер жарияланды, оларда лагерьлердің құрылысы, тұтқындардың өмірі мен қарым-қатынастары сипатталған. А.И. Солженицын террордың түп-тамырларын, оның мәні мен оны жүзеге асырған репрессивті жүйені егжей-тегжейлі талдады [7] [8].

А.Н. Рыбаков «Арбаттың балалары» (1987), Н.Я. Мандельштам «Естеліктерде» (1990), Е.С. Гинзбург «Қатал маршрутта» (1991), Е. А. Керсновская «Жартастағы сурет» (1991) жаппай террор кезіндегі жекелеген адамдар мен отбасылардың өмір тарихын сипаттады. 1989-1999 жылдары Ресейде сталиндік кезең туралы көптеген еңбектер жарияланды. XX ғасырдың 20 – 50 жылдардағы қасіреттің шынайы ауқымы алғаш рет бүкіл халыққа белгілі болды. Осы жағдайларда оқиғаның куәгерлері өз естеліктерін қалдыруға асықты, ал қайтыс болғандардың туыстары жақындарының өмірі туралы шындықты жеткізуге тырысты. Ғылыми мақалада Ресей зерттеушілері В.Н. Земсковтың және А.Г. Вишневскийдің зерттеулерінің нәтижелері қолданылды. В.Н. Земсков 1980-ші жылдардың аяғында алғашқылардың бірі болып ғылыми тұрғыда депортацияның себептері, барысы мен салдарын зерттеді [2]. Ал А.Г. Вишневский статистикалық деректерді қолдану арқылы сталиндік репрессиялардың КСРО демографиясына тигізген зардаптарын талдады [3].

Өкінішке орай, елімізде Кеңес Одағындағы саяси репрессиялар мен депортацияның зардаптары зерттелгенімен, тарих ғылымының психологиясы ғылым ретінде енді қалыптасуда. Себебі әуелі бастан КСРО - да тарих психологиясының ғылым ретінде дамуына мемлекеттің идеологиясы қарсы болды. Тәуелсіздік алған жылдары тарихшы ғалымдар тарих ғылымындағы ақтандақтарды жоюға кірісті. Нәтижесінде көптеген өзекті тарихи оқиғалар жаңа шынайы объективті көзқараспен жазылып, тарихи шындық қалпына келтірілді. Дегенмен, Г.Б. Козгамбаева [11] өз зерттеулерінде Қазақстанға депортацияланған халықтардың күнделікті өмірі мен депортацияға ұшыраған халықтардың Кеңес билігіне көзқарасын талдау жасады.

Ал Ресей тарихшылары XX ғасырдың 90 - жылдары тарих ғылымын тарихи методология және пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы дамытуға кірісті. Сондықтан, осы ғылыми мақаланы жазу барысында Ресей ғалымдарының еңбектері қолданылды. Мақалада тарих психологиясының ғылым ретінде қалыптасуына елеулі үлес қосқан К.В. Солоедтың [1] және психолог Н.В. Чинакованың [12] ғылыми зерттеулерінің нәтижесі кеңінен пайдаланды. Ал, XXғ. 30 - 50 жылдардары репрессияларды зерттеу барысында В.Н. Земсковтың [2], Ю.Н. Морголиннің [4], А.Н. Яковлевтың [16], Ю.Н. Афанасьевтің [15] және т.б. зерттеуші және жазушылардың еңбектері қолданылды.

1918 жылы адамдардың үлкен топтары мен тұтас халықтарды күштеп қоныс аудару басталды. Алғашқы құрбандары Терск облысының казактары болды, олар 1920 жылы өз үйлерінен шығарылып, Солтүстік Кавказдың басқа жерлеріне, Донбассқа, Қиыр Солтүстікке жіберілді, ал олардың жері шешендер мен ингуштарға берілді. 1930 жылдардың ортасында Ленинградта көптеген эстондықтар, латыштар, литвалықтар, поляктар, финдер және немістер тұтқындалды. Польша шекарасына жақын аумақтардан 65 мың неміс пен поляк Украинадан Солтүстік Қазақстан мен Қарағанды облысына қоныс аударылды. 1937 жылдың қыркүйегінде 172 мың корей этносы Қиыр Шығыстың шекара маңындағы аймақтарынан шығарылды. 1941 жылдың маусымында Литва, Латвия, Эстония және Молдавия КСР-інен шамамен 75 мың адам қуғындалды. Отбасылары Сібірге, арнайы қоныстарға жіберілді, ал отбасылардың басшылары лагерьлерге жіберілді. 1941 жылы 367 000 неміс Коми Республикасына, Оралға, Қазақстанға, Сібірге және Алтайға депортацияланды. Немістер әрекет ететін армиядан қайтарылды. 1942 жылы . оларды еңбек армиясына мобилизациялау басталды. Сол лагерьлерде олар зауыттар салды, орман ағаштарын кесіп, кеніштерде жұмыс істеді. 1943-1944 жылдары қалмақтарды, ингуштарды, шешендерді, қарашайларды, балқарларды, қырым татарларын, ноғайларды, месхеттік түріктерді, понтийлік гректерді, болгарларды, қырымдық сығандарды, күрдтерді – негізінен халықтың барлығын сатқындық жасады деген айыппен жаппай депортациялау жүргізілді. Бұл халықтардың автономиялары (бар болса) жойылды. 1948-1953 жылдары Армян КСР-інен 100 мыңнан астам әзірбайжандықтар Әзірбайжан КСР-іне депортацияланды. Бұл сандар бүгінгі таңда Ресейде зорлық-зомбылықпен қоныс аударған адамдардың миллиондаған ұрпақтарының өмір сүріп жатқанын көрсетеді. Отбасылар кішкентай балаларымен бірге 24 сағат ішінде өз үйлерін тастап, жаңа қиын сапарға шығуға мәжбүр болды, кейде бұл сапар айлар бойы созылып, адам төзгісіз, антисанитарлық жағдайларда, мұқтаждықта, суықта өтті. Жаңа өмір көбінесе мұздатылған жерге жеркепе қазудан басталды. Қоныс аудару кезінде ауру мен аштықтан балалар, қарттар қайтыс болды, ал көшіп-қонғандар өмірінің соңына дейін осы қорқыныштан арыла алмады. 1948 жылы депортацияланған халықтарға туған жерлеріне қайтуға тыйым салатын жарлық қабылданды. Бұл жарлықты бұзғандар 20 жылға еңбек лагерьлеріне кесілді. Осылайша, көптеген адамдар өздерінің туған жерлеріне бару құқығынан айырылды [10]. 1953 жылы И. Сталиннен кейін КСРО-да билік басына Н.С. Хрущев келгеннен соң, Сталинизм дәуірі аяқталды. Кеңес Одағы Коммунистік партиясының XX съезрінде Н. Хрущевтің тарапынан И. Сталиннің мемлекет және партияны басқару әдістері қатаң сынға алынды. Депортация және саяси репрессияларға негізсіз ұшыраған азаматтарды реабилитациялау үрдісі басталды.

Нәтижелер

Депортацияға ұшыраған азаматтар үшін ең алғашқы әсерлер – өзінің туған елді - мекендерін тастап мәжбүрлі түрде басқа бейтаныс жерге баруы болды. Мысалы К.А. Магермова 1937 жылы Әзірбайжаннан Қазақстанға қалай депортацияланғанын есіне алады. Олар сол кезде ешқандай дайындықсыз, вагондарға мал сияқты тиеп жіберілген. Жолда көптеген қиындықтарға тап болған: аштық, суық және аурулардың салдарынан адамдар өмірден өтіп жатты, кейде оларды жерлеуге де уақыт болмады. Ата-анасының айтуынша, күз бен қыс айырығында ауа райы өте суық болып, жолаушылардың ешқайсысында жеткілікті киім болмаған. Тіпті адамдардың арасында киім-кешек, азық-түлік алуға үлгермегендер де

бар еді. Олар мүмкіндігінше тірі қалуға тырысты. Қазақстанға жеткенде, олардың отбасын Үштөбеге орналастырды, содан кейін Киров ауылына, Светлосовхоздың бірінші бөлімшесіне қоныс аударды. Сол жерде әр отбасыға өздеріне арнап тұрғызатын жеркепелер берілді, олар жаңа қоныста жаңа өмір бастады. Магерамованың айтуынша, тіршіліктің қиындығынан әртүрлі өсімдіктерді азық етуге тура келді. Кейде сабан жағып, кейде көкпек секілді өсімдіктермен азықтанып күн көрген. Жаңа ортада еңбеккор адамдар ауыртпалықтарға қарсы тұрып, кеңшарларда белсенді жұмыс істеді, сөйтіп өз жағдайларын жақсартуға тырысты. Магерамованың ата-анасы да осындай жұмысқа белсене атсалысты. Магерамованың өзі мен ағасы да, кішкентай болса да, отбасының ауыртпалығын бөлісіп, кеңшарда жұмыс істеді. Олар егістік алқабынан масақтардың қалдықтарын жинап, анасының қосымша нан пісіруіне көмектесетін. Сол нанды базарда сатып, өздеріне қажетті басқа азық-түлікпен айырбастайтын, өйткені берілген азықпен тамақтану қиын еді [9, 19 б.].

Психологиялық зақымдар. Депортацияға ұшыраған азаматтар үшін депортация жөніндегі оқиғаларды айту және еске алу қиынға соғады. 1944 жылы Қабарда-Балқар Автономиялық Республикасынан депортацияланған Х.Д. Месиров сол ауыр күндер туралы еске алып, себептерін түсіндіреді. Месировтың айтуынша, халықты көшіру партияның нұсқауы бойынша жүзеге асқан, бірақ не себепті көшіріліп жатқандарын ешкім түсінбеді. Бұл уақытта Сталиндік репрессиялар туралы сөз болғанымен, нақты мақсат пен себептер беймәлім еді. Қатаң әдістермен үйлерінен қуып, адамдарды көлікке салып алып кетуге мәжбүрлеген. Осы депортация 1944 наурыздың 8-і күні басталды. Месировты және оның жақындарын машиналарға отырғызып, белгісіз бағытқа алып кетті. Жолдағы қиындықтарды айта келе, ол пойызда 20 наурызға дейін жүргенін айтады. Күн суық, аштық пен шөлде қатты қиналғанын еске алады. Пойыз тоқтағанда, таңертең немесе түн ортасында вагондарға азық әкеліп отырды: шамамен 20 вагонға екі шелек ботқа мен бір қап кепкен нан ғана берілді. Бұл ботқа сұйық әрі дәмсіз болып, тек аштықтан қорғануға ғана жарайтын. Осы бір жалғыз ыстық тамақты күніне бір рет қана беретін, ол ботқаны арнайы екі адам дайындап отыратын. Бұл азапты сапарда олар 12 күн бойы сусыз қалды. Депортация басталатындығы туралы қауесет те болған еді. Бір жиналыста билік өкілдері барлығын жинап, тек қарақшылардың отбасыларын қоныс аудартатынын, ал қарапайым халыққа тиіспейтінін мәлімдеген. Қауіп төніп тұрғандай көрінгенімен, көпшілік өздерін қауіпсіз сезінді. Алайда, 8 наурыз күні депортация кенеттен басталып, барлық адамдарды, оның ішінде «тиіспейміз» дегендерді де көшіруге кірісті. Сол кезде ғана олар өздерінің де сталиндік репрессияның құрбанына айналғанын түсінді [9, 41 б.].

Репрессияланған азаматтардың кеңестік жүйеге көзқарасы және өткенді бағалау. Депортация және саяси репрессияға ұшыраған азаматтардың Кеңестік жүйеге көз – қарасы және өткенді бағалау көбінесе әлеуметтік шығу тегіне байланысты болды. Мысалы, ескі большевиктердің, жоғары лауазымды партиялық функционерлердің, халық комиссарларының, чекисттердің балалары өз ата – аналары және туысқандарының революцияға, ақтарды жоюға, әскери әрекеттерді басқаруға, кулактарды тәркілеуге, комсомолдарға, революциялық әскери кеңеске, Ішкі істер халық комиссариатының басқармаларына қатысқандарын мақтанышпен еске алады. Шынында да, оларда ата-аналарының өлтірулерге, тонауларға, бөгде мүліктерді тәркілеуге қатысқандығына байланысты басқа түрде ойлауға немесе уайымдауға негіз болған жоқ. Мұндай көзқарас 1956 жылдан кейін қоғамда большевизмді және оның көсемдерін идеализациялау бағыты алынғанымен сәйкес болды. Егер большевиктердің отбасыларында тұтқындаулар болып жатса, онда көбінесе түсініспеушілік, қисынсыз қате сезімі туындайтын. Өзін большевизммен, билікпен және оның құндылықтарымен сәйкестендірген адамдардың шындықты қабылдамауы соншалық, олар өздерін «қарапайым өліктер» ретінде «халықтың жаулары» қатарына қосылғандарына сенбеді. Ю. Марголин жазғандай, оларға болған жағдайдың мәнін түсіну үшін бірнеше жыл қажет болды. Халық комиссарының қызы, әкесінің сотта соңғы сөзіндегі: «Мен барлығын білгеннен кейін, өмір сүруге ынтам жоқ. Ал

менің балаларым Интернационалмен бірге ән айтсын» деген сөздерін есінде сақтағанын айтты. Тағы бір революционердің қызы өз әкесінің, танымал революционердің, 1920 жылдары казактарды жоюға қатысқаны туралы мақтанышпен еске алды [10].

Келесі бір коммунистік партия қызметкерінің ұлы жоғары лауазымды партиялық қызметкер, бұрынғы кеңестік республикалардың бірінде білім министрлігін басқарған, мәдениет саласында кеңестік режимге қарсы тұрған тұлғаларға қарсы күреске қатысқан, жергілікті тілдің жойылуына қарсы күресті басқарған әкесімен мақтанды. Ұлдың пікірінше, әкесі «ұлтшылдармен және саяси тұрғыдан адасып жүрген адамдармен күресуге көмектесті» [10]. Жаңа өмір иелері, негізінен, ең кедей отбасылардың өкілдері, тек пәтерлер мен материалдық құндылықтарды ештеңе айтпай ұрлаумен ғана шектелмей, бұрынғы элитаның мәнерлерін және салт-дәстүрлерін өздеріне үйренуге тырысты. Сондықтан «ескі большевиктердің» балалары революциядан кейінгі байлықты және өмір сүру тәртібін бұрынғы дворяндықтардың үлгісімен сипаттады. Көп жағдайда, отбасыларының қанқұйлы тарихына қарамастан, және олар өздері режимнен зардап шексе де, ата-аналарымен сәйкестендіру арқылы кеңестік және революциялық идеалдарға адал қалды. Кейбіреулерінде өткенді идеализациялау мен Сталинге және оның серіктестеріне деген жек көрушілік арасындағы бөліну қабылдауы болды. Қарапайым отбасылардан шыққан балалар саясаттың шынайы мәнді тезірек ұғынды, және дереу олар өздерін де, басқаларды да еш себепсіз жазаланып жатқанын түсінді. Мемлекет Ішкі істер халық комиссариатының көмегімен құл еңбегін пайдаланып отырғаны, ал елде адамдарды алдайтын қорқынышты алаяқтықтың бар екені, бірақ ол туралы айтуға болмайды дегенді түсіну оларға әлдеқайда жылдам жетті. Бұдан да жылдам бұл түсінікті бақытты еуропалық елдерден лагерлерге түскен шетелдіктер түсінді, олардың санасы жиырма жылдық пропагандистік жалғандықпен тұманданған жоқ. Бір тұтқын «лагерден оралған соң, өмірінің бәрін төмен қарап өткіздім» деді [10].

Оңтүстік өңірге Грузиядан депортацияланғандар арасында Исмайл Саникидзе кеңестік билікке қарсы антикеңестік пікірін ашық айтқан. Ол: «Кеңес үкіметі күш қолдану арқылы Кавказдан көптеген халықты, соның ішінде біздерді де көшірді. Олар Қазақстанға келгенде біздің өміріміз жақсарады деп уәде берді. Алайда, олай болмады, олар бізді алдады». Егер кеңестік билік болмағанда, біз жақсы өмір сүрер едік деген пікірі айтты [11, 11 б.].

Депортация құрбандарына және олардың ұрпақтарына қуғын - сүргіннің тигізген моральдық - психологиялық зардаптарын Н.В. Чинакова зерттеген [12]. Н. В. Чинакованың зерттеуіне сәйкес, депортация құрбандары және олардың ұрпақтарында келесі психикалық зақымдар болады:

- Зақымның кез келген түрі сияқты, зақымданудан есегіреу жалпы энергия деңгейінің төмендеуіне әкеледі.
- Эмоционалдық реакциялардың қарама - қайшылығы.
- Адам екі жақты бейім - эмоциясыз болуға немесе шоктық эмоцияларға толы болады. Зақымданудан есегіреу байланыс орнату қабілетіне де кері әсер етеді. Мұндай адам қарым-қатынас орнатудан қашады немесе тым жақын қашықтықты қалайды.
- Стресспен күресу қабілетінің төмендеуі. Зақымданудан есегіреу кезінде нерв жүйесінің жұмысын қайта құрылымдайды. Нерв жүйесінің жұмысын бұзады.
- Серіктестік, әлеуметтік функцияларды және ата-ана міндетін орындау қабілетінің төмендеуі. Өз эмоцияларын бақылау қиынға соққан кезде балаларға зорлық көрсету немесе олардың қажеттіліктеріне жауап беруге қабілетсіздік.
- Әртүрлі ауырлық дәрежесіндегі психикалық ауытқулар [12].


Көбінесе депортацияға ұшыраған адамдар өзін тірі адам ретінде сезінбейді. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Н.К. Надиров депортацияға ұшыраған кезін еске алады, ол кезде небәрі 5 жаста болған екен. Надировтың айтуынша, олардың ауылына әскерилер келіп: «Сіздерге басқа мекенге көшу үшін бір тәулік беріледі» деп хабарлайды. Тұрғындарға ешқандай айыптау, тергеу немесе сот жүргізілместен, тек күрд ұлтының өкілдері болғаны

үшін көшу бұйырылды. Олар тек ең қажетті заттарды алуға нұсқау алды, себебі ертесіне вагондарға тиіп алып кетеді деп мәлімдеді. Надиловтың отбасының үлкендері осы сөздерді әлі күнге дейін еске алады, әсіресе «тиеу» деген сөзді – бұл адамдарға емес, заттарға немесе қоқысқа қарата айтылғандай естілген. Олар үшін белгіленген «жаңа мекеннің» қайда орналасқанын ешкім түсіндірмеді, ал қыс жақындап қалғандықтан, қандай жағдайларда өмір сүретіні және қандай заттар ең маңызды болатыны да айтылмады. Есік жабылып, әскерилер кеткен бойда, Надиловтың анасы үлкен балаларының көмегімен қажетті заттарды жинай бастайды. Ауыл тұрғындары чемоданның не екендігін де білмейтін. Сондықтан барлық керекті заттарды түйіншекке, төсек-орынға орап, жіппен байлап қойған. Белгісіздікке аттана отырып, олар жаңа мекенге қайғыдан басқа ештеңе ала алмас еді. Бірақ, ең соңында, адамдар тек ұлттың үміті – балаларды ғана сақтап қалуға ұмтылды [13, 655 б.].

Сонымен қатар, зақымданудан есеңгіреу кезінде ерекше өзгерген шындық жағдайы пайда болады. Уақытты қабылдау өзгереді. Психикалық травма адамның өмірін «бұрын» және «кейін» деп бөледі. Адам өзінің бұрынғы қалпына орала алатынына сенбейді. Идентификалық өзгеруі орын алады. 1936 жылы Украинадан депортацияға ұшыраған поляк этносының өкілі В.Б. Кайданович сол кездегі жағдайды ерекше толқып еске алады. Ол кезде адамдардың көпшілігі жер аударылатынын білмеген, кенеттен келген бұл бұйрық бәрін дүр сілкіндірді. Бұл жаңалықты қабылдау өте қиын болды: ең алдымен қорқыныш сезімі басты. Жақындары да, ауылдастары да алғашында қайда бара жатқандарын түсінбеді, ал Қазақстан туралы ешкімнің нақты түсінігі болмады. Қазақстанның қаншалықты алыста екенін білсе де, ол жұмбақ әрі қорқынышты мекен ретінде қабылданды. Сол кездегі адамдар үшін бұл жер қазіргі замандағы Африкадай алыс әрі түсініксіз көрінді. Оларға бару керек деген бұйрық түскенде, әрине, адамдардың көңілінде «неге?» деген сұрақ туды. Бірақ В.Б. Кайдановичтің айтуынша, туыстарының арасында ешкім бұл сұрақты билікке қоя алған жоқ. Олар бұйрықтарды үнсіз орындап, тағдырға мойынсұнды. Бәрі тез арада жиналып, белгіленген тізімге жазылды да, сапарға дайындала бастады. Қорқыныш пен белгісіздікке толы бұл сапар оларды алыстағы Қазақстанға бастап апарды [9, 533 б.].

Депортацияның кейінгі ұрпақтың өмір сапасына әсері. Екінші және үшінші ұрпақтағы өңделмеген психологиялық зақымдар эмоционалдық қиындықтар ретінде көрінеді. Репрессияға ұшырағандардың балалары өз сезімдерін түсініп, көрсете алмайды немесе басқалардың сезімін түсініп, ортақтасуда қиындық көреді. Балалық шақтағы зорлық-зомбылық пен немқұрайдылық тәжірибелері оларда тәуелділік пен тәуелсіздікке қарсы тұру сияқты күрделі мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады. Депортация мен репрессиялардың кейінгі ұрпақтың өмір сапасына әсерін Н.В. Чинакова жан – жақты зерттеп, анықтаған.

Кесте № 1. Депортация мен репрессияның кейінгі ұрпақтың өмір сапасына әсері. (Н.В. Чинакованың зерттеулері бойынша) [12]



Депортацияға ұшырағандардың бойында жоғарыда келтірілген әсерлердің болғанына 1941 жылы Украинадан депортацияланған неміс ұлтының өкілі С.В. Вензельдің сұхбаты дәлел бола алады. Оның сұхбатында әлеуметтік оқшауланудың күшеюін айқын байқауға болады. С.В. Вензель еске алады: “Шетелдермен хат алмасу 1970 жылдары болған сияқты. Бізге анамның немере сіңлісі жазды ма, әлде біз оны тауып алдық па, білмеймін, бірақ іздеу әрдайым жүріп жатты. Дегенмен, әрдайым көзге түсемін ба деген үрей болатын. Шынын айтсам, бұл үрейді әлі күнге дейін Ресейде адамдардың бойынан көріп жүрмін. Қарапайым адамдармен сөйлескенде, олардың бойында әлі де үрей бар екенін байқайсыз. Азияда болса, ол үрей сәл басылған, себебі ол жақта мүлдем басқа ахуал қалыптасқан: онда соғыс болған жоқ, көзқарас та басқаша болды. Осы жерге көшіп келгенде, немістерге деген қарым-қатынастың Азия республикаларына қарағанда өзгеше екенін байқадым” [9, 460 б.]. С.В. Вензельдің бұл пікірі шетелмен байланысты сақтаудың қаншалықты күрделі болғанын, алыс - жақын туыстарын іздеу кезінде төнген қауіпті жағдайларды көрсетеді.

Депортация И. Сталиннің тұсында жүзеге асқаны белгілі. Дегенмен депортация құрбандарының арасында И. Сталин қайтыс болғанда қайырғырғандар да аз емес еді. Бұл құбылыс адамдардың өз болашағы үшін үрей және қорқынышты білдіреді. Себебі И. Сталин қайтыс болғаннан соң, депортацияға ұшырағандар депортацияның жаңа толқынының басталуынан қорықты. 1937 жылы Ресейдің Қиыр Шығысынан депортацияланған Г.В. Теннің сұхбатынан И. Сталин қайтыс болған кезде депортацияға ұшырағандардың көңіл-күйін анық байқауға болады. Г.В. Тен сол кездегі оқиғаларды былайша баяндайды: “Мен 8-сыныпта оқып жүргенде Сталин қайтыс болды. Бұл біз үшін үлкен қайғы еді,” - деп бастайды ол. Бұл жағдай олардың отбасына терең әсер етті. Әжесі сол кезде алпыс жаста болған екен, және Сталиннің өліміне қатты қайғырып, күні бойы көз жасын тыя алмаған. Теннің айтуынша, әжесі: “Мен не үшін өмір сүремін? Мен өлгенім жақсы еді, неге ол қайтыс болды?” - деп қайта-қайта айтады. Осылайша, әжесі мен отбасы үшін Сталиннің қазасы ауыр қайғылы оқиғаға айналады, ол күні бойы көз жасын төгіп, өз өмірінің мәнін жоғалтқандай сезінді. Сол қайғы бүкіл отбасына тарады. Сол күні олардың үйінде аза тұту күні болып, мектепте де сабақтар тоқтатылды. Г.В. Теннің айтуы бойынша мектепте де мұғалімдер мен оқушылардың көңіл-күйі өте ауыр болды. Г.В. Тен Сталиннің өлімінен кейін оның орнына кім келетінін ойланып, бұл туралы мұғалімінен сұрағанда, тарих пәннің мұғалімі оны қатты сөгіп: “Сен қалай ондай сұрақ қоя аласың? Оны біреу алмастыра алады деп ойлайсың ба? Біз тұл жетім қалдық,” - деп жауап берген [9, 235 б.]. Бұл сөздер Сталиннің қарапайым халықтың өмірінде ерекше орын алған тұлға ретінде сипаттайды. Сталиннің қайтыс болуы Г.В. Тен сияқты депортацияға ұшыраған көптеген адамдар үшін эмоционалды қайғылы сәт болып қалды десек болады, олардың жүрегінде бос орын қалдырды. Өкінішке орай, депортация мен саяси репрессия тек қуғын – сүргінге ұшыраған азаматтардың психологиясына ғана әсер етпейді. Саяси репрессиялар қоғам санасына да кері әсері тигіздіріп, қоғамның толыққанды дамуына айтарлықтай кедергі келтіреді. Депортацияның және саяси репрессиялардың қоғам санасына әсерін Н.В. Чинакова зерттеп, әсерлердің түрлерін жіктеген [12].

Кесте № 2. Депортацияның және саяси – репрессияның қоғам санасына әсері. (Н.В. Чинакованың зерттеулері бойынша) [12]

Әсердің жіктелуі	
Сенім жоғалту	Саяси репрессиялар мен депортация кезінде және одан кейін адамдар мемлекеттік институттарға, үкіметке және бір-біріне деген сенімін жоғалтады. Бұл созылмалы саяси оқшаулануға және әлеуметтік ыдырауға әкелуі мүмкін.

Ұжымдық травма	Репрессивтік зорлық ұжымдық жадта терең психологиялық травмаларды қалдырады. Бұл травмалар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, әділетсіздік, реніш және кек алу сезімдерін күшейтеді.
Қоғамның поляризациясы	Зорлық-зомбылық қоғамдағы қарама - қайшылықтарды тереңдетіп, оны қарама-қарсы топтарға бөлуі мүмкін. Бұл этникалық, діни немесе саяси қақтығыстарды тудырып, келісім мен ұзақ мерзімді бейбітшіліктің орнауына кедергі жасайды.
Азаматтық белсенділіктің төмендеуі	Депортациядан қорқу жағдайында азаматтар өз пікірін білдіруге немесе мемлекеттің саяси-қоғамдық өмірге қатысуға ықпалсыз болады. Бұл демократиялық үрдістерді әлсіретіп, азаматтық қоғамның дамуына кедергі келтіреді.
Қорқыныштың мұрасы	Репрессивтік режимдер жүргізген саясат болашақ ұрпақтарға қорқыныш пен бағынуды мұра етіп қалдыруы мүмкін. Болашақ ұрпақ билік институттарынан қорқып өсіп, қарсылық көрсетуге немесе наразылық білдіруге бейімсіз болады.
«Ми» көші-қоны және демографиялық мәселелер	Жаппай депортациялар адамдарды қауіпсіздік іздеп эмиграциялауға мәжбүрлейді, бұл адам капиталынан айырылуға, экономиканың әлсіреуіне және демографиялық қиындықтарға әкеледі.
Экономикалық салдарлар	Депортация үрдісі экономикаға ауыр соққы беруі мүмкін, себебі құғын-сүргін кәсіпкерлерге, зиялыларға және қоғамның басқа да категорияларына бағытталады. Бұл экономикалық тоқырауға және кедейлікке әкелуі мүмкін.
Әлеуметтік және мәдени деградация	Азаматтардың шығармашылық бостандығын басу - мәдениет пен ғылымның құлдырауына, сондай-ақ қоғамдық бастамалар мен бірегейліктің жойылуына әкеледі.

Н.В. Чинакова зерттеуінің нәтижелерімен толық келісуге болады. Себебі қазіргі таңда азаматтардың арасында мемлекеттік институттарға, үкіметке сенбеушіліктің көрсеткіші басқа мемлекеттермен салыстырғанда жоғары болып есептеледі. Сондай-ақ, қазіргі қоғамда Кеңес Өкіметіне реніш әлі күнге дейін сақталып келеді. Мысалы, 1936 жылы В.М. Баумбах ата-анасымен бірге Украинадан Қазақстанға депортацияланды. Ол балалық шағын еске алып, сол кездегі Кеңес өкіметіне деген ренішін білдіреді. Мектепте сабақтар орыс тілінде өтетін, ал ол өз ана тілі неміс тілін ғана білетіндіктен, бұл оған үлкен қиындық туғызды. Сол кездері ол көшеге шыға бастағанда, өзінен алты жас үлкен бір бала оны үнемі мазақтап, кемсітетін. Сол баланың әкесі соғыста хабарсыз кеткен еді, ал ол Баумбахты "фашист" деп атап, үнемі тиісіп, жиі ұратын [9, 338 б.].

Депортацияға ұшыраған адамдардың басым бөлігі өз сенімін жоғалтса да, кейбіреулері үмітін үзбей өмір сүрді. 1944 жылы ата-анасы Шешен-Ингуш автономиялық облысынан депортацияланған А.В. Заурбекова сол кездегі адамдардың сенімі туралы былай еске алады: адамдар үмітпен өмір сүрді. Эшелондармен айдалып бара жатқанда да жұрт арасында «Сталин бәрін біледі, ол бізді осы құғын-сүргіннен құтқарады, келесі станцияда тоқтатып, кері жібереді» деген қауесеттер тарады. А.В. Заурбекованың әжесінің естелігі бойынша бір білімді және парасатты адам, бұл жағдайдың кездейсоқ еместігін айтып, былай деп ескерткен: «Соғыс уақытында мұндай шығындар бекерден болмайды. Бізді кері қайтарады деп ойламаңыздар. Бұл – қателік емес, бұл әдейі жасалған шара. Осыны неғұрлым ерте түсінсек, өмір сүруіміз соғұрлым жеңілдейді. Бұл – мемлекеттің жоспары. Сабыр сақтап, көну керек, бүгінгі күнді ойлаңыздар. Егер Алланың еркі болса, Кавказды тағы көреміз, бірақ

бүгін емес, ертең де емес» [9, 627 б.]. Осылайша, депортацияға ұшырағандардың кейбірі үмітпен болашаққа қараса, басқалары бұл жағдайды қабылдап, сабырмен өмір сүруге бейімделе бастады.

Отбасылық байланыстардың бұзылуы. Депортация барысында кейбір азаматтар қайтыс болып, ал кейбіреулері жазықсыз тұтқындалған болатын. Олардың балаларын балалар үйіне орналастырды, ал бауырлары мен әпкелерін бөлек, жиі әртүрлі балалар үйлеріне орналастырылды. Мемлекеттік органдар кішкентай балалардың фамилиясын өзгертіп, туыстарының оларды тауып алуына кедергі жасады. Балаларды ата-аналарынан халықтың жауы ретінде бас тартуға мәжбүрлейтін, фамилиясын өзгерту ұсынылды, пионерлер мен комсомолға қабылданбайтындығымен қорқытатын.

1942 жылы Ресейдің Краснодар өлкесінен Қазақстанға депортацияланған грек ұлтының өкілі Х.В. Кипритиди балалар үйіндегі өмірі туралы сұхбатында сол кездегі жағдайды былайша сипаттайды: «Мен және менің ағам, әпкем балалар үйінде тәрбиелендік. Біз еш жерде өзіміздің депортацияланған азаматтар екенімізді айтқан емеспіз, әйтпесе, бізге білім алуға мүмкіндік бермейтін еді. Репрессияға ұшыраған азаматтардың балаларына, әсіресе гректерге, оқуға тыйым салынатынын білесіз бе, оларды оқу орындарына жақындатпайтын да. Менде балалар үйінің тәрбиеленушісі деген анықтама болғандықтан, оқуға мүмкіндік туды. Сол анықтама арқылы мен үш оқу орнын бітіре алдым» [9, 67 б.]. Х.В. Кипритидидің әңгімесінен депортацияланған және репрессияға ұшыраған азаматтардың балаларына жасалған шектеулер мен қиындықтарды көруге болады. Алайда, балалар үйінің тәрбиеленушісі ретінде ол білім алып, өмірде өз жолын таба алған. Балалар үйінде тәрбиеленген депортацияланған отбасының бір қызы өз естелігінде ата-аналарынан бас тарту туралы өтініш жазғаннан кейін, өзінің және әпкесінің Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағына (комсомолға) қабылданғанын былайша әңгімелейді: «Біз комсомолға мүше болуды, бәрі сияқты болуды қаладық. Ата-аналарымыздың кінәсіз екеніне сендік және олардың қайта оралатындарына үмітіміз болды. Мектептегі барлық балалар комсомолға мүше болатын, ал бізде бұл мүмкін болмады, бұл біз үшін өте маңызды еді. Кейін балалар үйінің директоры Мәскеуге арнайы тәрбиеші жіберді, және комсомолдың Орталық Комитетінің хатшысы бізге комсомолға қабылдануға рұқсат берді. Осы шешіммен тәрбиеші оралған соң, бізді, 15 жасымызда, комсомол қатарына қосты» [2].

Бұл естеліктен сол кездегі балалардың қоғамға кіруге деген үлкен ықыласын және отбасының тағдырына қарамастан, болашаққа үмітпен қарағандарын байқауға болады. Қылмыстың іздерін жою және репрессияларды жасыру, жазалаушылардың жұмысының маңызды бөлігі болды, сондықтан бұл қылмыстардың іздерін жою өте мұқият жүзеге асырылды. Мысалы, тұтқындалғандардың заттары мен хаттары қайтарылмады, атылған адамдар белгісіз жерасты қабірлеріне көмілді, солайша оларды ешкім ешқашан таба алмады. Кейбір отбасылар әлі күнге дейін ата-аналарының қайда атылғаны мен жерленгені туралы білмейді, және өмір бойы олар жоғалып кеткен іздерін әлі күнге дейін іздеуде. Тұтқаннан тірі қалған немесе босатылған азаматтар жиі өздері отбасылық құжаттарды, архивтерді, фотосуреттерді жоюға мәжбүр болды, осылайша өздері мен балаларын қауіпке ұшыратпау үшін, сондықтан да сол адам туралы өмір сүргендігін дәлелдейтін материалдық дәлелдер мәңгіге жойылды [2].

Қорқыныш, өткенді жоққа шығару және қайғыны сезіне алмау. Миллиондаған адамдардың өмірін жойған, бүкіл елдің көз алдында болған және жазасыз қалған қасірет бұрынғы КСРО аумағында өмір сүргендердің арасында қорқынышты сезімдер туғызды. Бұл қорқыныш бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Сталинизмнің қасіретін қоғамда да, отбасында да айту қиын. Тек жапа шеккендер ғана емес, сонымен бірге репрессиялардың куәгері болған адамдар да ауыр психологиялық травма алып қорқынышпен өмір сүрді. Бұл – адамдарды қорқытуға бағытталған саясат болды, және оның жемістері болды. Бұл қорқыныш бүгінгі күнге дейін сақталып, адамдардың әділетсіз жағдайларды көргісі келмей, олармен айналысқысы келмей, құрбандармен сәйкестенбей, қайғыны сезіне алмай өмір сүріп жүр [2].

Жалпы үнсіздік – бұл бүкіл қоғамның басынан өткен зақымның нәтижесі. Н. Манделыштам бұл туралы: «Террордың ауасымен тыныс алатын адам тірі болса да, өледі» [14], - деп жазған.

Ю. Афанасьев қорқыныш пен мойынсұнудың арасындағы байланыс туралы айтады: «Зорлық-зомбылық пен террор адамдарды осындай күйге келтірді. Олар өздерінің өміріндегі оқиғаларға қарсы тұра алмайтын болды. Олардың ойлары мен сезімдері күшпен басылып отырды. Коммунизмнің құрылуына қатысты жоба жүзеге асыру барысында да зорлық-зомбылық көп болды... Осыған байланысты, күнделікті өмір кедей әрі қиын болды. Осындай жағдайларда, көпшілігі зұлымдық пен геноцидке төзуге мәжбүр болды, тіпті оларды ақтайтын жағдайлар болды» [15].

Өткенді жасыру бұл түсінікті үрдіс. Себебі өткен күндер туралы тек қауіпсіз ортада ғана айтуға болды. КСРО басшылығы және қауіпсіздік органдардың қызметкерлері арасындаузақ уақыт бойы репрессияларға тікелей қатысқан, ату және жазалау туралы бұйрықтарды қол қойған адамдар болды. Бұл бұйрықтарды орындаған жазалаушылар да тірі болды. Жаппай қуғын - сүргінді ұйымдастыруға қатысқандар ешқашан жазаланбады. Олардың тарапынан ешқандай кешірім де болған жоқ. Бұған қарап, қоғам үшін жаппай репрессияларға деген көзқарастың әлі де анық емес, екіұшты болып қалуын таң қалдыруға бола ма? Жылдар бойы қоғамның лексиконында жаппай өлтірулер мен репрессияларды қылмыс ретінде, онымен айналысқан адамдарды жазалаушылар ретінде, ал жаппай қуғын-сүргінді ұлттық апат ретінде бағалайтын нақты белгілер қалыптаспады. Бүгінгі күнге дейін посткеңестік елдерде, әсіресе Ресейде өмір сүріп жатқан көптеген адамдар сталинизмге және кеңестік идеологияға адал болып қала береді, бұл, өкінішке орай, оларға шындықты түсінуге мүмкіндік бермейді. Осылайша, Александр Яковлев: «Сталиндік басып-жаныштау әдістерінің адамгершіліксіз және абсурд екендігін түсіну, 1917 жылдан бері режимнің адамгершіліксіз екендігін мойындауға алып келер еді, бұл көпшілік орыс халқына үлкен жан ауруы болар еді, және бұрынғы көптеген идеалдардың, мағыналардың, әрекеттердің және қатынастардың құнсыздануына алып келер еді» [16], - деп жазды.

Қорытынды

1917 жыл – тарихымызда ерекше жыл. Бір жылдың ішінде 2 революция жүзеге асты. Қазан социалистік революциясының нәтижесінде мемлекетте бір партиялық тоталитарлық диктатура орнап, 1980 – ші жылдардың соңына дейін сақталды. Билік басына келген большевиктер Қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап мемлекетті қуғын - сүргін, репрессиялау, тәркілеу, қорқыту, үркіту және т.б. демократиялық қағидаларға сай емес қағидалармен басқарды. 1917 жылы қалыптасқан репрессивті жүйе 1930 жылдардың ортасында күшейіп, 1950 – ші жылдарға дейін жүзеге асты. Сонымен бірге, Коммунистік партияның көсемі И. Сталиннің жеке басына табыну жоғары дәрежеге жетті. 1930 жылдардың ортасында Коммунистік партияда ұжымдық басқару әдісі толығымен жойылып, И. Сталин мемлекетті және партияны жеке дара өзі ешкіммен санаспай басқарды. Салдарынын, Кеңес Одағының миллиондаған азамматары жазықсыз репрессияға ұшырады. Репрессияға ұшыраған азаматтар және олардың ұрпақтары мен туысқандары қатты психологиялық күйзеліске ұшырады. Саяси репрессиялар кезінде және одан кейін адамдар мемлекеттік институттарға, үкіметке және бір-біріне деген сенімін жоғалтты. Бұл созылмалы саяси оқшаулануға және әлеуметтік ыдырауға әкелді. Репрессивтік зорлық-зомбылық ұжымдық жадта терең психологиялық зақымдар қалдырды. Бұл зақымдар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, әділетсіздік, реніш және кек алу сезімдерін күшейтті. XXғ. 20 – 50 жылдардағы репрессивті саясат Кеңес қоғамдағы қарама – қайшылықтарды тереңдетіп, оны қарама-қарсы топтарға бөлді. Бұл этникалық, діни немесе саяси қақтығыстарды тудырып, келісім мен ұзақ мерзімді бейбітшілікке кедергі жасайды. Репрессиядан қорыққан азаматтар өз пікірін білдіруге немесе қоғамдық өмірге қатысуға ықылассыз болды. Бұл демократиялық үрдістерді әлсіретіп, азаматтық қоғамның дамуына кедергі келтірді. Сталиндік репрессиялар 1950 – ші жылдардың ортасында тоқталғанымен, Кеңес қоғамындағы психологиялық травманың

салдары 1980 – ші жылдардың соңына дейін байқалды. Бұл жағдай тек 1985 жылы М. Горбачевтің билік басына келгенде ғана өзгерді. Жылдар бойы үнсіздік сақтаған Кеңес Одағының азаматтары 1980 – жылдардың соңында ғана өзінің қасіреті туралы айтты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Солоед К.В. Психическая травма в семьях, пострадавших от сталинских репрессий // Московский психотерапевтический журнал. — 2006. — № 4. Октябрь—декабрь. — С. 175—206.
2. Земсков В.Н. ГУЛАГ (историко-социологический аспект) [Электронный ресурс]. — URL: http://scepsis.ru/library/id_937.html (дата обращения: 30.10.2024).
3. Вишневский А.Г. Демография сталинской эпохи [Электронный ресурс]. — URL: https://www.infran.ru/vovenko/60years_ww2/demogr5.htm (дата обращения: 30.10.2024).
4. Марголин Ю.Б. Путешествие в страну зека. — Москва: Зебра, 2008. — 448 с.
5. Котек Ж., Ригуло П. Век лагерей. Лишение свободы, концентрация, уничтожение. Сто лет злодеяний. — Москва, 2003. — 104 с.
6. Солженицын А.И. Один день Ивана Денисовича («Щ-854. Один день одного ЗэКа») : повесть // Новый мир. — 1962. — № 11. — С. 8—71.
7. Шаламов В.Т. Колымские рассказы. — Москва: Художественная литература, 1987. — 456 с.
8. Солженицын А.И. Архипелаг ГУЛАГ (опыт художественного исследования) // Новый мир. — 1989. — № 7. — С. 7—95.
9. Депортация народов в Казахстан в 1930-1950 гг.: общность истории (интервью с пострадавшими от депортаций в 1930-50 годы в Казахстан) / под общ. ред. Б.И. Ракишевой. — Астана, 2013. — 683 с. — (Серия «Устная история»).
10. Солоед К.В. Психологические последствия репрессий 1917-1953 годов в судьбах отдельных людей и в обществе [Электронный ресурс]. — URL: <https://psyjournal.ru/articles/psihologicheskie-posledstviya-repressiy-1917-1953-godov-v-sudbah-otdelnyh-lyudey-i-v> (дата обращения: 30.10.2024).
11. Козгамбаева Г.Б. Қазақстанға депортацияланған халықтардың күнделікті өмірі, Сталин дәуірінің шындықтарының бірі ретінде (XX ғ. 30-50 жж.) // XII International Conference on Social Research and Behavioral Sciences, 12-13 November 2022, Antalya, Turkey. — 2022. — P. 419.
12. Чинакова Н.В. Последствия политических репрессий для человека и общества [Электронный ресурс]. — URL: <https://www.b17.ru/article/301625/> (дата обращения: 30.10.2024).
13. Из истории депортаций. Казахстан. 1935–1939 гг.: сборник документов. Т. 2 / редкол.: З.С. Айдарбеков, Л.С. Актаева, Н.Р. Джагфаров, Г.В. Кан, Е.А. Кузнецов, Н.Т. Калашникова, А.Т. Капаева, В.П. Осипов, В.Н. Шепель (отв.). — Алматы: LEM, 2014. — 740 с.
14. Мандельштам Н.Я. Вторая книга: воспоминания. — Москва: Московский рабочий, 1990. — 561 с.
15. Афанасьев Ю.Н. Опасная Россия. — Москва: РГГУ, 2001. — 240 с.
16. Яковлев А.Н. Сумерки России. — Москва: Материк, 2003. — 688 с.

REFERENCES:

1. Soloyed, K.V. (2006). Psychic trauma in families affected by Stalinist repressions. Moscow Psychotherapeutic Journal, (4), 175–206.
2. Zemskov, V.N. (n.d.). GULAG (historical-sociological aspect). Retrieved October 30, 2024, from http://scepsis.ru/library/id_937.html
3. Vishnevsky, A.G. (n.d.). Demography of the Stalin era. Retrieved October 30, 2024, from https://www.infran.ru/vovenko/60years_ww2/demogr5.htm
4. Margolin, Y.B. (2008). Journey to the Land of the Zeks. Moscow: Zebra.

5. Kotek, J., & Rigoulot, P. (2003). *The Century of Camps: Deprivation of Liberty, Concentration, Extermination: A Hundred Years of Atrocities*. Moscow.
6. Solzhenitsyn, A.I. (1962). One Day in the Life of Ivan Denisovich. *New World*, (11), 8–71.
7. Shalamov, V.T. (1987). *Kolyma Tales*. Moscow: Khudozhestvennaya Literatura.
8. Solzhenitsyn, A.I. (1989). *The Gulag Archipelago* (an artistic study). *New World*, (7), 7–95.
9. Rakisheva, B.I. (Ed.). (2013). *Deportation of Peoples to Kazakhstan in 1930–1950: Shared History (Interviews with Victims of Deportations in 1930–1950 to Kazakhstan)*. Astana: Oral History Series.
10. Soloyed, K.V. (n.d.). Psychological consequences of repressions of 1917–1953 on the fates of individuals and society. Retrieved October 30, 2024, from <https://psyjournal.ru/articles/psihologicheskie-posledstviya-repressiy-1917-1953-godov-v-sudbah-otdelnyh-lyudey-i-v>
11. Kozgambayeva, G. B. (2022). Everyday life of deported peoples in Kazakhstan as a reality of the Stalin era (1930s–1950s). In XII International Conference on Social Research and Behavioral Sciences (pp. 419). Antalya, Turkey.
12. Chinakova, N.V. (n.d.). Consequences of political repressions for individuals and society. Retrieved October 30, 2024, from <https://www.b17.ru/article/301625/>
13. Aydarbekov, Z.S., Aktaeva, L.S., Dzhagfarov, N.R., Kan, G.V., Kuznetsov, E.A., Kalashnikova, N.T., Kapaeva, A.T., Osipov, V.P., & Shepel, V.N. (Eds.). (2014). *From the History of Deportations. Kazakhstan. 1935–1939: A Collection of Documents. Volume 2*. Almaty: LEM.
14. Mandelstam, N.Y. (1990). *The Second Book: Memoirs*. Moscow: Moscow Worker.
15. Afanasyev, Y.N. (2001). *Dangerous Russia*. Moscow: RGGU.
16. Yakovlev, A.N. (2003). *Twilight of Russia*. Moscow: Materik.

<https://doi.org/10.47526/2024-1/3007-6366.17>

М. Жолсеитова

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті

(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0001-7296-2653>

М. Беркинбоев

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты

(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: murat2002berkin@gmail.com

[Orcid.org/0009-0003-0675-724X](https://orcid.org/0009-0003-0675-724X)

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТҮРІКШІЛДІК ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚОЗҒАЛЫС РЕТІНДЕ

Аңдатпа. XX ғасырдың бас кезінде түркі-мұсылман халықтары арасында дәстүрлі аграрлық құрылымнан индустриальды, яғни азаматтық құрылымға көшу белең алды. Ресейдегі түркі-мұсылман халықтары арасындағы мұндай бәсең алға жылжу оның дәстүршілдікті бекем сақтауға деген талпынушылығымен де байланысты болды. Оның үстіне түркі-мұсылман халықтарының дәстүршілдігі діншілдікпен де астасып жатты. Бұл өз кезегінде олардың ұжымдық психологиясына да әсер етпей қоймады. Қалыптасқан осындай жағдайда түркі-мұсылмандық қоғамда исламдық реформаторлыққа пісіп жетіліп, ол зайырлы сипат ала түсіп, философиялық ой-пікір ағартушылыққа ойыса түсті. Ағартушылықтың өзі еуропалық ағартушылықтың құндылықтарына қарай бағыт ұстанды. Мұсылмандық реформаторлық пен ағартушылық идеяларының синтезі ресейлік түркі-мұсылман халықтары арасында діни-мәдени және қоғамдық-саяси қозғалыстың ерекше бағытын – түрікшілдікті қалыптастырды. Ол түркі тілдес мұсылман халықтарын өз ара жақындастыра түсу сипатында жүрді және онда түркі-мұсылман халықтарының діни мектептерін реформалай отырып зайырлы мектептерін қалыптастыру, сондай-ақ түркі-мұсылман халықтарының тұрмысын еуропалық үлгіге көшіру көзделді.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізуде түркі-мұсылман халықтарынан жалпыресейлік саяси күреске қатысуды әрі өзіндік саяси элита қалыптастыруды талап етті. Түркі-мұсылман халықтарының саяси элитасы еуропалық білім алған топтан (дворяндардан, интеллигенциядан) қалыптасты. Сонымен қатар бұл элитаның құрамына дін өкілдері де тартылды. Түркі-мұсылмандық саяси элитаның құрамында билікке оппозициялық көзқарастағы өкілдер болды. Олардың билікке деген мұндай көзқарасы діни дүниетағымына да байланысты болды. Ұлттық элита бастаған түрікшілдік қозғалыс ресейлік билікке оппозицияда тұрғанымен орыс қоғамының алдыңғы қатарлы демократиялық өкілдерімен ымырада болып, либералды ресейлік қауыммен бір сапта тұрды. Либералды күштермен бірге тізе қоса отырып, түрікшіл интеллигенция жеке партия құруға және ресейлік парламентте жеке фракция құруға тырысты. Түрікшілдердің оппозициялық ұстанымы көп жағдайда православиялық мемлекеттің діни және ұлттық саясатынан туындады.

Кілт сөздер: Жәдидшілік. Түрікшілдік. Мұсылмандық қозғалыс. «Ресей мұсылмандары одағы». Мұсылман съезі.

Zholseytova M.

Candidate of Historical Sciences

Associate Professor of Khoja Akhmet Yassavi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkestan), e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz

Berkinbaev M.

Master's of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: murat2002berkin@gmail.com
Orcid.org/0009-0003-0675-724X

TURKISM AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY AS A SOCIAL AND POLITICAL MOVEMENT

Annotation. By the beginning of the twentieth century, the Turkic-Muslim peoples as a whole were in the early stages of transition from a traditional, agrarian society to a civil, industrial one. The social structure of the Turkic-Muslim population of Russia testified to the slow dynamics of modernization processes in its environment. In addition, traditionalism among the Turkic Muslims was based on a strong religious consciousness, the collectivist psychology of the Muslim Ummah. Simultaneously with the Islamic reformation, the secular trends of philosophical thought-enlightenment, focused on the values of the European Enlightenment, were growing stronger in the Turkic – Muslim society. The synthesis of the basic ideas of Muslim reformism and enlightenment has become the conceptual basis of a special form of national religious, cultural and socio-political movement among Russian Turkic Muslims-Turkism. Turkism as a movement was aimed at creating a national secular school, reforming confessional education and the entire lifestyle of the Turkic-Muslim peoples in a European way.

The need to achieve this goal required them to participate in the all-Russian political struggle and create their own political elite. It was formed, as a rule, from representatives of the educated "upper classes"- the elite strata of the population (the nobility, the clergy, the intelligentsia). Among the ideological and political views of the Turkic-Muslim political elite, moderately oppositional views dominated, due to both the social well-being of their bearers and the ethno-religious mental traditions of the peoples on whose behalf they spoke. The socio-political movement of Turkic Muslims, led by the national elite, was in opposition to the Russian government. This opposition was provoked by the religious and national policy of the Orthodox state.

Key words: Jadidism. Turkism. The Muslim movement. «Union of Russian Muslims». Muslim congress.

М. Жолсеитова

кандидат исторических наук

доцент Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави
(Казakhstan, Туркестан), e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz

М.Беркинбоев

магистрант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: murat2002berkin@gmail.com

ТЮРКИЗМ НАЧАЛА XX ВЕКА КАК ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ

Аннотация. Тюрко-мусульманские народы в целом к началу XX столетия находилось на ранних стадиях перехода от традиционного, аграрного общества к гражданскому, индустриальному. О замедленной динамике процессов модернизации в его среде свидетельствовала социальная структура тюрко-мусульманского населения России. Кроме того, традиционализм в среде тюрко-мусульман базировался на стойком религиозном сознании, коллективистской психологии мусульманской уммы. Одновременно с исламским

реформаторством в тюрко-мусульманском обществе крепло светское направления философской мысли – просветительство, ориентированное на ценности европейского просвещения. Синтез базовых идей мусульманского реформаторства и просветительства стал концептуальной основой особой формы национального религиозно-культурного и общественно-политического движения среди российских тюрко-мусульман – тюркизма. Тюркизм как движение было направлено на создание национальной светской школы, реформирование конфессионального образования и всего образа жизни и быта тюрко-мусульманских народов на европейский лад.

Необходимость достижения поставленной цели потребовало от них участия в общероссийской политической борьбе и создания собственной политической элиты. Формировалась она, как правило, из представителей образованных «верхов»- элитных слоев населения (дворянства, духовенства, интеллигенции). Среди идейно-политических воззрений тюрко-мусульманской политической элиты доминировали умеренно оппозиционные взгляды, обусловленные как социальным благополучием их носителей, так и этно-религиозными ментальными традициями тех народов, от имени которых они выступали. Возглавляемое национальной элитой общественно-политическое движение тюрко-мусульман было оппозиционно российской власти. Провоцировалась эта оппозиционность религиозной и национальной политикой православного государства.

Ключевые слова: Джадидизм. Тюркизм. Мусульманское движение. «Союз российских мусульман». Мусульманский съезд.

Kіріспе. Түрікшілдік қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде ХІХ ғасырдың соңына қарай қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде қалыптаса бастады. Оның қалыптасып, дамуында мұсылмандық қозғалыс елеулі рөл атқарды. Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының ХХ ғасыр басында ұлттық мүддені қорғау бағытындағы бірлескен әрекеттері тарих ғылымында мұсылмандық қозғалыс деген атауға ие. Бұл қозғалыстың бірінші орыс революциясы тұсында өріс алуы және оған қазақтардың тартылуы, яғни «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымына қазақтардың тартылуы, сондай-ақ сол тұста өткізілген бүкілресейлік мұсылман съездеріне қатысуы жайы отандық тарих ғылымында арнайы қарастырыла қойған жоқ. Сондықтан осы жәйтті арнайы зерттеу өзіндік ғылыми маңызға ие деуге болады.

Мұсылмандық қозғалыстың барысында түркі тілдес халықтардың орыстандыру, шоқындыру саясатынан көрген жәбірлері және отаршылдықтан тартқан ауыртпашылықтары көтеріліп, одан құтылу жолдары талданды. Ондай жол ретінде мұсылмандық қозғалыста демократиялық күрес жолы таңалып алынды. Осы күресті зерттеу Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттерін жоюға өзінің оң ықпалын тигізеді. Сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы түркі тілдес халықтардың азттық күресінің қыр-сырын терең түсінуге жол аша түседі.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы негізінен архив құжаттары бойынша және ғылыми еңбектердің материалдары бойынша жазылды. Архив құжаттары негізінен Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінен, Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінен және Ресей Федерациясының Орынбор облыстық мемлекеттік архивінен алынды. Бұл архивтерден жандармерияның және полицияның ХХ ғасыр басында түрікшілдікке байланысты іс-қағаздары қолданыс тапты. Сосын деректік материал ретінде И. Гаспыралының жетекшілігімен жарық көрген «Тарджиман» газеті де ғылыми айналымға тартылды. Архив қорларындағы және «Тарджиман» газетінен алынған мәліметтер өзге деретермен салыстырыла қолданыс тапты, яғни мәліметтер деректанулық талдаудан өткізіліп барып пайдаланылды. Алға қойылған мәселені ашып көрсетуде анализ, синтез, ретроспективалық, салыстырмалы-тарихи және сипаттап баяндау әдістері қолданылды. Осы әдістер негізінде жасалынған тұжырымдар мен қорытындылардың өзара логикалық тұрғыда үйлесімді болуы басты назарда ұсталды.

Мақаланы жазу барысында өркениеттілік ұстаным мен тарихилық принципі басшылыққа алынды. Өркениеттілік ұстанымы түрікшілдікті қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде жаңа қырынан қарауға септігін тигізсе, тарихилық принцип оқиғалар мен құбылыстарды өзара байланыста қарауға мүмкіндік жасайды.

Талдау мен нәтижелер. Түрікшілдікті қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде қарастыру кеңестік тарих ғылымына тән болмады. Сондықтан мұндай үрдіс батыста қалыптасты деуге болады. Бұл ретте АҚШ ғалымы С. Зенковскийді (Zenkovsky:1960, 345) ерекше атауға болады. Оның еңбегінде түрікшілдікке оң баға берілген. Онан соң Түркия ғалымы Оркунның (Orkun:1977,115) еңбегі елеулі орынға ие. Оның еңбегінде түрікшілдіктің қалыптасып дамуындағы Юсуф Акчураның рөліне жоғары баға берілген. Түрікшілдікті зерттеуде Татарстанның ғалымдары Р:Ф. Мухаметдинов (Мухаметдинов: 1996, 272) пен И. Гилязовтың (Гилязов:2002, 70) еңбектері елеулі үлес болып табылады. Қазақстанның ғалымы С. Шілдебайдың (Шілдебай) еңбегінде түрікшілдіктің ұлт-азаттық қозғалыстағы орнына назар аударылған. Аталған ғалымдар түрікшілдікті зерттей түсу керектігіне назар аударған.

Түркі-мұсылман халықтары арасында түрікшілдіктің бастау көзінде И. Гаспыралы тұрды. Ол 1883 жылдан бастап түркі-мұсылман халықтарына «Тілде, пікірде, істе бірлік» деген ұран тастаған «Тарджиман» газетін шығарды. «Тарджиман» газеті Түркістан өлкесіне де жетіп, онда жәдидшілдікті жақтаушылар қатарын көбейте түсті (Кемеңгерұлы: 1924, 24).

Жәдидшілдердің ағартушылық қызметі реформаторлық сипат алып, қоғамдық өмірде орын алған феодалдық тәртіпке және патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталды. Мұсылман халықтары арасында жәдидтік білім беру орындарын ашуда Еділ татарлары белсенділік танытты. В.В. Бартольд атап көрсеткендей, ендігі жерде Еуропа мәдениетін насихаттауда Еділ татарлары орыстардың бірден-бір бәсекелесіне айналды (Бартольд:1963,340). Патша өкіметі елдегі мұсылман халықтары тек орыстану арқылы өркениетті болады деген пікірді ұстанса, ал жәдидтер бұған қарсы шығып, ұлттық, діни ерекшелікті сақтай отырып өркениетті халықтар қатарына қосылуға болатындығын дәлелдеуге күш салды.

Жәдидшілдердің ұстанымына патша өкіметі үреймен, сескене қарап, шет аймақтардағы отарлық әкімшілік орындарына 1900 жылдың желтоқсанында мынандай мазмұндағы нұсқау берді: «Соңғы кезде татар әдебиеттерінде орыс мемлекетінің 14 миллионнан астам мұсылмандарының көп ғасырлық өмір салтын өзгеріске түсіретіндей күшті ықпал байқалуда. Бұл ықпал Гаспринскийдің 1884 жылы шығарған әліппесінен басталды. ...Орта Азиядағы оқиғалар, әсіресе Әндіжан көтерілісі бізге мұсылмандар арасындағы кез келген әрекетке асқан сақтықпен, әрі қырағылықпен қарауды көрсетіп отыр» (КРОМА: 53-қ., 1-т., 9-іс, 42-п.).

Далалық облыстардағы отарлық әкімшіліктің шенеуніктері тарапынан да Ішкі істер министрлігіне: «Қазіргі уақытта қазандық және басқа да татарлар бәле болды! Олар орыс мәдениетінің нағыз жауыздары, қарсыластары ретінде өздерінің зиянды ықпалымен, діни уағызымен, сондай-ақ түрлі басылымдары арқылы тыныш қырғыздарды азғындық жолға түсіруге тырысуда», - деген шағымдар түсірілді (Государственная дума:1913, 251).

Қазақтар арасында жәдидтік бағыттағы мектептер ашқан татар мұғалімдері ауыл жастарын патша өкіметіне қарсы тәрбиелеп отыр деген желеумен қуылып та жатты. Алайда патша өкіметінің жәдидшілдер әрекетіне қарсы күресуінен елеулі нәтиже шыға қоймады (Кемеңгерұлы: 1924, 26).

Ресей мұсылмандары арасында жәдидшілдердің ағартушылық жұмыс жүргізуімен қатар отаршылдық саясатқа қарсы үгіт-насихат жүргізу де қарқын алды. Бұл істе Орынбор мүфтилігінде қызмет атқарған татар халқының белгілі қайраткері Ә. Ибрагимов (Рашид қазы) белсенділік танытты. Ол 1893 жылы діни қызметін тастап, Түркияға кеткен соң «Шолпан жұлдызы» атты әйгілі кітабын шығарды. Оның бұл кітабы мұсылман халықтарының ұлттық-саяси мәселелерін көтерген тұңғыш эмигранттық шығарма болды. «Шолпан жұлдызы» патша өкіметінің жандайшаптарынан жасырын түрде Ресей

мұсылмандары арасында қолдан-қолға өтіп, мұсылмандардың саяси оянуына өз септігін тигізді (Валидов: 1986, 215).

Ә. Ибрагимов 1904 жылы Ыстамбұл қаласында патша өкіметінің шешіміне орай тұтқынға алынған кезде бұл хабар Ресей мұсылмандары арасына тез тарап, халықтың талап етуімен босатылды. Ол 1904 жылдың қыркүйек айынан 1905 жылға дейінгі мерзімде мұсылмандар қоныстанған өңірледі аралап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Петропавл қаласында болған кезінде қазақ, татар халықтарының өкілдері басқосқан жиналысқа қатысып, Министрлер комитетінің төрағасы граф С.Ю. Витте атына жергілікті халықтың дін ісіне байланысты талап-тілектері білдірілген өтініш жіберуін ұйымдастырды (РФООА. 10-қ., 1-т., 412-іс, 513-п.).

Бірінші орыс революциясы басталған сәтте Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғаудың жолдарын қарастырып, бір шешімге келу үшін бүкілресейлік мұсылман съезін өткеру керектігі жөнінде идеяны көтерген Ә. Ибрагимов болды. Ол бұл бағытта қызу әзірлік жұмыстарын жүргізіп, 1905 жылы 8 сәуірде Петербургте И. Гаспринский, әзірбайжан халқының көрнекті қайраткері Ә. Топчибашев секілді т.б. зиялы қауым өкілдері қатысқан мәжіліс өткізді. Мәжілістің ұйғарымы бойынша бүкілресейлік мұсылман съезі тамызда өтетін болып белгіленді (Бигиев: 1917, 164).

Осындай әзірлік жұмыстарынан кейін елдегі мұсылман халықтарының белгілі қайраткерлеріне бүкілресейлік мұсылман съезі өткізілетіні жөнінде жеделхаттар жіберіле бастады. Бұл жайлы хабар жоғары билік орындарына петиция (арыз-тілек) тапсыру үшін Петербургке келген делегациялар арқылы да тарады. Қырымнан, Кавказдан және Орталық Азия аумағынан петиция тапсыруға келген делегация өкілдерінің көпшілігі Ә. Ибрагимовпен жолығып, кеңесетін. Мәселен, Торғай және Орал облыстарынан келген, құрамында Б. Қаратаев бар қазақ делегациясының өкілдері Ә. Ибрагимовке жолығып, оған қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қаратуды көздейтіндіктерін, әрі мұсылмандармен бірлікте болуды қалайтындықтарын танытқан [Бигиев: 1917 167].

Бүкілресейлік мұсылман съезін өткізу туралы хабар империядағы мұсылман халықтарына жеткеннен кейін 1905 жылғы тамыздың ортасына қарай Нижний-Новгород қаласына Түркістаннан, далалық облыстардан, Қырымнан, Кавказдан жіберілген өкілдер келе бастады. 13 тамыз күні делегаттардың Ә. Ибрагимов, И. Гаспринский, Ә. Топчибашев секілді белсенді өкілдері бас қосып, съездің бағдарламасын жасады. Онда Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғайтын қоғамдық-саяси ұйым құру ең басты мәселе етіліп қойылды. Бұдан соң съезді өткізуге рұқсат алу үшін Нижний Новгород қаласының басшылығына арнайы делегация жіберілді.

Нижний-Новгород қаласының басшысы қаланың әскери жағдайда екенін желеу етіп, съезді өткізуге рұқсат бермеді. Бұған қарамастан, делегаттар алған беттерінен қайтпай, 15 тамыз күні жасырын түрде Ока өзеніндегі «Густав Струве» кемесінде бүкілресейлік мұсылман съезін өткізді. Оған қатысушылардың саны 150-ге жуық болды.

И. Гаспринский төрағалық еткен бүкілресейлік мұсылман съезі Ә. Топчибашевтің: «Уа, дінге берік бауырлар! Осы күн мәңгі есімізден шықпас. Бұл күн алдағы уақытта мұсылман жұртшылығының жыл сайын атап өтетін мейрам күндерінің біріне айналатынына шүбә келтірмеймін. Біз, тегіміз, дініміз, тағдырымыз бір түркі халқымыз», - дей отырып, Ресейдегі түркі тілдес мұсылман халықтарын өз құқықтарын қорғауда бірлікке шақырған үндеуімен ашылды.

Съезде сөз алғандар мұсылман халықтарының отаршылдық саясаттан, орыстандыру, шоқындыру бағытындағы іс-шаралардың жүзеге асырылуынан көрген жәбірін, тұрмысының ауырлығын айтып, бұдан былай Ресей азаматтарының тіліне, дініне және нәсіліне қарамай тең құқықта болуын талап етті. Делегаттар Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғайтын қоғамдық-саяси құру қажеттігін бір ауыздан қолдап, бұл ұйымның бағдарламасы мен жарғысын әзірлеуді Ә. Топчибашев пен Ә. Ибрагимовке тапсырды. Съездің қабылдаған 5 тармақтан тұратын қарарында Ресей мұсылмандарын заман талабына сай жақындастыра түсу

керектігі, мұсылмандардың прогрессивті тобының елде құқықтық тәртіптің орнығуы жолында әрекеттенуі тиістігі, мұсылмандардың құқықтарының орыс халқының құқықтарымен теңестірілуі қажеттігі, мұсылмандар арасында елдегі саяси өмірдің ерекшеліктерін кеңінен насихаттау және бұл шараларды жергілікті жерлерде қоғамдық ұйымдар құру арқылы жүзеге асыру секілді мәселелер қамтылды (РФМА: 10-қ., 1-т., 412-іс, 10-п).

Бірінші съезден кейін Мемлекеттік думаға сайлау науқаның таяп қалуына байланысты мұсылман халықтарының сайлау кезіндегі тактикасын, Ресейдегі саяси партияларға көзқарасын айқындау, мұсылмандардың мүддесін қорғайтын қоғамдық-саяси ұйымның бағдарламасы мен жарғысын қабылдау өзекті бола түсті. Осыған орай Ә. Ибрагимов, Ә. Топчибашев және татар қайраткері Ю. Акчурин (Акчура) кезекті екінші бүкілресейлік мұсылман съезін шақыру керек деген ұйғарым жасап, оның 1906 жылдың 12 қаңтарында Петербургте өтетінін жергілікті жерлерге хабарлай бастады.

Бүкілресейлік екінші мұсылман съезіне 89 делегат жиналды. Олардың қатарында Ішкі Бөкей ордасының өкілдері У. Танашев пен М. Ысмағұлов, Семей облысының өкілі З. Құлаев, Сырдария облысының өкілдері И. Әбуов пен М. Оразаев және Уфа губерниясының өкілі С. Жантөрин болды.

Бұл съездің өткізілуіне де билік тарапынан рұқсат берілмеді. Соған орай делегаттардың біразы съезді Финляндия жеріне барып өткізуді ұсынды. Алайда, делегаттардың басым бөлігі Финляндия жеріне баруды уақыт көтермейді деп, съезді ресми рұқсатсыз-ақ Петербургте өткізе беруді жөн санады.

1906 жылғы қаңтардың 13-23 аралығында өткен бүкілресейлік мұсылман съезі Ә. Ибрагимов пен Ә. Топчибашев әзірлеген мұсылмандық партияның бағдарламасы мен жарғысын талқылауға баса мән берді. Делегаттардың ұйғарымымен мұсылман партиясы «Ресей мұсылмандарының одағы» («Иттифак-ул-муслимин») деп аталатын болды.

Съезде «Ресей мұсылмандары одағының» 23 тармақтан тұратын жарғысы қабылданды. Елдегі мұсылмандары осы саяси партия төңірегіне топтасуға үндейтін жарғыда елдегі 16 қалада, соның ішінде Оралда, Петропавлда, Семейде, Верныйда, Ташкентте партия бөлімшелері құрылатындығы, мұндай бөлімшелердің жергілікті жиналыста құрылуы керектігі, партияға мүше болып енгендердің жалпы және жергілікті жиналыстардың шешімдерін орындауға міндетті екені көрсетілді.

«Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасының жобасы 80-ге жуық тармақтан тұрды. Ондағы мемлекеттік құрылыс пен жер мәлесіне қатысты талаптар кадеттер партиясының бағдарламасымен үндестік тапты. Делегаттар бағдарламаға мұсылмандардың өзін-зі басқару мекемелерінің құрылуы жайлы талаптың енгізілуін ұсынды. Сондай-ақ мұсылмандардың арасындағы оқу-ағарту ісіне қатысты талаптарды нақтылай түсу қажет деген ескертпелер жасалды. Делегаттардың ұйғарымымен бағдарламаны қабылдау келесі съездің үлесіне қалдырылды.

Съезде Мемлекеттік думаға сайлау мәселесі арнайы қаралды. Бұл мәселе төңірегінде пікір білдірген бірқатар делегаттар 1905 жылы 11 желтоқсанда шыққан сайлау туралы заңның мұсылмандарды кемсітіп отырғанын айтып, Думаға байкот жариялау керек деген ұсыныс білдірді. Мұндай ұсыныс көпшілік тарапынан қолдау таппады. И. Гаспринский, Ю. Акчурин және Ә. Ибрагимов Дума мұсылмандардың мүддесін қорғаудағы бірден-бір мүмкіндік деп бағалады. Осындай пікірталастардан кейін съез «Мемлекеттік думаға мұсылман өкілдері халықтың санына қарай пропорционалды түрде жіберілсін» деген қарар шығарды.

Делегаттар сайлау кезінде мұсылмандар орыс қоғамы ішіндегі ресми билікке оппозицияда тұрған саяси күштердің қолдауына сүйенуі қажет деген пікірде болды. Осыған байланысты съез делегаттары Орынбор губерниясы мұсылмандарының Думаға сайлау кезінде кадеттер партиясымен ынтымақтаса әрекет жасауға шақырған ұсынысын қуаттап, мұны қаулыға енгізді.

Елдегі мұсылман халықтарын тапқа, жікке бөлмей, тұтастай қорғауды мақсат тұтқан «Ресей мұсылмандары одағының» жарғысын қабылдаған бүкілресейлік мұсылман съезінен кейінгі қоғамдық-саяси өмірдегі ерекше жағдайдың бірі өз жұмысын 1906 жылы 27 сәуірден бастаған I Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясының құрылуы болды. Мұсылмандардың парламенттік фракциясының құрамы Дума жұмысына қатысқан 24 депутаттан тұрды. 21 маусым күні мұсылман депутаттары басқосқан жиналыста фракцияның төрағалығына Ә. Топчибашев, оның бюросына құрамында С. Жантөрин бар 6 депутат сайланды.

I Думада Мұсылман фракциясы «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасының жобасын басшылыққа алды. Сонымен бірге бұл жобаны фракция мүшелері талқыға да салды.

Фракция мәжілісінде «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасындағы жерге байланысты тұжырымдамасын талқылау барысында А. Бірімжанов пен А. Қалменов бағдарламада қазақтардың қоныс аудару саясатынан көріп отырған қысымшылықтарының ескерілуін талап етті. Сондай-ақ Кавказ өңірінен сайланған мұсылман депутаттар «генералдар мен офицерлерге сыйға тартылған жер телімдері» жергілікті халыққа қайтарылсын деген талап бағдарламаға енгізілуі керек деген ұсыныс білдірді. Бұл ұсыныстарды Мұсылман фракциясы өз қызметі барысында басшылыққа алу жөнінде шешім қабылдады.

Мұсылман фракциясының өкілдері Думада құрылған комиссияларға мүше ретінде енді. Мұндай комиссиялардың құрылуы барысында шеткері аймақтардан сайланған депутаттардың оның құрамына енгізу ескеріле бермеді. Мәселен, аграрлық комиссия құрамына қазақ депутаттарынан бірде-бір делегат енбей қалды. Осыған байланысты 30 маусым күнгі Дума отырысында сөз алған А. Бірімжанов қазақ халқының жерге байланысты шешілмей жатқан көп мәселелері бар екенін айтып, аграрлық комиссия құрамына қазақ депутаттарынан өкіл енгізу қажеттігін ұсынды. Оның бұл ұсынысына Мұсылман фракциясының мүшесі, Уфа губерниясынан сайланған башқұрт халқының өкілі Ш. Сыртланов қолдаушылық танытты (Zenkovsky: 1960, 241).

Далалық облыстарда қоныс аударушылар үшін жер телімдерін даярлау үшін қазақтардың пайдалануындағы жерлердің тартылып алуына қарсылық білдірген Думаның 53 депутаты Министрлер кеңесінің төрағасы атына депутаттық сауал жолдады. Бұл депутаттық сауалға қол қойған депутаттардың 9-ы Мұсылман фракциясының мүшесі еді.

Мұсылман фракциясы Думадағы фракциялар ішінде кадеттермен тығыз байланыста болды. Кадеттердің парламенттік фракциясына қарағанда Мұсылман фракциясы жергілікті басқару және жер мәселелері бойынша солшылдық танытты [18]. 9 шілдеде Думаны тарату туралы патша манифесті жариялануын Мұсылман фракциясының мүшелері әділетсіздіктің көрінісі ретінде бағалады. 16 шілде күні «Выборг үндеуіне» қол қоюшы 167 депутаттың қатарында мұсылман депутаттарынан С. Жантөрин, С. Алкин, А. Ахтямов, И. Зиятханов, Ә. Топчибашев және Ә. Бөкейханов болды (Шілдебай:2002, 91).

I Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясының құрылуы Ресей империясындағы мұсылман халықтары үшін елеулі оқиға болды. Бұл жөнінде «Тарджиман» газеті былай деп жазды: «Бірінші Мемлекеттік думадағы мұсылман депутаттары тұтас, бір фракция құрды. Бұл фракция бірінші Думаның таратылуына байланысты аз өмір сүргеніне қарамастан өз соңында терең із қалдырды. Фракцияның құрылуы 20 миллионнан астам мұсылмандардың талап-тілегінен туындады. Халық өзінің парламенттік фракциясының әрбір сөзі мен қадамын қалт жібермей қадағалап отырды. ...Бірінші Думадағы мұсылман фракциясына үлкен рақмет! Ол өз міндетін айқын түсініп, биіктен көріне білді. Келесі Думадағы фракцияның қызметіне кең, ауқымды жол ашып берді. Енді халық II Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясынан тек ұйымдастырушылық ғана емес, заң шығарушылық қызметін де күтеді» (Валидов:1986, 112).

1907 жылдың 20 ақпанында ашылған II Думаның 518 депутатының 36-сы мұсылман халықтарының өкілі болды. Бұл мұсылман депутаттарының барлығы I Думадағыдай бір

фракция төңірегіне топтаспады. Солшыл бағыт ұстанған 6 мұсылман депутаты Уфа губерниясынан сайланған К. Хасановтың жетекшілігімен «Мұсылман еңбекші тобы» деп аталатын фракция құрды. Қалған мұсылман депутаттары, сондай-ақ қазақ өкілдері (Б. Қаратаев, Б. Құлманов, Х. Нұрекенов, А. Бірімжанов, Ш. Қосшығұлов, М. Тынышбаев, Т. Аллабергенев) Мұсылман фракциясына бірікті. Оның төрағасы болып Уфа губерниясының өкілі, отставкадағы офицер М. Биглов сайланды. Б. Қаратаев, Қ. Тевкелев, Ғ. Маһдиев, Х. Хасмамедов, Ф. Хан-Хойский Мұсылман фракциясының бюросы құрамына енді.

II Думада Мұсылман фракциясын құруда А. Топчибашев белсенділік танытты. Ол II Думаға сайланбаса да фракция бюросының жұмысына араласып, онымен тығыз қарым-қатынаста болды [19, 50 б.]. мұсылман фракциясының бағдарламасы «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының бағдарламасы жобасы негізінде жасалды. Фракция бағдарламасын әзірлеу үшін құрылған, 11 адамнан тұратын комиссия құрамында қазақ депутаттарынан А. Бірімжанов болды. Қабылданған бағдарламада фракцияның мақсаты өмір талабына сай, экономикалық, діни және т.б. бірқатар реформаларды жүзеге асыру жолында Ресейдің мұсылман азаматтарының іс-әрекеттерін бір ізге түсіру керектігі аталып көрсетіліп, ресей азаматтарының дініне, ұлтына, жынысына қарамай тең құқықта болуы талап етілді.

Мұсылман фракциясының өкілдері Думада құрылған комиссияларда, сондай-ақ Дума мәжілістеріндегі жарыссөздерде мұсылман халықтарының талап-тілектерін, жолдаған аманаттарын басшылыққа лаып отырды. Фракция мәжілістерінде шет аймақтардан жолданған аманаттар арнайы талқыланды. Мәселен, Ақмола облысының қазақтары атынан жер мәселесіне байланысты жолданған аманаты 1907 жылы 14 сәуір күні фракция мәжілісінде арнайы қаралды. Бұл аманатта былай делініп көрсетілген болатын: «1. Дала ережесінің 120 бабы бойынша қазақтардың иелігіндегі жерлер мал бағып, егін егуге жетерлік болсын; 2. Жер мәселесі Мемлекеттік думада қаралып, шешімін тапқанша Ақмола облысына қоныс аударушыларды көшіру доғарылып, қоныс аударушыларға жер телімін бөлу тоқтатылсын; 3. Бұрын қоныс аударушыларға деп бөлініп, кейіннен жарамсыз деп деп саналған жерлер қазақтарға қайтарылсын; Қазыналық орман, тоғайлар мен шабындық жерлерді казактар мен орыс мұжықтары секілді қазақтар да пайдалансын» [23].

Фракция мәжілістерінде қазақтардың жер мәселесінен басқа дін ісі жөніндегі аманаттары да қаралды. Мұндай аманаттарда қазақтар өздерінің дін ісін Орынбор мүфтилігіне қаратуды қалайтындықтарын білдірген болатын.

II Думаның отырыстарында Мұсылман фракциясының мүшелерінен ф. Хан-Хойский мен Б. Қаратаев қазақтардың мұқтаждығы мәселесін көтеріп, патша өкіметінің жүргізіп отырған аграрлық саясатын өткір сынға алды.

Патша өкіметінің аграрлық және отаршылдық саясатын сынау мінбесіне айналған II Дума 1907 жылы 3 маусымда таратылғаннан кейін Дума жұмысынан шеттетілген Орталық Азия халықтары, соның ішінде қазақтар да Ресейдегі мұсылман халықтарымен бірге өз мүдделерін қорғауға талпынды. Оған 1906 жылы 16 – 21 тамыз күндері Нижний-Новгород қаласында өткен бүкілресейлік үшінші мұсылман съезіне қатысуы дәлел.

Бүкілресейлік үшінші мұсылман съезіне Ресей империясындағы мұсылман халықтарының 800-ден астам өкілі қатысты. Олардың қатарында Ш. Қосшығұлов (Ақмола облысынан), Ж. Аллаоңғаров (Семей облысынан), А. Қойбағаров (Жетісу облысынан) Н. Дауылбаев (Жетісу облысынан), Н. Жапаров (Сырдария облысынан) болды. Съез делегаттары ішінде С. Жантөрин, С. Алкин, А. Топчибашев, Қ. Тевкелев, Ш. Сыртланов секілді Мемлекеттік думаға мүше болған қайраткерлер де болды. Съездің күн тәртібіне оқу ісі, мұсылмандардың дін ісі және «ресей мұсылмандары одағының бағдарламасы туралы мәселер қойылды. Оқу мәселесі бойынша съезде 33 тармақтан тұратын қарар қабылданды. Онда мұсылман балалары үшін барлық елдімекендерде бастауыш және орта білім беретін оқу орындары ашылсын, оқу араб әліпбиі негізінде ана тілінде жүргізілсін делініп көрсетілді. Оқу мәселесімен қатар, оқыту мәселесі де съез делегаттары назардан тыс қалмай, Ресейдің мұсылман мектептерінде бірдей оқу бағдарламасы болу қажет, осы мәселені талқылау үшін

1907 жылы Қазан, Ташкент, Бақшысарай қалаларында мұғалімдер съезі шақырылсын деген ұйғарым жасалды. Делегаттар мұсылмандар бірлігін арттыра түсу мақсатында «ортақ түрік тілі» барлық мектептерде арнайы пән ретінде оқытылсын деп шешті.

Барлық Ресей мұсылмандарын толғантқан дін мәселесі бойынша қабылданған қарарда делегаттар дін ісін реформалау арқылы ғана мұсылмандардың діни-адамгершілік деңгейін көтеру мүмкін екенін атап көрсетті. Сонымен бірге съезде ресейдегі барлық мүфтилер сайланбалы болсын, әрі бес жылға сайлансын, діни басқарма «Махкама-и-исламия», ал мүфти «Шейх-ул-ислам» аталсын деді.

Съезде діни мекемелер бойынша Ресейдегі бұрынғы мұсылмандық діни мекемелермен қатар Түркістанда да өз алдына бөлек діни басқарма ашылсын деген шешімге келді. Қарарда қазақ өкілдерінің Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары мен Ішкі Бөкей ордасының діни істері Орынбор мұсылмандары діни басқармасына қаратылсын деген тілегі ескерілді.

«Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының бағдарламасы съезде қызу талқыланып, оның 72 тармақтан тұратын бағдарламасы қабылданды. Онда Ресей азаматтарының заң алдында тең құқықты болуы талап етіле отырып, кадеттер партиясы секілді конституциялық монархия идеясы жақталды. Бірақ бағдарламаға сәйкес «Ресей мұсылмандары одағы» ұлттық мәселе бойынша кадеттерге қарағанда солшылдық танытып, съездің оқу, дін мәселері бойынша қабылдаған қарарларын басшылыққа алатын болды.

Бүкілресейлік үшінші мұсылман съезі «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасын қабылдаумен қатар, оның 15 мүшеден тұратын Орталық комитетін сайлады. Олардың ішінде А. Топчибашев, И. Гаспринский, Ә. Ибрагимов секілді қайраткерлермен бірге С. Жантөрин мен Ш. Қосшығұлов болды.

Съезде «Ресей мұсылмандары одағының» Орталық комитетіне 15 мүшеден басқа тағы да 5 мүше енгізу жөнінде шешім қабылдады. Бұл бес мүшенің үшеуі Кавказдан, қалған екеуі Орынбор өңірі мен Түркістан өлкесінен сайланып жіберілуі тиіс болды.

Бірінші орыс революциясы жылдары Ресейдегі мұсылман халықтарының өз мүдделерін бірлесе қорғау жолындағы әректінен патша өкіметі секем алып, мұндай әрекетке жол бермеу шараларын жүзеге асыра бастады. Соның нәтижесінде үш бірдей бүкілресейлік мұсылман съездерінің шешімдері негізінде құрылған «Ресей мұсылмандары одағының» ғұмыры ұзаққа бара қоймады әрі оның бөлімшелері Қазақстан аумағында ашылмай қалды.

Патша өкіметінің «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының қызметіне тосқауыл қойғанына қарамастан қазақтар арасында өз мүддесін империядағы мұсылмандармен бірлікте қорғау жолындағы талпынысы бәсеңдей қоймады. 1907 жылғы үшінші маусым жарлығынан кейін Мемлекеттік дума жұмысынан шеттетілген қазақтар Мұсылман фракциясының өздеріне пана тұтып, өзінің талап-тілектері мен шағымдарын осы фракция атына жолдап жатты. Мәселен, 1907 жылдың қараша айынан 1912 жылдың маусым айы аралығындағы III Думаның жұмысы кезінде Қ. Тевкелев төрағалық еткен, 8 депутаттан тұратын Мұсылман фракциясы арқылы қазақтардың мүддесін қорғау бағытында қызу жұмыстар жүргізілді. Өз кезегінде Мұсылман фракциясы да қазақтардың мүддесін қорғауды өз борышы санады.

Қазақтардың діни істерінің ешқандай да діни басқармаға қаратылмауына наразылық танытқан Б. Қаратаев, Е. Оразаев және А. Өтегенов 1908 жылы мұсылмандардың діни істері мен мекемелері жайлы заң жобасын әзірлеп, оны Мұсылман фракциясына тапсырды. Тоғыз тармақтан тұратын бұл заң жобасында Ресей империясындағы мұсылман халықтары үшін орталық діни басқарма құру керектігі, бұл басқармаға жергілікті жерлерде құрылатын діни басқармаларды қарату жайы қарастырылған болатын. Сонымен қатар Б. Қаратаев, Е. Оразаев және С. Лапин патша өкіметінің қазақтардан қоныс аударушылар пайдасына деп жер кесіп алуына қарсы тұру үшін қазақтарды жерге орналастыру туралы заң жобасын әзірлеп, мұны қуаттауды Мұсылман фракциясына аманаттаған.

Бірақ бұл заң жобалары Мұсылман фракциясының күш салғанына қарамастан Дума жұмысының күн тәртібіне қойылмай қалды. Осыған қарамастан Мұсылман фракциясының

мүшелері Дума жұмысынан шеттетілген қазақтардың әлеуметтік-саяси мәселелерін көтеріп, оны қорғаудағы белсенділігін бәсеңдете қоймады. Бұған Мұсылман фракциясы мүшелерінің «үшінші маусым» заңын өзгерту жөніндегі талаптарды Дума мәжілістерінде көтеруі дәлел бола алады.

Жалпы қорыта айтқанда, XX ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-саяси үдерісте елеулі рөл атқарған түркі бірлігі мен исламдық ынтымақтыстық идеясы қазақтардың әлеуметтік-саяси және мәдени өмірінде өзіндік терең із қалдырды. Бұл қозғалысқа атсалысқан қайраткерлер замана ағымына ілесе отырып, Ресей империясындағы шеткері аймақтардың саяси күштерін бастай алатындықтарын, ол аймақтардағы халықтардың мүдделерін қорғай білетіндіктерін көрсете білді.

Қорытынды.

Түрікшілдік, түрік бірлігі идеясы Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтары арасында XX ғасыр басында елеулі рөл атқарды. Ол бірінші орыс революциясы тұсында «Иттифак» партиясының құрылуынан және Мемлекеттік думада жеке мұсылман фракциясының бой көтеруінен байқалды. Бұл ұйымдардың төңірегіне түркі-мұсылман халықтарының өкілдері түрікшілдік идеясы негізінде топтасып, өз халықтарының мүддесін қорғады. Сондықтан түрікшілдікті XX ғасыр басындағы түркі-мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси өмірінде елеулі рөл атқарды деп нық сеніммен айта аламыз.

Түрікшілдік идеясы түркі-мұсылман халықтарының саяси элитасы өкілдерінің күшін біріктіріп, әрекет етуге негіз қалады. Бұл идеяға берік қайраткерлер

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – М.: «Наука», 1963. – Т.2. Ч.1. – С. 332-348.
2. Бигиев М. Ислахат әсаслари. – Петроград: М.А. Максудов матбугеси, 1917. – 288 с.
3. Валидов Дж. Очерк истории образованности и литературы татар (до революции 1917 г.). – Оксфорд: Общество исследования Средней Азии, 1986. – 215 с.
4. Гилязов И. Тюркизм: становление и развитие. – Казань: КГУ, 2002. – 70 с.
5. Государственная дума. Четвертый созыв. Стенографические отчеты. 1913 год. Сессия первая. Ч. 2. Заседания 31-54. – СПб.: 1913. – 2251 с.
6. Кемеңгерұлы Қ. Езілген ұлттар. – М.: Кіндік баспа, 1924. – 72 б.
7. Мухаметдинов Р.Ф. Зарождение и эволюция тюркизма. – Казань: «Заман», 1996. – 272 с.
8. Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 214 б.
9. Orkun H. Türkçülüğün tarihi. – Ankara: Yenışehir, 1977. – 115 b.
10. Zenkovsky S. Pan-Turkism and Islam in Russia. – Cambridge, Massachusetts: Harvard university press, 1960. – P. 345.
11. ҚРОМА. 53-қ., 1-т., 9(а) –іс.
12. РФМА. 9599-қ., 1-т., 10-іс.
13. РФОМА. 10-қ., 1-т., 412-іс.

REFERENCES

1. Bartol'd V.V. Istoriya kul'turnoj zhizni Turkestana. – M.: «Nauka», 1963. – T.2. Ch.1. – S. 332-348.
2. Bigiev M. Islahat asaslari. – Petrograd: M.A. Maksudov matbugesi, 1917. – 288 s.
3. Validov Dzh. Ocherk istorii obrazovannosti i literatury tatar (do revolyucii 1917 g.). – Oksford: Obshchestvo issledovaniya Srednej Azii, 1986. – 215 s.
4. Gilyazov I. Tyurkizm: stanovlenie i razvitie. – Kazan': KGU, 2002. – 70 s.
5. Gosudarstvennaya дума. Chetvertyj sozyv. Stenograficheskie otchety. 1913 god. Sessiya pervaya. Ch. 2. Zasedaniya 31-54. – SPb.: 1913. – 2251 s.
6. Kemeңgeruly Q. Ezilgen ulttar. – M.: Kindik baspa, 1924. – 72 b.
7. Muhametdinov R.F. Zarozhdenie i evolyuciya tyurkizma. – Kazan': «Zaman», 1996. – 272 s.

8. Shildebaj S. Tyrikshildik zhane Qazaqstandagy ult-azattiqqozgalys. – Almaty: «gylym», 2002. – 214 b.
9. Orkun H. Türkçülüğün tarihi. – Ankara: Yenişehir, 1977. –115 b.
10. Zenkovsky S. Pan-Turkism and Islam in Russia. – Cambridge, Massachusetts: Harvard university press, 1960. –P. 345.
11. QROMA. 53-q., 1-t., 9(a) –is.
12. RFMA. 9599-q., 1-t., 10-is.
13. RFOOMA. 10-q., 1-t., 412-is.

<https://doi.org/10.47526/2024-1/3007-6366.18>

<https://orcid.org/0009-0006-5306507X>

Э. У. Зулпыхарова

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: elmira.s@mail.ru

Э. А. Абдурахманова

II курс тарих магистранты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: ezazaztb@mail.ru

ВИЗАНТИЯ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРНЫ

Аңдатпа.

Мақалада автор византиялық кезеңіндегі түркі халықтарының орны қандай болды нақтырақ византиялықтардың өмірінің өзгеруіне түркілердің алып келген жетістіктеріне тоқталды. Олардың Византия мемлекетінің құлауына ықпалы немесе халықтардың ассимиляцияланған жайлыда нақтырақ көрсетті. Сонымен бірге Византия өзінің бүкіл өмірінде - IV ғасырдан XV ғасырға дейін-шығыстың өркениеттерімен тығыз және алуан түрлі байланыста болды, осы кезең аралығындағы Византиялық атауларда және жазба мәтіндерде түркі халықтарының көрініс табуы жайлы баяндалған. Шығыспен бәсекелестік әртүрлі жолдармен дамыды. Біз Византия, мұсылман, латын және славян тілдері шеңберінің барлық сақталған көздерін жан-жақты зерттеуге тырыстық.

Батыс Византия аймағында грек, латын, Оңтүстік славян, араб және түрік жазба дереккөздері ең маңыздысы ретінде алға тартылған. Ғылымда Византия-түркі өзара әрекеттесуінің біз таңдаған аспектісі жүйелі түрде (зерттелмеген) дамымағанымен, оның толыққанды зерттеуі кең фактографиялық және тұжырымдамалық контекстсіз мүмкін емес. Бұл контекст сөзсіз ескерілді және біздің зерттеу барысына әсер етті деп айтуымызға болады.

Кілтті сөздер: өркениет, рухани, дерек көзі, Византия, түркі миграциясы, материалдық ескеркіштер, жазбаша ескерткіштер, түркі халықтары.

Э.У. Зулпыхарова

кандидат исторических наук, доцент Международного казахско-турецкого
университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г.Туркестан) e-mail: elmira.s@mail.ru

Э. А. Абдурахманова

магистрант истории II курса Международного казахско-турецкого
университета имени Ходжи Ахмеда Ясави ,
(Казахстан, г. Туркестан) e-mail: ezazaztb@mail.ru

МЕСТО ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В ВИЗАНТИЙСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация.

В статье автор остановился на том, какое место занимали тюркские народы в византийский период, а именно на достижениях, которые привели тюрков к изменению

жизни византийцев. Их влияние на падение Византийского государства или ассимиляция народов было более выражено в комфорте. В то же время на протяжении всей своей жизни - с IV по XV века - Византия была тесно и разнообразно связана с цивилизациями Востока, рассказывая об отражении тюркских народов в византийских именах и письменных текстах этого периода. Конкуренция с Востоком развивалась по-разному. Мы постарались всесторонне изучить все сохранившиеся источники круга византийских, мусульманских, латинских и славянских языков.

В Западно-византийском регионе греческие, латинские, южнославянские, арабские и турецкие письменные источники считаются наиболее важными. Хотя выбранный нами аспект византийско-тюркского взаимодействия систематически (неизученно) не развивается в науке, его полноценное исследование широко фактографически и т. д.

Ключевые слова: цивилизация, духовный, источник, Византия, тюркская миграция, материальные памятники, письменные памятники, тюркские народы.

E.U.Zulpykharova

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Khoja Ahmed Yasawi international
Kazakh-Turkish university
(Kazakhstan, Turkestan) e-mail: elmira.s@mail.ru

E.A.Abdurakhmanova

II course Master's student in history Khoja Ahmed Yasawi international Kazakh-Turkish
university
(Kazakhstan, Turkestan) e-mail: ezazaztb@mail.ru

THE PLACE OF THE TURKIC PEOPLES IN BYZANTINE SOCIETY

Annotation.

In the article, the author focused on the place occupied by the Turkic peoples in the Byzantine period, namely on the achievements that led the Turks to change the lives of the Byzantines. Their influence on the fall of the Byzantine state or the assimilation of peoples was more pronounced in comfort. At the same time, throughout its life - from the IV to the XV centuries - Byzantium was closely and variously connected with the civilizations of the East, telling about the reflection of the Turkic peoples in the Byzantine names and written texts of this period. Competition with the East developed in different ways. We have tried to comprehensively study all the surviving sources of the range of Byzantine, Muslim, Latin and Slavic languages.

In the Western Byzantine region, Greek, Latin, South Slavic, Arabic and Turkish written sources are considered the most important. Although the aspect of Byzantine-Turkic interaction we have chosen is not systematically (unexplored) developed in science, its full-fledged study is widely factographically, etc.

Keywords: civilization, spiritual, source, Byzantine, turkish migration, material monuments, written monuments, turkish peoples.

E.U. Zulpykharova

doktora Doçent, Hoca Ahmed Yasavi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi
(Kazakistan, Türkistan şehri) e-mail: elmira.s@mail.ru

E. A. Abdurakhmanova

Tarih Yüksek Lisans Öğrencisi, Hoca Ahmed Yasavi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi
(Kazakistan, Türkistan şehri) e-mail: ezazaztb@mail.ru

TÜRK HALKLARININ BİZANS TOPLUMUNDAKİ YERİ

Özet.

Makalede yazar, Bizans döneminde Türk halklarının nerede oturduğuna, yani Türklerin Bizanslıların yaşamlarında bir değişikliğe yol açan başarılarına odaklandı. Bizans devletinin çöküşü veya halkların asimilasyonu üzerindeki etkileri rahatlık açısından daha belirgindi. Aynı zamanda, yaşamı boyunca - 4. yüzyıldan 15. yüzyıla kadar - Bizans, Türk halklarının bu dönemin Bizans isimlerine ve yazılı metinlerine yansımalarından bahsederek Doğu medeniyetleriyle yakından ve çeşitli şekillerde bağlantılıydı. Doğu ile rekabet farklı şekillerde gelişti. Bizans, Müslüman, Latince ve Slav dillerinin çevresinin hayatta kalan tüm kaynaklarını kapsamlı bir şekilde incelemeye çalıştı.

Batı Bizans bölgesinde Yunanca, Latince, Güney Slavca, Arapça ve Türkçe yazılı kaynaklar en önemlileri olarak kabul edilmektedir. Bizans-Türk etkileşiminin seçtiğimiz yönü bilimde sistematik olarak (incelenmemiş olarak) gelişme de, tam teşekküllü araştırması geniş ölçüde olgusaldır.

Anahtar Kelimeler: medeniyet, manevi, kaynak, Bizans, türkgöçü, maddianıtlar, yazılı anıtlar, türk halkları.

Кіріспе

Византия мемлекеті сонау ерте кезеңнен бастап славяндар, орыстар, түріктер, хорваттар тағы басқа халықтар есебінен ұлттардың саны басым болды.

Византия ертеден дипломатиялық қарым қатынас жасап келе жатқан түркілер мемлекеті Византия қоғамындағы түркілер туралы Рустам Шукуров, [1] С.Врионистың [2] еңбектерінен көре аламыз. Қазіргі кезеңге дейін Византияның сыртқы саясатына соғыстарына ішкі экономикалық жағдайына арналған зерттеулер басымрақ, ал елдің ішкі рухани және мәдени өміріндегі түркі халықтарының рөліне арналған нақты отандық зерттеулер жоқтың қасы десекте болады.

Негізгі мақсатымыз Византия империясының өмір сүруінің соңғы жылдарындағы Византия әлеміндегі түркі халықтарының сандық құрамы жайлы сипаттау, кейінгі византиялық кезеңдегі түркі азшылығының византия қоғамына эмигрант ретінде кіру жолдарын анықтау. Ең бастысы түрлі тарихи деректер арқылы Византияның құлдырауындағы түркі халықтарының ролін айқындау.

Зерттеу әдістерімен материалдар

Византия әлеміндегі түркі халықтарының орнын зерттеуге арналған мақалада арнайы тарихи әдістердің ішінен: тарихи-салыстырмалы әдіс, тарихи - жүйелеу әдісі, ретроспективалық әдіс қолданылды.

Тарихи-салыстырмалы әдісін негізге ала отырып Джон Цецтің "Теогониясынан" үзінді, онда "скиф" және "парсы" тілдерінің үлгілері берілген [3]. Мақалада түркі тілдерімен парсы тілдерінің ұқсас жақтары сараланды. Парсы араб скиф тілдерінің ұқсас жақтары мен айырмашылығын салыстырып көрсетіп береді. Бұл әдіс сонымен бірге сол уақыт пен кеңістіктегі халықтарды салыстыру мақсатында қолданылған болатын.

Тарихи-жүйелеу әдісі арқылы бірнеше арнайы тақырыптар негізінде олардың өзара байланысын анықтадық. Мысалы византиялықтармен түркі халықтарының сыртқы байланыстары С.Врионис "Византия және түркі қоғамы және олардың адами ресурстарның қайнар көзі" [2]. еңбегінде көрсетілген, VII-XI ғасырлар шеңберіндегі топтарға бөлініп кейірек сол жердегі халықтармен ассимиляцияға ұшыраған Византия шығысындағы иммигрант түркілер және түркілердің осы византиялық өркениетке әсері жайлы арнайы тақырыптарды қарастырдық [1].

Ретроспективалық әдісін қолдана отырып өткенге көз жүгірту, артта қалған оқиғаларға үңілу; ретроспективті көзқарас - өткенге қарау, ретроспективалық оқиғаларды парақтау арқылы Византия жайлы Рустам Шукуровтың "Тюрки в византийском мире" еңбегінде баяндалған ертеден келе жатқан түркілермен византиялықтар байланысы жайлы көрсеттік.

Баяндау көздері, ең алдымен тарихнама, екі мағынаға ие. Біріншіден, олар кез-келген әлеуметтанулық және мәдени зерттеулерге қажетті саяси және әлеуметтік негіз береді. Екіншіден, бұл Византия әлеміндегі түркі қоныстанушылары туралы деректі дереккөздерден кейінгі мәліметтер қоймасы болып табылатын тарихнама.

Талдау мен нәтижелер

Византия қоғамында түркі халықтарының белсенді әрекет еткен уақыты - XI ғасырдан бастап XV ғасырдың ортасына дейін. Византия халқының тарихына, күнделікті өміріне анықтама бере алатын, бізге осы мәселелерде анық-қанық көрініс беретін еңбектердің бірі, әрі бірегейі Дьюлы Моравчиктің "Byzantinoturcica" еңбегі [4]. Аталған зерттеу жұмысында орта грек лексикалық элементтерінен түркі халықтарына қатысты мәліметтер сұрыпталған, жинақталған. Византиялық мәтіндерді талдау арқылы біз көптеген орта және кейінгі византиялық кезеңдегі мәтіндерде ерте замандағы, тіпті орта ғасырлардағы халықтардың атауы кездесетіндігіне көзіміз түскен болатын автор Г. Хунгер [5] болды, оның ойынша: «византиялық авторлар көп жағдайда жаңа түскен мағлұматтарды жаңа еніп жатқан сөздер арқылы емес, бұрынғы анықтамалық сөздер арқылы алмастыра отырып жеткізуге тырысқан» деп келтіреді. М.В. Бибигов [6] зерттеуі бойынша Ол: «шетелдік халықтарды немесе Византиядағы басқа халықтардың өмір салтын сипаттауда византиялық авторлардың басым көпшілігі антикалық авторларға еліктеушілік байқалды. Византиялықтар шет халықтарды (Византия өркениетіне жат өркениет иелерін) «варварлар» деп атап, варварлардың өмір салтын, күнделікті тұрмыс-тіршілігін сипаттауда «өз бетінше баяндауды» қосқан жоқ еді. Сырттан келетін сөздердің барлығын варварлық жаңадан кірген сөздер мен сөз тіркестері деп санап, тіл тазалығын сақтап қалуға тырысқан болатын. XIII ғасырдың соңына таман византиялық географтар Птоломей мен Страбонның географиялық ілімдерін өзара салыстыру арқылы, өз заманының да географиялық білімдерін қосу арқылы География ғылымын дамытуға, ілгерілетуге тырысты. Бұл зерттеулердегі түркі халықтарының орналасуы туралы қателіктердің орын алуын да байқауымызға болады. Мәселен, византиялық географ, астроном М. Планудтың [7] еңбектерінде Дунайдан солтүстікке қарай, одан кейін шығысқа қарай бағытталған аймақтарды Скифия деп таныды, византиялық авторлардың түсінігінше Үнді өзеніне дейінгі алқапты Скифтер патшалығы алып жатты. Каспий теңізін византиялық географтар әлемдік мұхиттың шығанағы деп санады (кейбір географтар көл деп те санады). Әлемдік мұхиттың бір бөлігі саналған Каспий теңізінің жағалауында ғұндар, массагеттер мен сақтар өмір сүрді.

Шығыс антропонимикасы мен топонимикасы дәстүрлі деректі және баяндау көздерімен үйлесіп, Византия түріктерінің демографиясын ішінара қалпына келтіруге мүмкіндік береді. П.И. Лаворонковтың [8] кейінгі Византия дәуіріндегі түркі ақсүйектері туралы мақаласын атап өткен жөн, ол негізінен грек баяндау көздерінің материалын талдайды. Зорица Джоковичтің [9] зерттеуі Шығыс Македонияның кейінгі Византия антропонимикасын аймақтың этникалық тарихының қайнар көзі ретінде зерттейтін алғашқы жалпылама жұмыс болды. Византия түріктерінің демографиясын талқылауды мен Македониядағы жағдайдан бастаймын, бұл империяның басқа бөліктерінің демографиясын түсінуге көмектеседі. Осы жердегі маңызды жайттың бірі демографиялық дәлелдер сақталған басқа аймақтар-Константинополь мен Лемнос қарастырылады. Бұл екі қала жайлы демографиялық дәлелдер нақты көрсетіледі.

Мұсылмандарға, сондай-ақ оң жақтағы паган «скифтерге» сілтемелер, керісінше, тек канон әдебиетінде ғана жүйелі болып табылмайды және кездейсоқ. Бізді ең алдымен он бірінші ғасырдан бастап Византия заңы түркі шапқыншылығының империяның ішкі өміріне тигізетін әсерін қалай түсінетіні қызықтырады [1,120].

VII–XI ғасырлар кезеңі үшін үш негізгі топты бөлуге болады. Византия аумағында өмір сүрген шығысынан келген мұсылман иммигранттар: 1) әскери тұтқындар, 2) саудагерлер және дипломаттар, 3) "саяси" босқындар [1,136] византиялықтардың Скифтер туралы сипаттамаларына жүгінсек. Скиф атауы –солтүстікте, Дунайдан солтүстік-шығысқа

қарай, Қара теңіздің солтүстігінен қиыр шығысқа қарай өмір сүрген халықтардың жиынтығы ретінде анықталды.

Эллиндік ғылым варварлық қоғамды үш түрге ажыратып көрсетеді:

1. Отырықшы варварлар;
2. Аңшы –варварлар.
3. Мал өсіруші көшпелі варварлар [10,200].

Төртінші Крест жорығының нәтижесінде Византия уақытша құлады және Латын және Никея империясының өмір сүрген шағында жиырмаға жуық түркі аксүйек отбасыларының ішінен Камиц, Исис, Маниак, Манкаф, Хапұф, Казан әулиеттері ерекшеленіп, өз әлеуметтік статустарын сақтап қала алды [11, 63].

Өзгертілген саяси және демографиялық жағдайға байланысты авторлардың қызығушылығын тудырған мынадай орталық тақырыптарды бөліп айтуға болады: 1) өзге ұлт өкілдерімен неке қию; 2) күмәнді нәресте баптизмі проблемасы мәселелері маңызды болды.Қалай болғанда да византиялықтардың (немесе, дәлірек айтсақ, византиялықтардың) басқа да сенім адамдарымен неке қию мүмкіндігі Византия элитасының тәжірибесімен расталады: XIII-XV ғасырларда палайологтар мен Ұлы Комненилер түркілермен және моңғолдармен әулеттік некелер жасады [12, 19]. Мысалы, 1265 жылы Майкл VIII Палайологтар өзінің заңсыз қызын дінсіз кәпірлер Абакаға үйленді, ал 1346 жылы Джон VI Кантакузенос өзінің заңды қызы Теодораға мұсылман, османлы әмірі Орханға үйленді [13, 108].

Византиялық грек тіліне түркі тілінен енген неологизмдерді зерттеу барысында біз филологиялық және лингвистикалық тұрғыдан емес, әлеуметтік тарихи тұрғыдан зерттеу жұмысын ұйымдастыруға тырыстық. Зерттеу жұмысы барысында Византия мен Шығыстың тарихи кездесуінен, өзара түйісуі нәтижесінде белгілі бір мөлшерде әлеуметтік-мәдени өзгерістер жүзеге асырылып, византиялық күнделікті өмірге түркі тілінен лексикалық материалдар ене бастады.


Түркі диалектілерінің жергілікті ерекшеліктері дунай өңірі мен Анатолияда XIII-XI ғасырларда қандай болғанын ғана жорамалдай аламыз. Түрлі тайпалар мен тілдердің көптеген түркі көшпелілері Моңғол шапқыншылығының қысымымен Орта Азия мен Солтүстік Ираннан қуылды. Көшпелілер XV ғасырға дейін Анатолия мен Солтүстік Қара теңіз жағалауы төңірегінде қозғалуды жалғастырды. Біз түркі жауынгері Тгобуройды атап өттік; Есімі этнос пен лақап аттың байланысын бір мәнді көрсететін исрис. Осындай тағы бір мысал келтірейік, ол одан да айқынырақ. Михаэль VIII Палайологостың заңсыз қызы Мария Дипловатацина шамамен 1265 жылы Ильхандардың бірінің әйелі болу үшін Иранға жіберілді. Хан Абакуға (1265-1282) тұрмысқа шығып, моңғол сотында өзінің христиандық сенімін сақтап қалды. 1282 жылы болған Абака қайтыс болғаннан кейін Мария Византияға оралып, Меланияның атымен монастырьлық серт алды [14,243].

XI ғасырдың орталарында және одан да кейінгі кезеңдерде түркі-селжуктарының Византия империясының шекараларына жақындап византиялық Анатолияға ене бастауынан, сонан кейін Кіші Азия түбегінде түркі мемлекеттерінің пайда болуынан Византия мен Шығыс арасында тығыз байланыс орнай бастайды. Византиялық кеңістіктің ішіне шығыс тығыз ене бастады. Осылайша, саяси өзгерістер Византияда терең мәдени трансформацияға алып келді, бұл өз кезегінде византиялық кеңістікті Шығыстың одан әрі ықпалына ашық ете бастады. Шынында да 1453 жылы Константинопольдің құлауы, 1461 жылы Трапезунд аумағында Осман билігінің орнауы нәтижесінде әдеби тілге де, күнделікті тұрмыстық өмірде қолданылған грек тіліне де түркі тілінің жоғары қарқынмен енуіне түрткі болды.

Тек византиялық мәдени кеңістікке ғана емес, сонымен қатар италяндық және кипрлік грек тілдеріне де XII ғасырдан бастап түркі тілдерінен енген сөздер мен этнонимдік сөз тіркестері, неологизмдер көптеп кездеседі. Түркі тілінің сөздері мен неологизмдерінің Ласкарида, Палеологтар және Ұлы Кимнидер империяларына енуі әр түрлі тарихи

жағдайларға байланысты өзара ерекшеленеді. Мәселен, италяндық грек тіліне араб және түркі сөздері мен неологизмдері басқа диалектілерге енбегендей тәрізде енді.

Македониядағы Шығыс антропонимдік тасымалдаушылардың, яғни түркі халықтарының шоғырлануының келесі бағыттары ерекшеленеді: төменгі Стримон және Серра, Веррия және Яница көлінің айналасы, Вардар және Струмица өзендерінің аңғарлары, Халкидиктегі Каламария, Иериссос және Вольви көлінің жағалаулары, Салоника және Константинополь. Төменде осы аймақтардың ең маңыздылары картада сипатталады [9, 108].



Сурет-1. Македониялық Византияда түркі халықтарының орналасу ерекшеліктері (О.Р. Шукуров бойынша).

Македониялық микротопонимика антропонимика деректеріне толық сәйкес келеді. Топонимдерді екі топқа бөлуге болады. Біріншіден, бұл қыпшақ топонимдері:

Команиц (κομανίτ ης), 1325-1338, Веррияның солтүстік-шығысында, бұрынғы жер иесінің атынан шыққан топоним [15, 228].

Куманский Брод, 1300, нақты орны белгісіз, Скопье маңында, Вардар өзенінің аңғарында.

Куманци, 1481, Батыс Македония, Спандидегі микротопоним (Қазіргі Фанос, Флоринадан оңтүстік-шығысқа қарай 20 км) [16, 227].

Куманичево, 1372-1375, Вардара алқабының оңтүстік бөлігінде .

Куманова, 1467-1468, Скопьеден оңтүстік-шығысқа қарай 23 км, қазіргі атауы-Гумалево. Атаулардың екінші тобы Македонияда Анадолыдан келген түріктердің болуын көрсетуі мүмкін: γα ἰςς (араб. En ghāzī), XIII ғасырдың аяғы-XIV ғасырдың басы, Каламариядағы Русеу маңындағы жер бұрынғы прониардың атымен аталған болуы мүмкін; 1327 жылға қарай бұл жер βαρβαρηνοί сарбаздарының компаниясына тиесілі болды [1, 227].

Κουμουτ ῖούλου, Κουμουντ ῖούλου (天 түрік. kütscülü "қазылған қазына үшін бар", мұнда kütscü ә kütüncü" көмілген қазына"; Османлы. gömü "көмілген қазына"), 1301 жылдан XV ғасырдың ортасы, жақын Неохоракия Каламарияда.

Μελίκι (天 түрік. Мелик, түркі тіліндегі сөз, араб тілінен парсы тілінен өтті malik "патша"), XIII — XIV ғасырдың аяғы. (?), Веррияның шығысында бұрынғы прониара есімімен аталған болуы мүмкін. Келесі микротопонимдерді қыпшақтар да, Анадолы

түріктері де енгізген болуы мүмкін: Τουρκοχονεριον ("түркі ауылы"), XIV ғ. (?), қазіргі атағы-Патрис, Верриядан солтүстік-батысқа қарай 5 км жерде, Вермионның етегінде [17, 78].

Τουρκοχονεριον, шамамен 1302 ж. мүмкін Каламариядағы Гавриана маңында. Топонимді оқшаулау даулы. Дж. Лефор оны Салониканың батысында орналасқан деп көрсетеді. Алайда, Лавраның актілерінің бірі (Андроник II Палеологтың chry soboullon sigillion) оны Гаврианамен бірге атап өтеді (τ τν Γαβρίανην κα τ τ τ τουρκοχονεριον); ең бастысы, аталған барлық елді мекендер тек Каламарияға қатысты. Лавра актілерін шығарушылар Каламариядағы τουρκοχονεριον локализациялайды. Төменгі Стримон және Серра. Дереккөздерде төменгі Стримон мен Серре үшін түркі тектес топонимдер сақталмағанымен, түркі қоныстанушыларының шоғырлануы Македониядағы ең жоғары деңгейге ие болған сияқты: оның барлық шығыс атауларының 30% - ы осы жерде шоғырланған. Шығыс иммигранттары осы аймақ үшін тіркелген жалпы атаулардың шамамен 1,7% құрайды. Мұнда "Скифтер" де, "парсылар" этнонимдері кездесіп жатады, бірақ соңғысы басым: қыпшақтар мен Анадолы түріктері арасындағы қатынас шамамен 2:3 құрайды [1, 229].

1320-1340 жылдары анатолиандық түріктерден шыққан одақтастар мен жалдамалыларды византиялықтар негізінен азамат соғыстарында және болгарлар мен уездер тарапынан сыртқы қауіп-қатерге тойтарыс беру үшін споралы түрде ғана пайдаланды. Анатолиядан түріктердің ішкі күйзеліске қатысуының алғашқы тіркелген жағдайы 1322 жылға жатады, ол кезде Андроникос II византия әскерімен бірге немересі Андроникос III-ге қарсы түркі контингентін жіберді [18, 127].

Бұл түріктердің кім болғаны белгісіз - Қараси немесе Сарухан әмірлігінің тумалары, османлылар немесе тәуелсіз жалдамалы компаниялар. Сол кезден бастап саяси қарсыластарына қарсы ұрыс алаңдарында түркі контингенттері белсенді қолданылды — 1321-1328 жылдары Андроникос II мен оның немересі АНДРОНИКОС III арасындағы қақтығыста, және 1341-1347 жылдары Джон Кантакузенос пен Савойя Анна бастаған Константинополитандық партия арасындағы соғыста, сондай-ақ 1352-1354 жылдары Иоанн VI Кантакузенос пен Джон V Палайологостың арасындағы қақтығыста [19, 287].

Византия жерінде алғашқы түркі ақсүйектерінің пайда болуы мыңыншы жылдың орталарына тура келеді. Жыл сайын ел аумағындағы түркі ақсүйек әулиеттерінің саны өсе бастағанын байқауға болады. Византия аумағындағы түркі және араб диаспораларының тарихын зерттеумен айналысқан А.П. Каждан мен П. Баденас қайсы ақсүйек әулиетінің қайсы ұлтқа жататындығын (араб немесе түркі) үзілді-кесілді анықтықпен нақты айтып өтпеген. Бұл әрине өкінішті жайт. Екі автордың зерттеулері бойынша Византия аумағында түркі ақсүйектерінің пайда болуы XI ғасырдың ортасынан бір жарым ғасырдың ішінде ел аумағындағы түркі ақсүйек әулиеттерінің саны оннан асса, осы кезеңдегі Византия жерінде аты шыға бастаған түркі ақсүйектерінің саны елуден асқаны жайлы келтіреді.

Қорытынды

Қорытынды жұмыста берілген әдістемелік негізде зерттелген дереккөздер Византия халқының құрамында түркі тектес адамдар мен топтардың бар екендігін айқын көрсетеді. Түріктер барлық әлеуметтік топтарда болған. Олардың арасында "парсылар" да, "Скифтер" де болды, біріншісі айтарлықтай басым болды. Орта және жоғары ақсүйектер құрамында түріктердің болуы өте айқын болды, бұл Батыс Византия қоғамдарының жоғары ұтқырлығын көрсетеді. Бұл жұмыста қарастырылған грек қоғамына Шығыс әсер ету фактілерін мен Византия территориясындағы түркілердің этникалық экспансиясының алғашқы кезеңдерінің бірі ретінде анықтаймын, ол түріктердің Византия әлемінде саяси үстемдікке жетуіне дейін созылды. Византия емес кезеңдегі түркі-грек этникалық және мәдени "өзара алмасудың" мәні мен салдары оның ұзақ мерзімді салдары тұрғысынан Тарихи перспективада қарастырылған.

Мақалада негізі Византия менталитетіндегі "Византия түркі" бейнесін қайта құруды жалғастыру жайлы айтып кеткенбіз. Егер шетелдік түріктің бейнесі әдебиетте дамыған болса, онда византиялықтардың "өз" түріктеріне деген көзқарасы осы уақытқа дейін түсініксіз болып келді. Сонымен қатар мақалада Македониялық Византияды түркілердің орналасуы жайлы берілген ол арқылы біз түркілердің қай жерлерге жеткені жайлы біле аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Shýkýrov r. m. Vízantia álemindegi túrikter (1204-1461).- M.: Máskeý ýniversitetiniń baspasy, 2017.-631 B
2. S. Vríonis. Vízantia jáne túrik qoǵamdary jáne olardıń jumys kúshiniń kózderi, Vízantia, seljuq jáne Osmanly týraly zertteýler: qaita jarialangán zertteýler. Malibý, 1981, № 3, b. 600 c
3. Djon Sestiń "Teogonia" epilogındaǵy grek-varvarlyq DIALOGtar // ejelgi jáne orta ǵasyrlardaǵy Shyǵys Eýropa (VEDS). 2022. T. 34. 203-207 BB.
4. Dýlı Moravchík. Byzantinoturcica. Akademia-Verlag, 1958.- 609 c
5. . HUNGER . JOHANNES CHORTASMENOS (CA. 1370—CA. 1436/37). BRIEFE, GEDICHTE UND KLEINE SCHRIFTEN («Wiener byzantinische Studien», Bd. VII). Wien, 1969, S. 256+8 Taf.
6. M. V. BIBIKOV, HISTORICAL LITERATURE OF BYZANTIUM, 7363, Publishing House "Aletheia", St. Petersburg, 1998Б. А. Рыбаков .
7. Craft of ancient Russia. Moscow, 1948, p. 48; L. Hauptmann . Les rapports des Byzantins avec les Slaves et les Avars pendant la seconde moitié du VI s. Byz., IV, 1927—1928, p. 141.
8. Review of: Bredenkamp F. The Byzantine Empire of Thessaloniki (1224–1242). Thessaloniki, 1996
9. Byzantine Turks: On the Question of the Ethnic Composition of the Byzantine Empire in the Era of the Palaiologos. 2009. T. 68. Pp. 108–134.
10. K. E. Müller. Geschichte der antiken Ethnographie und ethnologischen Theoriebildung von den Anfängen bis auf die byzantinischen. Steiner Verlag, 1980, Teil II. 563 S
11. Vízantia Ýaqytshysy. RǵA jalpy tarih institúty. Resei Federasiyasynyń Vízantia ulttyq komiteti. Vízantiadaǵy túrikter (XIII-XIV ǵasyrdyń ortasy) bóligi birinshi túrki aqsúiekteri. Djavonronkov P. Jáne 2006. C 90.
12. For a discussion of the generally poor material for the earlier period of the Byzantine-Arab wars, see: Vguopiz. Maproteg. p. 131; 13. For more details see Chapter VI, as well as: APso/ O. Mihesi Maggiaşez ip VugapFit ip F TYigIepF SepShgu // ZSHsiiyez ip SIGSy NizFgu. 1964.
13. Raskut. Sh.Z. (1.1, p. 235); RR. № 21395; Kipsitap 5. TЪe Ъaciiiez oi She Mon^oiz // Ец цвцпрiv К. Аавтоо. АӨцва, 1960. P. 48-53
15. Kgaigi V. Viiiiez ee viiia^ez cie Macëcioipe occiiëpiaie. R., 1989. Pp. 76-78; RR. № 11999
16. Kgaigi V. Viiiiez ee viiiades... P. 13
17. Kgaigi V. Viiiiez ee viiiades... P. 91
18. Sapias. T. 1. P. 151-152. John Kantakouzenos emphasizes the negative attitude of Andronikos III (as well as his own) to the very fact of deploying Turkic troops against his own countrymen ("tiuv rev kata tshi brosrAyui tshi Perashi yolaushutsi yoTaicaae tshi avtietaureyuv").
19. K. E. Müller. Geschichte der antiken Ethnographie und ethnologischen Theoriebildung von den Anfängen bis auf die byzantinischen. Steiner Verlag, 1980, Teil II. 563 S.

ӘОЖ 94(574)

Н. Қ. Каттабекова

тарих ғылымдарының кандидаты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің доцент м.а.
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: nazygul.kattabekova@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0004-1520-6885>

Ш. Б. Нурманова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0006-8879-7078>

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚУҒЫН- СҮРГІНГЕ ҰШЫРАУЫ (1920-30 ЖЖ. АРАЛЫҒЫ)

Андатпа. Мақала 1920-30-ші жылдары аралығындағы қазақ зиялыларының білім беру жүйесі бойынша қуғын-сүргінге ұшырауы тарихын зерттеуге арналған. Оның тарихнамалық зерттелу деңгейі мен деректік көздерін жаңаша тұрғыдан қарастыру осы мақаланың басты мақсатын айқындайды. Аталған кезеңдегі бұл саясаттың әсіресе, білім беру жүйесіндегі тұлғалардың қуғын-сүргінге ұшырауы үстірт, асығыс саясаттың араласуымен науқан түрінде асқан қатыгездікпен көрініс тапқаны тың деректер зерттеу жұмысында талдауға алынған.

Еліміз егемендік алғалы Отан тарихының түрлі салалары бойынша зерттеу жұмыстарының қарқынды түрде жүргізіліп жатқандығы баршамызға аян. Соған қарамастан, әлі де болса өз кезегін күтіп, зерттеу нысанына айналмаған тақырыптар бар. Соның бірі білім беру жүйесі бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың қызметі, тағдыры, тарихы. «Өткенсіз болашақ жоқ» немесе «тарихтан тағылым» деген қағидаларға сүйенсек, қоғам өміріндегі барлық құбылыстардың себеп-салдарын өткен тарихтан іздеуіміз қажет.

Күннен күнге қанатын жайып, тереңдей түскен жаһандану үдерісі жағдайында ұлттың ұлт ретінде тарихи санасының сақталуының басты шарттарының бірі, оның ғылыми-теориялық негізде жазылған шынайы да танымды жазба тарихының болуында болып отыр. Өйткені, тарих – ұлттың жады. Тек жүйелі де, объективті, мүмкіндігінше ғылыми негізде жазылған тарих қана ұлттың ұлттылығын сақтайтын тарихи жады міндетін атқара алады. Тек, ғылыми-теориялық негізде жазылған тарихтан ғана ұлт өзінің өткенінен мағлұматтар алып, олардан болашаққа сабақ түйіндейтіндей ойларды иеленеді.

Кілт сөздер: қазақ зиялылары, тарихи жады, қуғын-сүргін, білім беру жүйесі, ұлттандыру.

Kattabekova N.

Candidate of Historical Sciences, Assist. Professor
Khoja Akhmet Yassawi International
Kazakh-Turkish University
(Turkistan, Kazakhstan) e-mail: nazygul.kattabekova@ayu.edu.kz

Nurmanova SH.

Senior lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International

Kazakh-Turkish University
(Turkistan, Kazakhstan) e-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz

REPRESSIONS OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA IN THE EDUCATION SYSTEM (1920-30)

Abstract. The article is devoted to the study of the history of repression of the Kazakh intelligentsia in the educational system in the 1920s and 30s. A new look at the level of his historiographical study and sources of facts defines the main purpose of this article. This policy in this period is especially cruelly expressed in the form of a campaign with the intervention of a superficial, hasty policy of repression on the part of individuals in the education system.

We all know that since our country gained sovereignty, intensive research has been conducted on various areas of the history of the Fatherland. However, there are topics that have not yet become the subject of research, waiting for their turn. One of them is the activity, fate, and history of repressed persons in the education system. Based on the principles of "there is no future without the past" or "from history", we must look for the causes and consequences of all phenomena in the life of society in the history of the past. One of the main conditions for preserving the historical consciousness of a nation as a nation in the context of the deepening globalization process is the presence of a genuine and informative written history written on a scientific and theoretical basis. After all, history is the memory of a nation. Only a history written both systematically and objectively, if possible on a scientific basis, can carry a historical memory that preserves the nationality of the KL. Only from a history written on a scientific and theoretical basis does a nation draw knowledge from its past and draw lessons from it from the future.

Keywords: Kazakh intelligentsia, historical memory, repression, education system, nationalization.

Каттабекова Н. К.

кандидат исторических наук,
и.о.доцента Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжа Ахмеда Ясави
(Туркестан, Казахстан) e-mail: nazygul.kattabekova@ayu.edu.kz

Нурманова Ш. Б.

старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжа Ахмеда Ясави
(Туркестан, Казахстан) e-mail: shynar.nurmanova@ayu.edu.kz

РЕПРЕССИИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ (1920-30 ГГ.)

Аннотация. Статья посвящена изучению истории репрессий казахской интеллигенции по системе образования в 1920-30-е годы. Новый взгляд на уровень его историографического изучения и источники фактов определяет главную цель данной статьи. Эти данные были проанализированы в исследовательской работе, в частности, о том, что репрессии лиц в системе образования в данном периоде выражались в крайней жестокости в виде кампаний с вмешательством поверхностной, поспешной политики. Всем нам известно, что с момента обретения нашей страной суверенитета ведется интенсивная исследовательская работа по различным областям истории Отечества. Тем не менее, есть темы, которые еще не стали предметом исследования, ожидая своей очереди. Одним из них является деятельность, судьба, история репрессированных лиц по системе образования. Исходя из принципов «без прошлого нет будущего», мы должны искать причины и последствия всех явлений в жизни общества в истории прошлого. Одним из главных условий сохранения исторического сознания нации как нации в условиях углубляющегося глобализационного процесса является наличие

у нее подлинной и познавательной письменной истории, написанной на научно-теоретической основе. Ведь история - это память нации. Только история, написанная как систематически, так и объективно, по возможности на научной основе, может выполнять задачу исторической памяти, сохраняющей национальность. Только из истории, написанной на научной и теоретической основе, нация черпает знания из своего прошлого и извлекает из него уроки для будущего.

Ключевые слова: казахская интеллигенция, историческая память, репрессии, система образования, национализация.

Кіріспе. Отандық тарих ғылымының көпжақты бағыттарының ішінде ғылыми-тұлғалық бағыттағы зерттеу жұмыстары тәуелсіздік жылдарында ғана жандана түсті. Осы зерттеулерден шығатыны, кеңестік кезең жылдарында білім беру жүйесінде әлемдік дамудың «ұлтымызды нұрға түсіру» мақсатын көздеген қайраткерлеріміздің ой-пікірлерін, ұстанымдарын, сондай-ақ оны жүзеге асыру бойынша жасалған іс-әрекеттерді айтуға болады. Бірақ сол кездегі саясат оларды таптық, идеологиялық, саяси ұстанымдарына қарай жүргізіп, осы мақсаттардың жүзеге аспауын қатаң бақылауға алды. Соның нәтижесінде Кеңес өкіметіне қарсы шығып, қазақ мемлекеттілігіне ұлттық мүдде тұрғысынан келуді аңсаған Алаш қайраткерлерінің арман ауылы шалғайда қалды. Ал А.Байтұрсынов басшылығындағы зиялылар жалпы оқу-ағарту, білім, ғылым бойынша бірлікке ұмтылысы одан да қауіпті еді. Сондықтан олардың барлығы күшпен жаншылды. Осы жағдайлардан кейін де ұлтқа қызмет етуді көздеген тұлғаларға толықтай бөгет болған жоқ. Олар қазірдің өзінде кеңестер аясында ұлттық мүддені ойлайтын тарихи тұлғаларға айналды. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алаш зиялыларынан кейін Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, Қ.Қазмұхамед сынды тұлғалардың болғанын аңғаруға болады. Әйтсе де, олардың бәрі де кешегі Кеңес өкіметіне қарсы шыққан күштердің, саяси ұйымдардың өкілдері екенін бәрі білді. Сондықтан олар кейін Кеңестер жағына өткенімен, биліктің «ерекше бақылауында» болды. Ал Кеңес үкіметінің олардың өмірін тағы біраз уақытқа «ұзарту» мүмкіндігі оларға ерген халықтың сенімінің молдығына тікелей байланысты болды.

Өзектілігі. Білім беру, тіл, жазу саласындағы осы бір ертеден келе жатқан өктем, елмен санаспайтын әміршіл-әкімшіл саясаттың нәтижесі толығымен орыстандыру негізгі көздеген мақсаты болды. Қазақстан ғасырлар бойы жазу тарихына және әдебиетке өте бай болған. 30-шы жылдары барлық аймақта араб жазуын латын жазуына, сосын кириллицаға көшірді. Бұл негізінен әдейі жасалынған, маркстік ғылыми негіз болатын. Ол ұлттар арасындағы түсінбеушілікке және бұл халықтың жадын жоюға, адамдарды мәңгүрттікке алып келу болды. Отаршылдардың ұстанған саясатын, қолданған ебін, тұтынған әдісін, жасаған зорлығын айтып жеткізу мүмкін болмады.

Бүгінгі гуманитарлық ғылым элитаны саяси, басқарушы, ғылыми, ғылыми-техникалық деп жіктейді. Зерттеуіміз саяси элитаны қарастыруымен ерекшеленеді. XX ғ. 20-жылдары ұлттық мемлекет құруға ат салысқан қайраткерлердің қоғамдық-саяси қызметін таныту мәселесі бүгінгі күні өзекті сипат алып отыр. Еліміздің тәуелсіздік жолындағы күресі Алаш қозғалысының кеңестік билік тарапынан күйретілуімен аяқталған жоқ. Ол идеялық күрес кеңестік билікке тартылған ұлт зиялыларының қызметінде жалғасын тапты. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында большевиктік билік құрылымдарына тартылған қазақ зиялылары қазан төңкерісіне дейін ұлт-азаттық қозғалысқа араласып, саяси дайындық жолынан өтті. Түркістан өлкесінде билік құрылымдарында басшылық қызмет атқарған Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Төреқұлов, С.Асфендияровтар реформатор тұлғаларға айналды. Олардың саясат, білім және мәдениет салаларындағы қарымды қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда өзінің өзектілігін айқындай түседі. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметіне және ұлт зиялыларының ғылыми-педагогикалық мұрасына назар аударудың маңызы зор. Осы тұжырымдар мақаламыздың өзектілігін айқындайды. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы осы аталған саяси элитаның ұлттық мемлекет құру мен білім беру саласындағы ауқымды қызметі қазіргі Қазақстанның даму жағдайында да өз өзектілігін жоғалтпады.

Мақсаты мен міндеттері. Кеңес өкіметі тұсында еңбек етіп, ұлттық мүддені ойлаған тарихи тұлғаларымыз елуінші жылдардың басында «сталиндік режимнің» құрбаны болғандардың бірі ретінде ақталғанымен, содан кейін де ол туралы ғылыми зерттеу жүргізуге көпшіліктің батылы жетпеді. Тәуелсіздікке дейінгі «жылы» кезеңдерден бері ғана бұл тақырыппен айналысқысы келетіндердің саны артты. Көп жағдайда мақалалар түрінде жазу қоғамның жеке тұлғаларға көбірек назар аударуына әкелді. Сонымен қатар, мемлекет басшысының «Елжандық қазақстандықтарды оқыту туралы» бағдарламасы біздің зерттеу тақырыбы мен мемлекеттік бағдарламалар арасындағы байланысты көрсетеді. Сондай-ақ бүгінгі гуманитарлық ғылымдар элитаны саяси, билеуші, ғылыми, ғылыми-техникалық деп жіктейді. Біздің жұмыс саяси элитаны қарастыруымен ерекшеленеді. XX ғасырдың 20-жылдарындағы ұлттық мемлекет құруға атсалысқан қайраткерлердің қоғамдық-саяси қызметі мәселесі бүгінгі күні де өзекті. Еліміздің тәуелсіздік жолындағы күресі Алаш қозғалысын Кеңес өкіметінің талқандауымен біткен жоқ. Кеңес өкіметіне тартылған ұлттық интеллигенцияның қызметінде идеологиялық күрес жалғасты деп дәлелдеді. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында большевиктік билік құрылымдарына тартылған қазақ зиялылары Қазан төңкерісіне дейінгі ұлт-азаттық қозғалысқа араласып, саяси дайындық жолынан өтті [2, 21 б].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының тарихын объективті түрде зерттеу еліміздің тәуелсіздік алған жылдарында ғана қолға алынды. XX ғасырдың 20-30 жылдарында Түркістан облысы мен Мәскеу қаласында жоғары қызметтер атқарған Н.Төреқұлов, Т.Рысқұлов [3], С.Қожанов [4], С.Асфендиаровтың саяси қызметі [5], олардың қызметіне қатысты деректер ғылыми айналымға ұсынылды, ғылыми қорытындылар жасалады. Сонымен қатар, М.Қойгелдиевтің ұлттық саяси элита қызметіне қатысты [6] іргелі еңбегінде ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіруге саналы ғұмырын арнаған тұлғалардың қызметі мен тағдыры кеңінен қарастырылған. 1937-1938 жылдардағы білім жүйесіндегі қуғын-сүргін. құжаттар жинағында қамтылған [7]. Сол сияқты зерттеушілер М. Қазыбек, Ғ. Маймақов «Құпия кеңестер» кітабында ұлт зиялылары республикадан тыс жерлерде қызмет жасаса да олардың Қазақстандағы «көлеңкесімен» күрес жүргізгендігі талданған.

О. Қоңыратбаевтың іргелі монографиясында қайраткер қызметінің Мәскеу кезеңіне қатысты деректер ғылыми айналымға ұсынылып, бірқатар жаңа тұжырымдар жасалған. Т.Рысқұловтың Қазақстаннан тысқары жерлердегі қызметіне Қ.Нұрпейісов пен М.Асылбеков баға берді, С.Бейсембаев, М.Әбілтайұлы еңбектерінің маңызы зор болды [8, 45 б.]. Қожановқа қатысты еңбектер тақырыпқа қатысты мәселелерді нақты және концептуалды түрде кеңейтеді. Атап айтсақ, Б.Қойшыбаев, Р.Раджапова, Қ.Тілеуқұловтың іргелі зерттеулері. С.Қожановтың өмірі мен шығармашылығына қатысты диссертацияны зерттеген ғалымдар: Ж.Уәлиханов, Ә.Әбікей бұл тақырыптың аясын кеңейтті. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы С.Асфендиаров туралы Р.Сүлейменов, Х. Әбжанов, М.Махмудов, Ә.Жүнісбаевтар жүйелі зерттеу жүргізді. Ал диссертант Б.Қиясованың педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған зерттеуінде С.Асфендиаровтың мұрасы мен педагогикалық ойлары қарастырылған [9, 52 б.].

Талқылау. Еліміздің мемлекеттік қызмет пен қазақ зиялыларының шығармашылығын объективті түрде зерделеуге болады. Мұнда А.Бөкейхановтың замандастары М.Дулатов, М. Тынышпаев, Е.Омаров қазақ зиялыларының өмірі мен шығармашылығына байланысты негізгі басылымда жарияланған еңбектерін атап өткен жөн. Қазақ зиялылары кім туралы жазбасын уақыт еншісіне сай қайраткердің ұстанған зерттеулер мен атқарған еңбегін бірінші кезекке қойды.

Алаштағы ұлт зиялыларының қалыптасуы мен қызметі, Түркістан азаттық қозғалысы туралы зерттеулерге әдістемелік негіз қалаған Қ.Нұрпейіс, М.Қойгелдиев, Д.Аманжолова, О.А.Озғанбайдың іргелі зерттеулерінің маңыздылығын атап өткен жөн.

Тақырыптың тарихнамасының бірінші тобын құраған Ж.Қарағұсов, Л.Қ.Валиев, Т.Дүрдиев, Ш.Тастанов жолдастардың еңбектерінде, оның қалыптасуы мен қызметінің жетістіктері, ұлттық интеллигенция жалаң идеологиялық экспозицияға негізделді, біртұтас Кеңес үкіметінің ұлт саясатымен байланысты, ұлттық интеллигенцияның ғылыми идеясы дәлелдерге негізделген пікірлер қалыптасты. Ұлттық интеллигенция тақырыбының тарихнамасы 20-30 жылдардан басталғанын айта кеткен жөн. Түркістан элитасының көрнекті өкілі Т.Рысқұлов өз еңбектерінде қазақ зиялыларының тарихына үлкен мән беріп, оның пайда болуы мен қалыптасуы XIX ғасырдың аяғынан басталды деп қорытындылайды. Ол саяси-әлеуметтік, ұлттық бағдарларды басшылыққа ала отырып, ұлттық интеллигенцияның қызметін қарастырудың негізділігін алға тартады.

Түркістандағы ұлттық элитаның келесі өкілі С.Ж. Асфендияров ұлттық интеллигенцияның қалыптасу кезеңін XIX ғасырдың ортасынан бастауды да ұсынады.

Тақырыпты дамытуға деген қызығушылықтың артуына байланысты 70-жылдары А.Қ. Яндаров, П.Б.Сүлейменов шығармалары жарық көрді. Сол кездегі зерттеулердің ішінде Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның мәдени мұрасына тоқтала отырып, Ресейдегі шетелдегі ұлт зиялыларының тағдырын талдай отырып, Б.Сүлейменов еңбектерінің маңыздылығын атап өтуге болады. Р.В. Сүлейменов кеңестік тарихнамада қазанға дейін Қазақстанда 22 ғана жоғары білімді қазақ болған, ал Орта Азияда жоғары білімді жергілікті ұлттың бірде-бір өкілі болмаған деген қате пікір екенін атап өтті.

Орыс тарих ғылымының коммунистік идеологияның ықпалынан және гуманитарлық, демократиялық және жалпы азаматтық құндылықтар бағытында дамуы проблеманы жаңа көзқараспен бағалауға кең мүмкіндіктер ашты. Тәуелсіздік жылдары Х.Әбжанов пен А.Гуревич, А.Әміреқұлов және Н.Е.Масанов [15, 32 б.] ұлттық интеллигенция тақырыбын жаңа мазмұнда зерттеді.

Қазақ зиялылары қашан құрылды?» деген сауалға Х. Әбжанов былай деп жауап береді: «Ресейдің қол астына түскенге дейін XIV-XVII ғасырлардағы қазақ қоғамы ойшылдардың еңбегінің субъектісі болған жоқ. Олардың ішінде сәулетшілер де, басшылар да, композиторлар да, қолбасшылар да, ақындар да, сал-серілер де, жыраулар да, дипломаттар да болды. Дәл осы жерде шығармашылық қызметі шексіз даладағы өркениеттер талаптарына толық жауап беретін зиялы қауымның әлеуметтік тобы қалыптасты. Ш.Құдайбердіұлының ғылыми зиялы қызметінің қыр-сырын елге таныту үшін «Ақыл-ойы терең, тікелей тәжірибесі бар тұлға Әулие, сол болса керек. Дәстүрлі қоғамда бұл тұжырымды критериялды бағалауды мойындаймыз».

Тәуелсіздік жағдайында тақырыпты жаңа әдіснамалық негізде қарастыру бағытында М.Қозыбаев еңбектерінде зиялы қауым тарихының «ақтандары» жаңа мазмұнмен толықты. Мұндай жаңа концептуалды бағыт пен әдіснамалық негіз Ж.Әбілхожин, Омарбеков жолдастардың іргелі зерттеулерінде одан әрі кеңінен таралды. Е.Сыдықов зерттеулерінде «Алашорданың ақсақалы» Ш.Құдайбердиев бастаған бірқатар Алашорда элитасының өкілдерінің қызметі жаңаша тұрғыдан қарастырылды.

О.Қоңыратбаев болса өзінің «Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі» атты шығармасында С.Қожанов пен Т.Рысқұловтың саяси қоғамдық қызметіне ерекше ден қойған. Х.Тұрсұнның «Алаш қозғалысы» атты үш томдықтың үшінші еңбегінде С.Қожановтың мемлекеттік қызмет барысында атқарған қоғамдық қызметі туралы мол деректер келтіреді. Х.Тұрсұнның «Сұлтанбек Қожанов /Құжаттар мен материалдар» атты жинағында қайраткердің Түркістан өлкесіндегі қоғамдық қызметі мен өміріне қатысты архив қорлары мен мерзімдік басылымнан алынған деректер ұсынылды.

Ал Д.Махаттың саяси зиялы қауымның қатыгез тағдыры туралы зерттеу еңбегінде 20-30 жылдардағы күрделі қоғамдық-саяси жағдайдың себептерін ашып, объективті баға беруге арналған. Ол әсіресе ресми биліктің ұлттық интеллигенциясын жікке бөліп, ұлттық мүдде жолында олардың бірлігін әлсіреткен саяси күрес шараларының идеологиялық негізін

анықтауға тырысты. Демек, «рысқұловшылық», «қожановшылық», «мендешовшілдік», «сейфуллиншілдік» сияқты саяси айдарларды партиялық билік ойдан шығарылған «дәлсіздік» деп бағалайды, бұл элита арасында ұлтқа деген терең алауыздықтың жоқтығын көрсетеді.

Тақырыпқа тікелей қатысты Ә.М.Ауанасованың зерттеу еңбегі отандық тарихта қазақ интеллигенциясын алғашқы болып дербес зерттеумен ерекшеленеді. Бұл еңбектің маңыздылығы онда Түркістан тарихы Отан тарихының құрамды бөлігі ретінде жан-жақты қарастырылуы деп білеміз. Ә.М.Ауанасова Түркістан ұлттық интеллигенциясы басшыларының кеңестік тәртіптің қуғын-сүргінінен бой тасалап, эмиграциялық жағдайдағы ұлт-азаттық күресті одан әрі жалғастырған қызметіне біршама жан-жақты тоқталған [16, 66 б.]. Ол мұғажырлық жағдайдағы Түркістан ұлттық интеллигенциясын ұлттық белгісінен бұрын олардың саяси көзқарастарына қарай жіктейді. Еңбекте өлкедегі интеллигенция тұтас бірлікте қарастырылғандығына қарамастан тақырыптың өзекті желісі ретінде қашан интеллигенциясының қалыптасуы мен қызметі басты назарға алынғандығын ескеруіміз қажет. Тақырып тарихнамасының елеулі бөлігін тұлғаландыруға байланысты еңбектер құрайды. Тиісінше, элиталық теорияға негізделген зерттеулер жүргізудің бір жолы ретінде элита тұлғасының саяси өмірбаяны арқылы тарихи білімді қарастырудан бас тартуға болмайды. Бұл тәсіл оқиғалардың көпқабатты тарихи тізбегінде эпизодтық сипат басым болғанымен, жекелеген желілерді терең де байыпты түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Академик М.Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғатану зәру мәселелердің бірі екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін адам мен адамның қарым-қатынасы толық ашылған жоқ. Қызметкерлердің, мансап иелерінің дәрежесінде «орындаушылар» ұғымы төмендетілді. Қайраткер - жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек» деген тұжырым жасайды. Жоғарыдағы ойды алға тартқан ғалым «Отан тарихынан кейбір кездейсоқ адамдарды ығыстырып, тарихи тұлғаларды тұғырға қондыру керек» деген пікір айтады. Тарих мазмұнын қайта бағалау аясында айтылған бұл пікір тұлғаны зерттеу тақырыбына зерттеу жүргізудің негізділігін растайды.

О.Қоңыратбаевтың іргелі монографиясында қайраткер қызметінің Мәскеу кезеңіне қатысты тың деректер ғылыми айналымға ұсынылып, бірқатар жаңа тұжырымдар жасалған. Оның мәні – адамды тек жақсы қырынан тануға ұмтылу. Қ.Нұрпейісов, В.Х.Григорьев, М.Асылбеков, С.К.Нұрпейісов, В.Х.Григорьев, М.Асылбеков, Қ.Қ.Бейсембаев, М.Әбілтайұлы еңбектерінің маңызы зор болды. Сондай-ақ Т.Рысқұлов тұлғасын диссертациялық тұрғыда қарастыратын еңбектер де бірқатар құнды деректер айналымға енген.

Сондай-ақ, ауыл Кеңес өкіметіне қарсы шыққан, қазақ мемлекеттілігіне ұлттық мүдде тұрғысынан келуге құлшынған Алаш қайраткерлерінің арманы болды. Ал М.Шоқай бастаған зиялы қауымның ортақ Түркістан бірлігіне ұмтылуы одан да қауіпті болды. Сондықтан олардың барлығы күшпен жаншылды. Осы жағдайлардан кейін де ұлтқа қызмет етуді көздеген тұлғаларға толықтай бөгет болған жоқ. Олар қазірдің өзінде кеңестер аясында ұлттық мүддені ойлайтын тарихи тұлғаларға айналды. Енді ел ілтипатына бөленді. Олардың жетекшілеріне Т.Рысқұлов, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлов, С.Асфендияров, С.Қожановтарды жатқызуға болады, кейбір сәттерде А.Байтұрсынұлы тұлғаларының шығу тегін тарихтан аңғарамыз.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Түркістан өлкесі мен Мәскеу қаласында жоғары лауазымдарда қызмет атқарған Т.Рысқұлов, С.Қожановтардың қызметіне қатысты деректер ғылыми айналымда болды, ғылыми тұжырымдар жасады.

Отандық тарихнамада Түркістан ұлттық элитасының кеңінен танылған тұлғаларының бірі С.Қожанов туралы бірқатар зерттеу еңбектері жарық көрді. С.Қожанов есімінің атажұртқа оралған кезі XX ғасырдың 80-жылдары деп толық айтуға болады. Расында да, содан бері Б.Қойшыбаев қайраткердің қоғамдық-саяси қызметіне алғашқылардың бірі болып

құнды деректер келтіріп келеді. Сондай-ақ П.Раджапова бірінші болып С. Қожановты тұлғаның дамуына үлес қосқан ғалымдар қатарына қосамыз. Қайраткердің қызметін жүйелі түрде талдап, оған қарсы бағытталған науқанның негізсіздігін дәлелдеді.

М.Бурабаевтың монографиясында С.Садуақасовпен бірге Голощекинге қарсы шығып, өз пікірін білдіргені үшін саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болғанын айтады. М.Қойгелдиевтің монографиясында Қожановтың Голощекиннің Қазақстандағы саясатына қарсылық танытқаны, сол себепті биліктен шеттетілгені туралы деректер көрсетіледі. Ж.Әлмашұлы өз зерттеуінде қайраткер шығармашылығын тарихи әңгіме арқылы ұсынады. Д.Махаттың іргелі монографиялық еңбегінде қайраткердің қоғамдық-саяси қызметіне қатысты оның билікке қарсы әрекеттерін мойындай отырып, идеологияның ұстанған саясаты қарастырылады. Ж.Уәлихановтың диссертациялық зерттеуінде С.Қожановтың мемлекеттік қызметі тоталитарлық жүйе орнағаннан кейін қарастырылған.

Қазақ өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы Ф.Голощекин қазақтың дербес пікірдегі қайраткерлерінен бірден арыла алмайтынын айтса, М.Қойгелдиев «алғашында орталыққа назар аударып, бюродағы басты қарсыласы екенін айтты. С.Қожанұлы Қызылордадан Мәскеуге жөнелтілгеннен кейін жауапты хатшы өзінің де, саяси үлгісін де Қазақстанға қайтаруға көп күш салды. Ғалымның бұл пікірін С.И.Сталиннің бюро мәжілісінде талқылаған Қазақ өлкелік партия комитетіне жазған хаты және И.Сталинге берген жауаптары Қожановтың жұмысқа орналасу мүмкіндігін айғақтайды. Шындығында, Мәскеуге қызметке шақырылған қазақ қайраткерлері, ондағы өздеріне жүктелген қызметтерін атқаруымен қатар, өздеріне Қазақстандағы саяси басшылық тарапынан тағылған «рысқұловшылық», «қожановшылық» (Н.Төреқұлов пен С.Асфендияровтарға саяси айыптар тағылғанымен оларға бұндай саяси айдарлар берілмеген - Г.Б.) айдарларымен айыптаулардан өздерін арашалау үшін саяси пікірталастарға барып, ресми органдармен хат-хабар жазысуға да көп уақыт жұмсаған. Қазақ басшылары Мәскеуде өткізген саяси іс-шаралардың бірі аса ірі 1926 жылы РСФСР-дегі автономиялы құрылымдар басшыларының, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мүшелерінің қатысуымен өткен ұлт мәселесіне арналған жиынды атауға болады. КСРО Орталық бақылау комиссиясы бұл жиынды ұйымдастыруға бастамашы болған «ұлттар кеңесі» немесе «Рысқұлов кеңесі» деп аталды. 1926 жылы 12-14 қарашада Мәскеуде өткен «Рысқұлов кеңесін» М.Қойгелдиев арнайы қарастырып, кеңінен талдаған.

Ұлтқа қатысты маңызды мәселелер талқыланып, жоғары билікке ұсыныстар дайындалған кеңес жұмысына қатысқан 49 адамның 11-і қазақтың қайраткерлері. «Бұл сол кездегі басшыларымыздың саяси белсенділігінің айғағы болса керек». Осы кеңесте сөз алған Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, С.Қожановтармен қатар С.Меңдешов, Ж.Мыңбаев, А. Досов. Мартин жолдас Мәскеуде қызмет етуге шақырылған қазақ басшыларын «фракциялық күресте жеңілгендер» деп атады. Бұл қандай «фракциялық күрес» еді? Ол Ф.Голощекин «топшылдық күрес» деп бастан «шылықтарға» айналдырған күрес болатын. Ол күрестердің астарында қазақ ұлттық мемлекетін қалай құру идеясы керек деген мәселеге ұстанған саяси көзқарастары мен таңдаған тәсілдері бойынша екі айырым жолға түскен қайшылық жатқан болатын [17, 123 б.].

XX ғасырда Қазақстан тарихында қазақ халқы сауаттылықтың, ғылым мен білімнің, әлемдік мәдениет пен ұлттық зиялы қауымның жоғары деңгейіне жетті. Бірақ қазақ халқы Кеңес үкіметінің отарлау саясатының зардабын тартып, ашаршылық, қуғын-сүргін, репрессия сияқты мәселелер көтерілді. Ұлттандыру науқаны сәтсіз аяқталып, алаш рухани қазынасынан айырылып қалу қаупіне ұшырады. Тәуелсіздікке ұмтылған бұл ұстаным ұлт-азаттық күрестің мазмұнын айқындап берді. Ұлт көшбасшысы Ә.Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының басты мақсаты қазақтар үшін саяси және рухани тәуелсіздікті танытатын Алаш идеясының тиімді іске асуына айналды. Осы орайда зиялы қауым өкілдері ұлттық идеяны жан-жақты насихаттауға, оның ішінде ұлттың жаны саналатын руханият саласында жүзеге асыруға баса назар аударды. Ұлттық мұратқа жету үшін ардақты Алаш қайраткерлері

қиындыққа тола жолдан өтті. Өркімнің еңбегі ұлт үшін маңызды. Өрбір зиялы қауым қоғам мұң-мұқтажын, уақыт талабын біле отырып, ұлт мұратына әр салада адал қызмет етті. Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы ұлттың баға жетпес байлығы. Сондықтан оны зерттеу қазіргі уақытта белсенді түрде жүргізілуде. Бұл ретте «Алаш» ғалымдары ұлт қайраткерлерінің өнегелі еңбектерін жинақтап, ғылыми зерттеулер жазып, ел намысын қорғайды [18, 178 б.]. Осы бағытта жалпы жұртшылыққа Алаш қайраткері Қалам Абдолла Байтасұлының шығармашылығын зерттеу, тәуелсіздік мұраты тұрғысынан зерделеу тапсырылды. Абдолла Байтасұлы XX ғасырда өмір сүрген, Алаштың рухани, мәдени, әдеби өміріне белсене араласқан байыпты әдебиеттанушы, ардақты ұстаз, тілші, шебер аудармашы, дана сыншы, зерттеуші.

Жазушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным – Алаш!..» еңбегінде А.Байтасовтың өмірі мен еңбегі туралы деректер қамтылған. Ол 1900 жылы Көкшетау уезіне қарасты Айыртау болысында дүниеге келген. Кейбір деректерде оның Ақмола облысында, ал басқа мәліметтерде Қостанай облысы, Батпаққара ауданында туғаны айтылады. Бастапқы білімін қарапайым мектепте алған. 1921 жылдан бастап кәсіподақ мүшесі болды. 1920 жылдан бастап өз мамандығы бойынша қызмет атқарған. Ол шет елде болмаған, армия қатарында және Қызыл Армияда қызмет етпеген. Сонымен қатар, оның бұрын сотталғаны туралы дерек жоқ. Ол ешқандай мемлекеттік қызмет атқармайды, дені сау, өзін атқарған лауазымына лайық деп санайды, қазір ол мұғалім. Сын жоқ. Ол "Жас Алаш" және "Жас Қайрат" газеттерінің белсенді авторы. Ол білім, сауаттылық, ғылымның барлық салаларында кітаптар туралы мақалалар жазды. Саяси экономиканы талқылауда басты орын алады". Осы деректерге қоса, Дулатова Гүлнар Міржақыпқызы өз естеліктерінде Абдолла Байтасұлының өмірі, мінезі, өнегелі өмірі туралы «Шын шырағы» деп жазды. Абдолла Байтасұлы Алаш зиялыларымен етене араласып, руханияттың сан алуан саласында еңбек етіп, артына мол мұра қалдырды. Абдолла Байтасұлының ұлттық баспасөздің қалыптасуына қосқан үлесі мен еңбегі ерекше. Ол көрнекті ғалым, тәжірибелі оқытушы, білікті журналист және аудармашы болды. Батыр 1917-1930 жылдар аралығында «Сана», «Шолпан», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп», «Жаңа әдебиет», «Лениншіл жас» журналдарында көптеген публицистикалық, педагогикалық, әдістемелік, оқу-танымдық, сыни мақалаларын жариялады. «Жас Қайрат», «Қызыл Қазақстан», «Ту «Ақ жол», «Қазақ еңбекшілері», сонымен қатар баяндамалар мен аудармалар. 1921-1923 жылдары А.Байтасұлы Мағжан Жұмабаевпен бірге редакцияда қызмет етті. Петропавлдық «Бостандық түйе» газеті. «Шолпан» журналының 1923 жылғы 30 маусымдағы 6-7-8 санында жарияланған «Еңбек мектебі туралы» мақаласы, А.Байтасұлы мәдениет, тәрбие мен мінез, эстетика туралы ой қозғайды. Автор мәдениет туралы өз пікірін айтады: "мәдениет ғылым тілінде сөйлей отырып, адамның табиғатына бейімделу, оны күнделікті өмірде қолдану, оған іс-әрекет арқылы бейімделу, жетілгенге дейін қорлау және бизнес жүргізу және бизнеспен өмір сүру қабілетіне байланысты сананың жетілгендігі туралы айтады "Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қоғам қайраткері С.Қожанов халық ағарту ісіндегі ерекше маңызды өзгерістерді, атап айтқанда, жаппай сауатсыздықты жою, білім беруді жаңғырту шараларын жүзеге асыруға атсалысты. С.Қожанов Түркістан Республикасының МДБ қызметін атқара отырып, білім беру жүйесін уақыт талабына сай жаңарту мақсатында бірқатар реформалар жүргізді.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін халық ағарту ісін жаңадан орталықтандырылған басқару органы құрылады. Ол өз қызметінде мәдени-ағартушылық, оқу-ағарту және ғылыми жұмыстарды ұштастырды. Сұлтанбек 1921-1922 жылдар аралығында ТАКСР үкіметінде Ағарту комиссариатын басқарды. С.Қожанов саланың шынайы жай-күйі туралы өз ойын былайша білдіреді: «Бастауыш, орта және жоғары оқу орындарында халыққа білікті мамандар даярлауда кеңестік жылдардағы сандық ілгерілеушілік болғанымен, әлі күнге дейін қол жеткізілмегені анық. Ұлттық және жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып жасалған оқу бағдарламалары мен оқулықтар соңғы жылдары ғана әр түрлі пәндер бойынша

білім беруде қайғылы өзгерістерге ұшырай бастады. Мектептерді көбейтудің орнына қысқарту».

Білім берудегі толассыз құлдырауды тоқтату үшін С.Қожанов басқарған Оқу-ағарту комиссариаты Түркістан Кеңестерінің XI съезінің делегаттарына сауатсыздықты жойып, білім беруді дамытудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Алайда, аталмыш бағдарламада көрсетілген іс-шараларды іске асыруға қауқары толық жеткіліксіз еді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін орын алған ауыр экономикалық құлдырау салдарынан халық мектептерден қол үзіп діни сипаттағы мектептерге қайта орала бастады. Съезде сөйлеген сөзінде Сұлтанбек Қожанов ХАА-ның орган ретіндегі қызметіне тоқталмай, Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі халық ағарту саласындағы жаңалықтарға, оны одан әрі дамытудың алға қойған міндеттеріне жан-жақты тоқталды. С.Қожанов Қазан төңкерісіне дейін Түркістан өлкесінде патша үкіметінің оқу-ағарту жүйесінде төмендегідей мекемелер жұмыс істегенін жазады.

Бұл мекемеден басқа 1028 еуропалық мектеп пен 8500 жергілікті мектептер сол кезеңдегі оқу орнының әкімшілігінде ресми түрде тіркелді. Түркістан генерал-губернаторлығы жүргізген санақ бойынша 625 мыңға жуық бала болған. Оның 4624-і, яғни 7%-ы ғана оқып, білім алған, ал қалған 92%-ы оқумен айналыспағанын айтады және бұл көрсеткіштің кеңестік кезеңде сақталғанын атап өтеді.

Түркістан өлкесінде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін білім саласына жеткілікті көңіл бөліне бастады. Алайда, кейбір өңірлерде қаржының дұрыс бөлінбеуінен бұл бағыттағы жұмыстар ретсіз жүргізілген.

С.Қожанов мемлекеттік білім беру мекемелерінің дұрыс жұмыс істеуіне жағдай жасау қажеттігін айтады. С.Қожанов Халық ағарту комиссариатына бағынышты оқу орындарының мұқтаждықтарына бөлінетін соманы анықтаумен 1921 ж. оқу орындары өнімді еңбек ету үшін екі негізгі мәселені шешу қажеттігін атап көрсетеді.

Отан тарихында кез келген тұлғалық зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі тарихи тұлғаларды зерттеу болып табылады. Сондықтан бұл жұмыста 1920-1930 жылдары кеңестік билік тұсында қазақ халқына қызмет еткен тұлғаларымыздың ізгі қасиеттерін дәріптейміз.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізуі ұлттық тарихымызды түгендеуге, рухани болмысымызды қалыптастыруға зор мүмкіндіктер ашты. Сан ғасырлық күрделі қазақ тарихында Алаш партиясы мен Кеңес үкіметі жүйесінде қазақ зиялыларының алатын орны ерекше. XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың мәні мен мазмұнын терең ұғынып, өскелең ұрпаққа насихаттау қазіргі тәуелсіз мемлекеттің негізгі қағидаларының бірі. Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы ел дамуының нақты қадамдарына бағытталған маңызды міндет болып табылады.

Елімізде сан ғасырлар бойы жинақталған рух пен ұлы өсиетіне айналған Алаш қозғалысының ел тағдырына қатысты ой-пікірлердің барлығын қамтығанын бүгінде көпшілігіміз білеміз. Тәңірге тәубе, ұлт қайраткерлерінің күрес тағылымы, Алаш қаламгерлерінің мұрасы қазақтардың рухани-мәдени өмірінің нақты қасиеттік түсіндірмесі ретінде қоғамымызда жылдан-жылға дәріптеліп келеді.

Қазақ зиялыларының саяси-рухани күресінің, ұлттың ұйытқы болуының, сол арқылы елді танытуының негізгі қағидаттарын айтар болсақ, мұндай ауқымды істің аясында ең бірінші мәселе ана тілін сақтау болды. Тіл ұлтты ұйыстыратын үлкен саяси-әлеуметтік, рухани күш екенін Алаш қайраткерлерінің әрқайсысы тамаша түсінді. Сондықтан да Алаш сынды ірі көзгелдің рухани тіршілігінде қазақ тілі мәселесі ерекше орын алды.

Біріншіден, қазақ ғылымының негізі және ерекше саны ретінде тіл білімінің іргетасын алғаш қалаған Алаш. Оның себебіне зер салсақ, Алаш қайраткерлерінің барша ұлттық ерекшеліктер ішінен халықтың болмысын, өткені мен бүгінін танитын тіл сияқты ең көрнекті құбылысты таңдағаны әбден қисынды. Осы тұрғыдан келгенде Нәзір Төрекұловтың тіл саласындағы еңбегі, сонымен қатар Шығыс халықтары орталық баспасын ұйымдастырудағы қызметі мен оның одақтық деңгейдегі саяси ұйымдастырушылық қызметі туралы айтуға

болады. латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін дайындау және енгізу. Бұл қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның латын әліпбиіне көшу туралы Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 26 қазанда «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойғанын білдіреді. Бұл шын мәнінде халқымыздың сан ғасырлық арманы орындалған тарихи күн болды.

Латын әліпбиіне негізделген жазу үлгісі 1929-1940 жылдар аралығында кириллицаға ауыстырылғанға дейін қолданылған. 1940 жылы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Сонымен, қазақ әліпбиінің өзгеруі тарихи, негізінен нақты саяси себептерге байланысты болды. Иә, шынында да, көп жылдар бойы жайдарлылық тізбегінде, саясаттың суығында кирилл әліпбиінен арылып, дүние жүзіне негізделген латын әліпбиіне көшу ежелден келе жатқан арман болғаны даусыз.

Сонымен қатар қазақ зиялылары білім саласындағы мектептер, оқу-әдістемелік құрылымдар туралы зерттеу әдістерін жазып, бірін-бірі толықтырып отырды. «Қараңғы қазақтың көгалынан шығып, күнге күйіп кетуді» армандаған Алаш қайраткерлері өз заманының жарқын да жарық тұлғаларының бірі болды. Олардың өмірі ұлтын сүюдің, ел мүддесіне қызмет етудің нағыз үлгісіне айналды.

Зерттеу нәтижесі.

XX ғасырдың басында ұлттық интеллигенцияның басты мақсаты қазақ халқын жеке мемлекетке айналдыру болды. Осы жолда халқымыздың талай тарланы жанын пидә етті. Коммунистік Партияның темірдей тәртібі мен Кеңестік идеологияның қатаң саясаты жер астында жеті қабатты құпия ұстады. Ал қазіргі уақытта байырғы тарихи бірегейлік мағынасында Кеңес өкіметінің ең жоғары деңгейінде саяси белсенділіктің ең жоғары деңгейіне жеткен ұлттық тұлғалардың қоғамдық-саяси тарихын зерттеуге кең ғылыми мүмкіндіктер ашылуда және модернизация шеңберінде олардың саяси және азаматтық әдет-ғұрыптарын ілгерілету үшін мемлекет басшысының рухани жаңғыру процесі тарихи сананы жаңғыртумен тікелей байланысты. Т. Рысқұлов, С. Қожанов, егер біз Мәскеудің қоғамдық-саяси қызметі кезеңінің тарихын және С.Асфендияров, Н.Төреқұлов сияқты тұлғалардың шығармашылығын Отан тарихының бір бөлігі ретінде қарастыратын болсақ, олардың патриоттық және мемлекеттік адамгершілік ілімдері болуы керек деген қорытындыға келдік. Мемлекеттік өнегелілігі ел игілігіне айналып, тарихи жадында берік сақталуы керек. Қазіргі уақытта ұлттық тарихтың құндылықтары жан-жақты талдау арқылы түсініледі және оларға лайықты баға беріледі.

Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында тарихи тұлғаларға қатысты айтқан тұжырымдары да ғылыми-зерттеу жұмысымыздың мемлекеттік бағдарламаға сай жүргізілгендігінің маңыздылығын айғақтап, үлес екенін көрсетіп, міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған.

Қазақ қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын мемлекеттік бағдарламалар аясында қарастыру тұлғалық бағытты зерттеуді сапалы жаңа деңгейге көтереді. XX ғасырдың басындағы революциялық және реформаторлық өзгерістер, кейін тарих сахнасына шыққан ұлттық элитаны қазақ халқының болашағына қызмет етуге жұмылдырды. Кеңес өкіметінің жоғары лауазымдарында отырған ұлт қайраткерлері өздерінің көзқарастары мен саяси ұстанымдарының сан алуандығына қарамастан, жаңа қоғамдық-саяси жүйеге қызмет ете отырып, кеңестік автономияға ұлттық мазмұн беруге бар күш-жігерін жұмсағаны анықталды. Бірақ олар өздері құрған Кеңес үкіметінің тоталитарлық саясатының құрбаны болды. Сондықтан да ұлттық тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне объективті баға беру тарихымыз үшін ғана емес, сонымен қатар тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағын рухани жаңғыру қағидаттары аясында патриоттық, мемлекетшіл етіп қалыптастыруға қызмет етеді. Осыған орай, ұлт қайраткерлерінің дербес тарихи сананы қалыптастырудағы қоғамдық-саяси қызметі мен тарихи тұлғаны құрудағы тарихи қызметін

топтастыру арқылы ғылыми қалпына келтіру бағытында жүргізілетін зерттеулердің әдіснамалық негізіне айналуы тиіс тұжырымдар жасалды.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына сәйкес ХХ ғасырдың басында саяси қуғын-сүргінге ұшырап, соның құрбаны болған халықты ел алдында, әр алдында тарихи тұрғыда ақтау мақсатында Қазақстанның 11 өңірінде арнайы комиссия мен жұмысшы топтары құрылып, республика бойынша жан-жақты жұмыстар қолға алынды.

Қорытынды. Мемлекет және қоғам қайраткерлері Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияровтың, Н.Төреқұловтың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының тарихын сенімді негізде талдай отырып, оның ең алдымен, ұлтына, туған халқына көмектесу болды. Осы мақсатта олар қоғамдық-саяси қызметпен қатар ғылыммен, әдебиетпен, журналистік қызметпен айналысты. Соның арқасында қазақ әдебиеті мен өнеріне, қазақ тіл ғылымы мен баспасөзіне, бір сөзбен айтқанда, жалпы қазақ тарихына, руханиятына құнды дүниелер қалдырды.

Олардың тәуелсіз ел болу жолындағы күресі, осы мәселеге қатысты ой-пікірлерін саралау жоғары оқу орындарында оның саяси-тұлғалық сипатын оқыту арқылы тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді деген тұжырымға келдік. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы қазіргі таңда Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап көптеген әлемдік халықаралық ұйымдардың мүшесі болып, жан-жақты интеграцияға атсалысуда. Сондай-ақ қазір қазақ жазуын латын графикасына көшіру де нақты көрсетілді. Н.Төреқұловтың ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің тарихын ғылыми қалпына келтіру барысында ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында осынау маңызды жұмыстың бастауында тұрған ұлт көсемдерінің бірі ретінде латын әліпбиіне негізделген түрік әліпбиі сол кезде көтерілген ұлттық маңызы бар идеялардың бүгінгі күннің шын тәжірибесіне айналуы арасындағы сабақтастықты аштық.

А.С.Қожановтың мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі бірнеше аспектілері зерттелді. Бірақ негізгі жұмыс көп ұзамай, ел тәуелсіздігі мен тәуелсіздік алған жылдары ғана қолға алынды. Дегенмен, оларда да жүйелі жұмыс, мұрағат материалдарының ашылуы жетілмегендігін арнайы зерттеулер көрсетіп отыр. Ең алдымен оның жеке мүддеден ұлттық мүддені жоғары қоятын қоғам және мемлекет қайраткері екендігі туралы пікірлер нақтыланды. Ел тәуелсіздігінің арқасында ғана оның есімі ашық айтылды. Бұл зерттеуімізде 1920-1930 жылдардағы Кеңес өкіметі тұсында көзқарасы мен ойы бір болғанын, еліміздің ертеңін ойлаған ой-пікірлестеріміздің өмір жолы елге үлгі екендігін көрсетуге тырыстық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017, сәуір-12., 2 б.
2. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. -2018, қараша-21., 3 б.
3. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (Түркістан кезеңі). - Алматы: Қазақстан, 1994. - 448 б.
4. Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII - XX ғғ.). Зерттеулер. - Алматы: Жалын баспасы, 2004. - 400 б.
5. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. // Сб. док. -Алматы: Қазақстан, 1998. -86 с.
6. Қазыбек М., Маймақов Ғ. Құпия кеңестер. - Алматы: Санат, 1999. - 336
7. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. - Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2007. - 376 б.
8. Асылбеков М.Х. Турар Рыскулов и Мухамеджан Тынышбаев на Турксибе // Отечественная история. - 2000. - №1-2. - С. 113-118 .
9. Бейсембаев С.Б., Кульбаев С.Б. Турар Рыскулов.-Алма-Ата, 1974.- 40 с.
10. Әбілтайұлы М., Әбілдаев Н. Тұрар Рысқұлов Моңғолияда. - Алматы, 1994. - 84 б.

11. Устинов В.М. Служение народу (Партийная и государственная деятельность Т. Рыскулова). - Алма-Ата: Казахстан, 1984. - 231 с.
12. Қойшыбаев Б. Тернистый путь // Заря. - 1988. - №8. - С. 9-11 б.
13. Тілеуқұлов С., Оразымбетов Ш., Қосанбаев С. Сұлтанбек Қожанов. - Ташкент: Шарқ, 2001. - 47 б.
14. Симтиқов Ж. Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (Түркістан кезеңі 1916-1924): тар. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 1997. - 21 б.
15. Арыстанов Ж. Естен кетпес есімдер (Естеліктер, очерктер, публицистикалық мақалалар). - Алматы: Қазақстан, 1972. - 172 б.
16. Қожакеев Т. Көк сеңгірлер - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 270 б.
17. Бердібай Р. Нәзірдің жұлдызы жоғары // Егемен Қазақстан. - 1997, қазан – 8 б.
18. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. - Алматы: Қазақстан, 1990. 92-104 бб.

LIST OF REFERENCES

1. Nazapbaev N. Bolaşaqqa baǵdap: pyxanǵı jańǵıpy // Egemen Qazaqstan. - 2017, cáyip-12., 2 b.
2. Nazapbaev N. Ulı dalanıń jeti qırpı // Egemen Qazaqstan. -2018, qapaşa-21., 3 b.
3. Qońıpatbaev O.M. Tupap Pısqulovtıń qoǵamdıq-cayacı jáne memlekettik qızmeti (Tüpkıctan kezeńi). - Almatı: Qazaqstan, 1994. - 448 b.
4. Qoygeldıev M.Q. Ulttıq cayacı élita. Qızmeti men taǵdıpı (XVIII - XX gg.). Zeptteylep. - Almatı: Jalıń baspacı, 2004. - 400 b.
5. Politıçeckie peppeccıı v Kazaxctane v 1937-1938 gg. // Cb. dok. -Almatı: Qazaqstan, 1998. -86 c
6. Kızıbek M., Majmak, ov Ğ. Kızıpıa keńectep. - Almaty: Canat, 1999. - 336
7. Nüppejic K. Tapixi tülǵalap. - Almaty: Kızıak, énciklopediâcynyń Bas pedakciâcy, 2007. - 376 b.
8. Acylbekov M.X. Tupap Pyckylov i Myxamedžan Tynyşbaev na Typkcıbe // Otečestvennaâ ictopiâ. - 2000. - №1-2. - С. 113-118 .
9. Bejcembaev C.B., Kızıl'baev C.B. Tupap Pyckylov.-Alma-Ata, 1974.- 40 c.
10. Əbiltajılı M., Əbildaeв N. Tüpap Pyckılov Moңgoliâda. - Almaty, 1994. - 84 b.
11. Yctinov V.M. Clyženie napody (Partijnaâ i gocydapctvennaâ deâtel'noct' T. Pyckylova). - Alma-Ata: Kazaxctan, 1984. - 231 c.
12. Kızışybaev B. Tepnıctıy pyt' // Zapâ. - 1988. - №8. - С. 9-11 b.
13. Tıleykılov C., Opazymbetov Š., Kızocanbaev C. Cülтанбек Kızıožanov. - Taškent: Šapk., 2001. - 47 b.
14. Cimtik, ov Ž. Cülтанбек Kızıožanovtyń kızıoǵamdyk, -caâci žəne memlekettik kyzmeti (Tüpkıctan kezeńi 1916-1924): tap. ǵyl. kand. ... avtopef. - Almaty, 1997. - 21 b.
15. Apyctanov Ž. Ecten ketpec ecimdep (Ecteliktep, očepktep, pyblicitikalyk, makıalalap). - Almaty: Kızıak, ctan, 1972. - 172 b.
16. Qojakeev T. Kök ceñgipler - Almatı: Qazaq yniıepciteti, 1992. - 270 b.
17. Bepdıbay P. Năzipdiń juldızı joǵapı // Egemen Qazaqstan. - 1997, qazan – 8 b.
18. Qoyşıbaev B. Jazıqcız japa şekkendep. - Almatı: Qazaqstan, 1990. 92-104 bb.

<https://doi.org/10.47526/2024-1/3007-6366.20>

УДК: 930.1:725.94

<https://orcid.org/0000-0001-9619-7968>

Қожа Мұхтар Бақадырұлы

д.и.н., ассоц. проф.

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г.Туркестан)

Салғараев Марат Тұрғанбаевич

PhD, ст. преподаватель

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г.Туркестан) E-mail: marat.salgaraev@ayu.edu.kz

ДОМ ХОДЖА АХМЕДА ЯСАВИ И ДРУГИЕ МЕСТА, СВЯЗАННЫЕ С ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ

Аннотация. В данной статье анализируются сведения письменных источников, легенд, преданий и материалы археологических исследований о местах, связанных с деятельностью туркестанского святого – Ходжа Ахмеда Ясави. Письменные источники местного происхождения – «Насабнама» сохранили данные о жизни и деятельности Ходжа Ахмеда Ясави. В них содержатся данные о местах, связанных с суфийскими ритуалами: Хильвете, Хумишке (Кумчик-ата) и других объектах, связанных с суфизмом. Историческую память местных жителей о доме Ходжа Ахмеда Ясави зафиксировали российские исследователи: Н.И. Веселовский, А.И. Добросмыслов, М.Е. Массон, В.А. Гордлевский, казахские авторы Ж.Аймаутов, О.Дастанов. Материалы, добытые археологами Т.Н. Сениговой, Е.Смагуловым, М.Туякбаевым позволяют датировать постройки, связанные с суфийскими ритуалами. В статье изложены материалы о других памятниках, которых народные легенды связывают с Ходжа Ахмедом Ясави. Археологические исследования, проведенные в ряде памятников с использованием традиционных методик датировки дали материалы не противоречащие данным о хронологии жизни Ходжа Ахмеда Ясави в XII в. Комплексный подход к легендам позволяет выявить реальные факты, связанные с деятельностью основателя тюркского суфизма, сыгравшего выдающую роль в истории не только г. Туркестана, но и всего среднеазиатского региона. В статье публикуются редкие фото из личного архива археолога Н.Алдабергенова.

Ключевые слова: Казахстан, Туркестан, Ходжа Ахмед Ясави, суфизм, Хилвет, Кумишк, Насабнама, археология, средние века, Н.И. Веселовский.

Қожа Мұхтар Бақадырұлы

т.ғ.д., қауым. профессор

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.)

Салғараев Марат Тұрғанбайұлы

PhD, аға оқытушы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ҮЙІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БАСҚА ДА ОРЫНДАР

Аннотация. Бұл мақалада түркістандық әулие – Қожа Ахмет Ясауи қызметімен байланысты орындар туралы жазбаша дереккөздердің, аңыздардың, аңыздардың және археологиялық зерттеулердің мәліметтері талданады. Жергілікті шыққан жазбаша дереккөздер – "Насабнамада" Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен қызметі туралы мәліметтер сақталған. Оларда сопылық рәсімдерге байланысты орындар туралы мәліметтер бар: Хильвет, Хумишке (Кумчик-Али) және сопылықпен байланысты басқа заттар. Жергілікті тұрғындардың Қожа Ахмет Ясауи үйі туралы тарихи естелігін ресейлік зерттеушілер Н.И. Веселовский, А.И. Добросмыслов, М. Е. Массон, В. А. Гордлевский, қазақ авторлары Ж. Аймауытов, О. Дастанов жазды. Археологтар Т. Н.Сенигова, Е. Смағұлов, М. Тұякбаев өндірген материалдар сопылық рәсімдерге байланысты құрылыстарды белгілеуге мүмкіндік береді. Мақалада халық аңыздары Қожа Ахмет Ясауимен байланыстыратын басқа ескерткіштер туралы материалдар келтірілген. Дәстүрлі танысу әдістерін қолдана отырып, бірқатар ескерткіштерде жүргізілген археологиялық зерттеулер XII ғасырдағы Қожа Ахмет Ясауи өмірінің хронологиясы туралы мәліметтерге қайшы келмейтін материалдар берді. аңыздарға кешенді көзқарас Түркістан қаласының ғана емес, бүкіл Орта Азия аймағының тарихында көрнекті рөл атқарған түркі сопылығының негізін қалаушының қызметіне байланысты нақты фактілерді анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада археолог Н. Алдабергеновтің жеке мұрағатынан сирек кездесетін фотосуреттер жарияланады.

Түйінді сөздер: Қазақстан, Түркістан, Қожа Ахмет Ясауи, сопылық, Хильвет, Құмышк, Насабнама, археология, орта ғасырлар, Н.И. Веселовский.

Kozha Mukhtar

Doctor of Historical Sciences, Professor Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan)

Salgarayev M.

PhD, Senior lecturer

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan)

E-mail: marat.salgaraev@ayu.edu.kz

THE HOUSE OF KHOJA AHMED YASAWI AND OTHER PLACES RELATED TO HIS ACTIVITIES

Annotation. This article analyzes information from written sources, legends, legends and materials of archaeological research on places associated with the activities of the Turkestan saint – Khoja Ahmed Yasawi. Written sources of local origin – "Nasabnama" have preserved data on the life and work of Khoja Ahmed Yasawi. They contain information about places associated with Sufi rituals: Hilvet, Humiishka (Kumchik-ata) and other objects associated with Sufism. The historical memory of local residents about the house of Khoja Ahmed Yasawi was recorded by Russian researchers: N.I. Veselovsky, A.I. Dobrosyslov, M.E. Masson, V.A. Gordlevsky, Kazakh authors J.Aimautov, O.Dastanov. The materials obtained by archaeologists T.N. Senigova, E.Smagulov, M.Tuyakbaev allow us to date buildings associated with Sufi rituals. The article contains materials about other monuments, which folk legends associate with Khoja Ahmed Yasawi. Archaeological studies conducted in a number of monuments using traditional dating techniques have provided materials that do not contradict the data on the chronology of the life of Khoja Ahmed Yasawi in the XII century. An integrated approach to legends allows us to identify real facts related to the

activities of the founder of Turkic Sufism, who played an outstanding role in the history of not only Turkistan, but also the entire Central Asian region. The article publishes rare photos from the personal archive of archaeologist N.Aldabergenov.

Keywords: Kazakhstan, Turkistan, Khoja Ahmed Yasawi, Sufism, Hilvet, Kumishk, Nasabnama, archeology, Middle Ages, N.I. Veselovsky.

Картадағы қалалардың ішінен Сырға жақын жазықтықта орналасқан және қалыптасуы керуен жолына байланысты болған сегіз қаланы, атап айтсақ – Майбалық, Ташнақ, Ясы, Оқжетпес, Сидак ата, Шорнақ, Қаратөбе-Сауран және Ақтөбе-Сауран I,II ескерткіштеріне ерекеше тоқталғымыз келіп отыр.

Ғылымда Соғдылықтардың адамзат өркениетінің Азия құрлығында дамуына ерекше үлес қосқандығы жиі айтылады. Қол өнерінің барлық түрін игерген, металлургиядан да, керамика өндіруден де, сауда-саттықтан да көп ілгері кеткен бұл халық тек Орта Азия емес бүкіл Азияға тараған. Олардың колониялары Мервтен Монғолияға, Хорезмнен Үндістанға дейінгі ірі қалалардың барлығында, Ордоста, Ұйғыр астанасы Қарабалғасында, Жетісу қалаларында, Қытайдың Дунхан, Ланьчжоуы мен астанасы Чаньанында, Турфандағы Гаочан елінде, Минусинск ойпатында да, тіпті Жапон қалалары Наката мен Нарада да соғды колониялары болғандығы белгілі. Сауда ісі мен қолөнершілік қандарына сіңген соғдылардың ерте ежелгі дәуірде-ақ Түркістан шұратына да қоныстанып, қолөнері мен металлургияны жақсы игеріп, осы аймақты ыдыс-аяқ, қоладан жасалған құрал-саймандармен жабдықтап тұрғанын Қарашық I, II, III, Қазтөбе, Шаштөбе қалаларынан табылған соғды керамикасы мен металл қорыту пештері айқындайды. Бұл ерте ежелгі дәуір қалаларының бастапқы кезең керамикасын мерзімдеуге Жетіасар, Отырар-Қаратау, Қауыншы мәдениеті табыстары мүлдем қауқарсыз, тек Соғды қалалары Еркурган, Афрасиаб, Самарқан, Тали-Барзу мен Бұхар Соғдысы қалалары Рамиштепе, Бухара, Варахша, сонымен бірге, Ежелгі Хорезм ескерткіштері Қой-қырылған-қала, Дингильдже, Елхарас, Топырақ-қала, Хорезм, Гяуркала керамикасынан ғана бұл кезең керамикасының аналогтарын табамыз [№1 таблица].

Ал, кейінгі ежелгі дәуір қалаларын мерзімдеуде Соғды ескерткіштеріне қоса Хорезм қалалары және Солтүстік Бактрия мен Жетіасар, Қауыншы, Отырар-Қаратау мәдениеттері біздің заманымыздың I-VIII ғғ. аралығын мерзімдеуде көп жәрдем береді [№2 таблица].

Жоғарыда әңгіме болған Чжан Цянның Үйсін еліне б.з.д. 110-105 жж. аралығында жасаған екінші елшілігінде бірнеше ұсақ елшілікті Даваньға (Ферғана), Кангүйге (Соғды, Хорезм, Сыр бойы) және Бактрия, Бұхара мен Парфияға жібергенін айтқанбыз.

Біздің жобамыз бойынша тап осы елшіліктер, әсіресе Кангүйге барған адамдар Сыр бойын Ташкенттен Аралға дейін (екі жағасын да) зерттеп, керуен жолын ұйымдастыру үшін қажетті бекіністер салу мәселесін, оларды Хорезмге дейін алып барып әрі қарай Еуропаға өткізіп жіберу мәселелерін де қарастырған болуы керек. Бұл елшіліктер Чжан Цян қайтыс болған соң бір жылдан кейін сол барған елдерінің елшілерін ертіп Қытайға оралады. Міне, осы кезден бастап (б.з.д. 102-101 жж.) Еуропаға солтүстік арқылы өту үшін жолдар, бекіністер салу ісі қолға алынды деп есептеуге толық негіз бар. Бұған дәлел №2 картадағы Қаратау мен Сырдың ортасындағы жазықпен өткен жол бойындағы бекініс-форпостардың бір мезгілде (б.з.д. II-I ғғ.) пайда болуы (№2 таблица) мен ара қашықтықтарының да 1,5-2 фарсақтан аспауы (1 фарсақ=6,5-7 км) да көп нәрсені меңзейді. Ол замандарда Сырдария қазіргі Қызылордаға жете беріп, кілт солға бұрылып, Іңкәрдария, Жаңадария арналарымен ағып жататын (қола, сақ дәуірі) және кейінірек Қуандария арналарымен ағып (ерте ежелгі дәуір), соңырақ қазіргі Сыр арнасына жақын (кейінгі ежелгі дәуір мен ерте орта ғасырларда) Ескідария арнасына түседі (№3 карта) [15, 136]. Бұл алып аймақта Батпақтағы қалалар мен Жетіасар мәдениеттері қалыптасып, 2,5 млн га жер суландырылып егін шаруашылығы дамиды [15, 79,95]. Міне, осы соңғы Ескідария арнасымен сол кездегі Сырдария (ол заманда «Канг» деп аталған) ағып жатқан кезде біздің шұраттағы (№2 карта) кейінгі ежелгі дәуір қалалары мен қоныстар, бекіністер, кешіктер қалыптасқан. Бұл керуенге қызмет еткен қала мен қоныстардың ішінен Ясы (Күлтөбе) ғана б.з.д. III ғ. пайда болған, мұны 2019 ж. Күлтөбенің оңтүстік бұрышына түсірілген стратиграфиялық шурф нәтижелері анықтап отыр, ал, қалған Майбалық, Төрткүл-Ташнақ, Оқжетпес, Сидак ата, Шорнақ, Қаратөбе-Сауран және Ақтөбе-І-Сауран ескерткіштері б.з.д. II-I ғғ. қалыптасқан.

Ендігі сөз бұл ескерткіштердің зерттелуі мен қазіргі жай-күйі жайлы болмақ.

IV. Түркістан шұратындағы Жібек жолына қызмет еткен қалалар мен бекіністер.

Түркістан шұратының оңтүстік-шығысында орналасқан ең алғашқы кішігірім бекініс **Байбалық (Майбалық)** қонысы. Қоныстың құрылысы ромбқа ұқсас, өлшемдері 110м x 80м, ортасында диаметрі 50м болатын дөңгелек төбе бар. Оның үстінен екі үлкен құрылыстың ізі байқалады. Координаттары: 43°09.891', 068°29.405'. Теңіз деңгейінен биіктігі 208,3м, айнала жазықтан биіктігі 7м. Иқан ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 км жерде, Түркістан қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 23 км жерде орналасқан. Қоныстың ортадағы цитаделі қорған қамалмен қоршалған, оның сыртын қоршаған ромб тәрізді шахаристаны бар, оны да қалың емес дуал қорғанмен қоршаған. Оңтүстік-батыс бетінде қамал-бекініске енетін қақпасы сай түрінде сақталған, оның екі жағында күзет мұнаралары болғандығы рельефінен байқалады. Бекіністің батыс бетінен рабад ізі байқалады, қалған жердің барлығын тегістеп мақталыққа айналдырып жіберген, ол жерлерден де көптеп керамика сынықтарын табуға болады. Қоныстың «Байбалық» атауы «Бай қала» деген мағына береді (Балх, Бешбалық). Ескерткішті 1947 ж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н.Бернштам) зерттеп, нәтижесі «Қазақстан археологиялық картасы» жинағына (1960 ж.) енгізіліп, үстіңгі құрылыс қабатын VII-IX ғғ. мерзімделген [16, 231] №3373. «Түркістан оазисі» отряды бекініс-қоныста 1999 және 2003 жж. екі рет зерттеу жүргізіп, астыңғы, үстіңгі беттерінен барлау қазбаларын салды және айналасы мен үстінен керамикалық жәдігерлер жиып алды. Табылған керамикалық ыдыстардың бірме-бір көшірмесі іспетті аналогтарын Соғдының Еркурган, Пенджикент, Бухара, Актепе, Рамиштепе; Хорезмнің Қойқырылған қала, Топырақ қала; Ежелгі Чачтың Канка; Ферғана мен Уструшаның Эски Ахси; Солтүстік Бактрияның Актепе II, Дильберджин; Жетіасар мәдениетінің Жетіасар; Қауыншы мәдениетінің Ақтөбе-II, Қауыншы-I, II, Чаш-тепе, Чечак-тепе, Таукат-тепе; Отырар-Қаратау мәдениетінің Қаратөбе, Мәслахат төбе ескерткіштерінен таптық. Бұл ескерткіштердің керамикалық кешені мен тас құралдары б.з.д. II-I ғасырлардан бастап біздің заманымыздың IV-VIII ғасырларына дейінгі аралықпен мерзімделеді, яғни, Байбалық та осы аралықта өмір сүрген. Бекініс-қоныс VIII ғасырдағы араб шапқыншылығы кезінде өмір сүруін тоқтатқан болуы керек, қалай болғанда да, осы шамадағы үлкен өрттің ізі сақталған.

Келесі бекініс-форпост Байбалық-Майбалық бекінісінен солтүстік-батысқа қарай 16 км (2,5 фарсақ) жерде орналасқан **Төрткүл-Ташнақ** ескерткіші. Координаттары: 43°255'968 – 068°387'2332. Теңіз деңгейінен биіктігі 206,3 м. Бұл ескерткіш жайлы М.Елеуовтың «Түркістан оазисінен 2004-2005 жылдарда ашылған ортағасырлық елді-мекендер мен қалалар» атты мақаласында айтылады. Ескерткіш «Қазақстанның 30 жылдығы» елді-мекенінен оңтүстік-батысқа қарай 2 км жерде Байбалықпен бір түзуде, одан 16 км жерде орналасқандығы 1952 ж. картаға да түскен. Бұл бекіністің төртбұрышты квадрат түрінде, бірақ, бұрыштары қатты доғалданып келген жағдайда сақталғандығы әңгіме болады. Құрылыстың өлшемдері 28х28 м., биіктігі 2м дейін ғана сақталған, шын мәнінде керуендер аялдап, ат шалдырып кететін жер болғандығы байқалады. Мұндай бекініс-форпостар керуендерді күзетіп, ақсаңдап қалған малдарын ауыстырып, ас-ауқат беріп отыру үшін арнайы салынған. Бұл жағынан алғанда Байбалық та, Төрткүл-Ташнақ та бір мезгілде пайда болып (б.з.д. II-I ғғ.) VI-VIII ғғ. дейін өмір сүрген. Үстінен теріліп алынған керамика негізінде бекіністің соңғы кезеңі VI-VIII ғғ. деп мерзімделген, егер стратиграфиялық шурф салынып материкке дейін қазылғанда бұл да б.з.д. II-I ғғ. материалын беретін еді деп біз сенеміз. Өкінішке орай, бұл жерлер мақталықтың ішінде қалып қойып зерттелмей қалды [17, 106] (№2 карта).

Түркістан шұратындағы Төрткүл-Ташнақтан кейін 12 км (2 фарсақ шамасы) жерде орналасқан келесі форпост-бекініс кешік (замок) түрінде салынған **Ясы елді мекенінің аркі** (цитаделі). Бұл құрылыс б.з.д. II ғасырда салынып V-VI ғғ. дейін тұрғындарға, керуендерге қызмет еткен. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 480 м жерде орналасқан. Координаттары: 43°17.597', 068°16.268', теңіз деңгейінен биіктігі 235 м. Ясы қаласының қирандысы «Күлтөбе»деп аталады, өлшемдері 170х120 м, биіктігі 9 м дейін барады. Цитаделі қорған қамалмен алты бұрышты етіп қоршалған, көлемі 0,7 га шамасында, оны қоршап 1,3 га көлемдегі шахарістан орналасқан. Қала рабады ерте ортағасырларда СБ-қа қарай қалыптасып көлемі 8 гектарға дейін жеткен. Алғашқы цитаделдің өзі б.з.д. III ғ. бері келе жатқан қоныстың үстіне салынған. 2019 ж. қаланың оңтүстік бұрышына (шахарістанға) салынған стратиграфиялық шурфтың ең төменгі 15-ші ярусынан құрылыс іздері мен б.з.д. III ғасырға тән, ғылымда «банкообразный хум» деп аталатын ауыз жиегі, бүйірі, түбі бір диаметрдегі ыдыстың жоғарғы бөлігі табылды. Мұндай ыдыс Бұхар Соғдысындағы Рамиштепенің б.з.д. IV-III ғғ. деңгейінен кездеседі, сонымен бірге, Мерв оазисіндегі Яздепе керамикасында (Яз III), Самарқан Соғдысының, Еркурган-IV материалдарынан да б.з.д. IV-III ғғ. аралығынан кездеседі [18, 354,383,420].

Дегенмен, цитаделдегі төрт жапырақты (крестообразный) гүлге ұқсас құрылыс Бұхара оазисінде кездесіп «Сеталак-І ғибадатханасы» деп [18, 417] аталады, алайда біздегі құрылыстың ортасында квадрат түріндегі бөлмесі жоқ. Біздіңше бұл құрылыс әскери кешік (замок) қызметін де, зороастризм дінінің ғибадатханасы қызметін де атқарған сияқты. Құрылыс б.з.д. I ғасырдан V-VI ғғ. дейін өмір сүрген, ал, оны қоршаған цитадель қорған-қамалы б.з.д. II ғ. салынып, б.з. IX ғ. дейін тұрған [19]. Төрт жапырақты кешік түріндегі құрылыстың қабырға қалыңдығы 1,5-2м, түбі 2,5м аралығында, жандарының ұзындығы 18-19 м, ені – 7м, жалпы биіктігі 3,5-4 м деңгейінде өте жақсы сақталған (№1 план). Құрылыс жақтары әлемнің төрт жағына бағытталған, шығыстан батысқа созылған орталық бөлменің ішкі өлшемдері 13,7 х 2,9 м, оған екі жағынан жалғасатын солтүстік және оңтүстік жапырақтардағы бөлмелердің ішкі өлшемдері 2,35х2,9м тең. Мұндай құрылыстар Қазақстанда Жамбыл облысындағы Шөл төбе мен Қызыл-қайнар төбеде, Тараз маңында кездесіп I-IV ғғ. мерзімделген [20, 69-73; 21, 79-92;22;23]. Біздегі құрылысты бір себептермен V-VI ғғ. әдемілеп үстіңгі қабатын бұзып, кесектерін кешіктің іші-сыртына жақсылап қалап шыққан. Түгел жан-жағынан, ішінен кесекпен қалап шығып, үстіне қалыңдығы 60-70 см лай қабатын құйып, консервациялап тастаған. Соңынан оның үстіне құрылыс салу XVII-XIX ғғ. дейін созылған. Оны зерттеген Т.Н.Сенигова (1970-1972 жж.) мен Нұртаза Алдабергенов, алайда жұмыс есептері сақталмаған. Түркістан археологиялық экспедициясы 2010 жылдан

2019 ж. дейін бұл ескерткішті толық зерттеп шықты [24, 141-144; 25, 61-71; 26, 82-100; 27, 60-75; 28, 320; 29, 193-216].

Жібек жолының Түркістан шұратымен оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай өтетін бөлігіндегі төртінші бекініс-форпост **Оқжетпес** деп аталады. Ол Ясыдан тура 10 км, яғни, 1,5 фарсақ (1 фарсақ=6,5 км) жерде орналасқан. Ескерткіш 1999 ж. дейін ғылымда белгісіз болып келген, оны аталған жылы «Түркістан оазисі» отряды тауып, зерттеп ғылыми айналысқа енгізді. Бекініс Түркістан-Қызылорда трассасының сол жағында 700 м жерде Қарсақты өзенінің арнасына жақын орналасқан. Координаттары: 43°20.393', 068°09.276', теңіз деңгейінен биіктігі 217 м. Өлшемдері: шахаристаны 110х90 м, цитаделі 60х55 м, биіктігі 3 м, төрт бұрышты қорған қамалмен қоршалған, бекініс қақпасы солтүстік-шығысында сай түрінде сақталған. Археологиялық отряд цитадель қабырғасына стратиграфиялық тілмешурф салды (ені 2,5м, ұзындығы 5м, тереңдігі 1,5м). Қазба барысында бекіністі қоршаған қорған қамалдың іргесіндегі ені 6 м болғандығы, кесек пен пахсадан қаланғандығы және 2,5-3м дейін биіктікте сақталғандығы анықталды. Ең астына қалыңдығы 30-40 см пахса құйылып оның үстіне бір қатар кесек төселген, сонан соң тағы-да 30-40 см пахса мен оның үстіне 30х15х7см; 25х12х7см кесек төселіп жоғарылай береді. Қазбаның жарма көрінісінде бес қатар кесек пен бес қабат лай төселгендігі көрініп тұр. Төбенің екі жеріне өлшемдері 5х5 және 3х3 метрлік барлау қазбасы 1 метрге дейін түсіріліп керамикалық материал алынды, сонымен бірге, бекіністің қақпасы, үсті мен айналасындағы жыртылған жерлерден көтерме материал жиылып алынды. Керамикалық табыстың ең ежелгілері Хорезмнің Топырақ қала, Қой қырылған қала және ежелгі Хорезм материалдары ішінен, сонымен бірге, Солтүстік Бактрияның Актепе-II, Жетіасар мәдениетінің Домалақасар; Қауыншы мәдениетінің Ақтөбе-2; Отырар-Қаратау мәдениетінің Ордакент, Ақтөбе ескерткіштерінің керамика кешендерінен кездеседі. Бұл материалдар б.з.д. I ғасыр мен б.з. IV-V ғғ. дейінгі аралықпен мерзімделген, яғни Оқжетпес те осы аралықта керуендерге қызмет еткен.

Жібек жолы бойындағы бесінші қала **Сидақ ата**, бұл шын мәнінде кейінгі ежелгі дәуірде пайда болып, ерте ортағасырлардың VIII ғ. аяғына дейін өмір сүрген өте үлкен қала. Ол Оқжетпестен солтүстік-батысқа қарай 10 км (1,5 фарсақ) жерде орналасқан. Цитаделі 80х80 м, шахаристаны 190х80 м, олардың сыртын қоршап рабады орналасқан нағыз толыққанды қала. Бұл үш алаңшалы төбенің өлшемдері: СБ беті – 340 м, СШ беті – 320 м, ОБ беті – 190 м, биіктігі 10-12 м аралығында. Цитаделдің СШ бетіндегі екінші шахаристанының өлшемдері 120х40 м, биіктігі 6-8 м, оны мен цитадельді ені 5-7 м терең сай бөліп тұр, бұл қаланы қоршаған фортификациялық (қорғаныс оры) ордың ізі. Қаланың көне атауы белгісіз, қазіргі «Сидақ ата» атауы XI-XII ғғ. осы маңда өмір сүріп, қала үстіне жерленген Шайдайы шайх есімді сопылық жолын ұстанған ірі дін өкілінің атынан қалыптасқан.

Қаланы 1947 ж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н.Бернштам) зерттеп б.з.д. I ғасырдан б.з. I-II ғғ. арасымен мерзімдеген. 1966 ж. қаланы Хорезм археологиялық экспедициясы (С.П.Толстов) зерттеп I-V ғғ. арасымен мерзімдейді [17:50].

Түркістан археологиялық экспедициясы (Е.Ә.Смағұлов, М.Қ.Тұяқбаев) Сидақ атада 1998 жылдан 2008 жылға дейін зерттеулер жүргізіп, қаланың СБ бетінен ұзындығы 50 м, ені 4 м, тереңдігі 17 метрлік (34 ярус) стратиграфиялық шурф салып, ең төменгі құрылыс қабатынан б.з.д. I – б.з. II ғғ. арасына тән тас дән үккіштер, ыдыс аяқ бөлшектерін тапты. Сегіз құрылыс қабатынан тұратын мәдени қабаттар б.з.д. I – б.з. VIII ғғ. арасында қалыптасқан. Қаланың үстіндегі қазбалар V-VIII ғғ. өмір сүрген Зороастризм дінінің үш бұрышты, квадрат түріндегі және шеңбер, трапеция түріндегі пландармен салынған ғибадатханаларын аршыды. Олардан және шурфтан табылған ыдыс-аяқ, тас құралдар мен нумизматикалық табыстардың мерзімін анықтау үшін Самарқан Соғдысының Афрасиаб; Бұхара Соғдысының Рамиштепе, Бұхара, Қызылқыр-I, Сеталак-I, Калаи-Захоки-Марон; Көне Хорезмнің Аяз қала, Жанбас қала, Елхарас, Топырақ-қала, Капарас, Кердер; Ежелгі Чачтың Шаштепе, Канка; Ферғана мен Уструшананың Эски Ахси, Курганча, Тепекурған, Тагоп,

Чильхуджра; Солтүстік Бактрияның Халчаян, Актепе-II, Шодмон кала, Алман тепе; Қауыншы мәдениетінің Каунчи-I,II, Таукат тепе, Ақтөбе-2, Шаушукум; және Отырар-Қаратау мәдениетінің Ордакент, Қостөбе, Шорнақ, Ақтоған, Абыз төбе, Шошақ төбе, Қара төбе, Қорыс төбе, Мейрам төбе ескерткіштерінің керамикалық табыстарына жүгінуге тура келді. Сегіз жылға созылған мерзімдеу б.з.д. I ғ. мен VIII ғ. аралығын көрсетті. Бұл қала да араб шапқыншылығы кезінде өртеніп, халқы жақын маңдағы елді мекендерге және Қаратаудың қойнау-қойнауына көшіп кеткен [30, 494-502]. Қаратаудағы «мықтың үйі» деп аталатын тастан қаланған қорғандар тап сол көшіп барған адамдардан қалған, арабтар зароастризм (зардуши) дініндегілерді «мұғ» (мық) деп атаған.

Келесі жол бойындағы толыққанды қала Сидак атадан солтүстік-батысқа қарай 10 км (1,5 фарсак) жерде орналасқан **Шорнақ қаласы**. Қаланың атауы Сібірдегі Аргунь, Бия өзендерінің жағасынан б.з.д. I – б.з. IV ғғ. аралығында осында қоныс аударған Шор халқының атынан қалыптасқан [31, 8-19]. Кейінгі ежелгі замандағы Шорнақ қаласы Түркістан қаласынан 33 км, темір жол бойындағы Сауран станциясынан солтүстік батысқа қарай 5 км жерде жайғасқан. Координаттары: 43°24.413', 067°54.353', теңіз деңгейінен биіктігі 206 м. Қала цитадель, шахарістан және рабадтан тұрады. Цитаделінің өлшемі 25-х15м, оны қоршап квадрат формалы 100х95м шахарістан орналасқан. Мықты қорғанмен қоршалған шахарістанға оңтүстік-батыс бұрышы мен шығыс бұрышынан енетін екі қақпа терең сай түрінде сақталған. Шахарістанды төрт жағынан қоршап ОБ-н СШ-қа созыла рабад орналасқан, оның өлшемдері 250х130м. Шахарістанның айналадан биіктігі 6-7м, рабадтың биіктігі 3м.

Қаланы 1947 ж. ОҚАЭ (А.Н.Бернштам), 1966 ж. Хорезм экспедициясы (С.П.Толстов) зерттеген. 1960 ж. шыққан «Қазақстанның археологиялық картасында» Шорнақ I-XII ғғ. даталанған [16, 220].

2003 ж. ТАЭ-ң «Түркістан оазисі» отряды Шорнақты толық зерттеп, екі жерден кішігірім барлау қазбаларын қаланың шахарістанына, екі қазбаны қақпалардың табанына, бір қазбаны рабадқа салып керамиканың бай кешенін жинастырып алды. Бұл табыстарды салыстырмалы анализ жасау арқылы мерзімдеп, олардың аналогтарын Бұхара, Рамиштепе; Елхарас, Қапарас, Топырақ қала, Қой қырылған қала, Жанбас қала, Аяз қала; Актепе-II; Жетіасар мәдениетінің Қарақасар; Қауыншы мәдениетінің Қауыншы-II, Ақтөбе-2, Чаш-тепе; Отырар-Қаратау мәдениетінің Ақ-төбе (Бабаата), Ордакент қалаларының керамикалық кешендерінен тапқан. Ол кешендер б.з.д. I ғ. – б.з. V-VI ғғ. мерзімделген, яғни, Шорнақ та осы ғасырлар арасында өмір сүрген [8, 71-80].

Келесі Жібек жолы бойындағы аса ірі қала **Қаратөбе-Сауран**, ол Шорнақ қаласынан 13 км (2 фарсак) жерде орналасқан. Түркістаннан солтүстік-батысқа қарай 43 км, №30 темір жол разъезінен батысқа қарай 4 км жерде жайғасқан көлемі 11 гектарды алып жатқан төбе түрінде сақталған. Координаттары: 43°29.203', 067°46.829', теңіз деңгейінен биіктігі 213,6 м. Қаланың цитаделі тіктөртбұрышқа ұқсас биік жал түрінде сақталған, көлемі 3,5 га, оны қоршап көп бұрышты шахарістан орналасқан, көлемі 11,2 га, рабадын қосқанда 30 га. Цитаделдің биіктігі 11 м, оны қоршаған қорған қамалының ұзындығы 300м. Шахарістанның ұзындығы 300 м, ені 280 м, теңіз деңгейінен биіктігі 212 м. Шахарістанды қоршаған қамал қорғанның ұзындығы 1030 м. Бір кездері шахарістанды қоршап алты бұрышты қалқан сияқты рабад қоршап жатқан, оның сыртын да дуалмен қоршаған, жалпы ұзындығы 1585 м. Рабадтың шекарасының солтүстігінен 600 м, оңтүстігінен 400 м, шығысынан 450 м және батысынан 600 м жерден тағы бір қорған қамал өтеді, оның жалпы ұзындығы 5 км 65 м. Мұның ішінің 60 пайызын қираған тұрғын үйлер, көшелер, бақшалықтар, қоғамдық құрылыстар басып жатыр.

Қаланы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н.Бернштам) 1950 жылдардың басында зерттеп, VI-XIII ғғ. мерзімдеген. Алайда, стратиграфиялық қазба салынбаған, онан соңғы ірі зерттеулерді Түркістан археологиялық экспедициясы 1998, 2004-2008 жж. жүргізді. Қаланың цитаделінің солтүстік бұрышына, шахарістанның оңтүстік-

батысына, оңтүстік қорған қабырғаларына бірнеше кең көлемді қазбалар түсіріп үстін XIII-XIV ғғ. деңгейінен VIII-IX ғғ. деңгейіне дейін аршып зерттеді. Алайда, стратиграфиялық шурф салынбай қалды, осы себепті қала жасы толық анықталмады. Дегенмен, біздің жобамыз бойынша, көлемі 11 гектарлық шахаристанның астында (бір бұрышында) б.з.д. II-I ғғ. қалыптасқан кейінгі ежелгі дәуірдің бекініс-форпосты болуы тиіс. Жақын маңда ешбір қоныс не бекініс жоқ, оңтүстік-шығысында 13 км жердегі Шорнак, солтүстік-батысында 10 км жерде орналасқан Ақтөбе-Сауран бекінісі. Қаратөбе-Сауранды 2004-2008 жж. зерттеу нәтижелері бұл қаланың ерте ортағасырларда қираған қаланың үстіне VIII-IX ғғ. салынып XIII ғ. аяғы XIV ғ. басына дейін өмір сүргендігін көрсетті [32, 12-13].

Келесі соңғы бекініс-форпост Түркістан мен Жаңақорған аудандарының шекарасына орналасқан, Қаратөбе-Саураннан солтүстік-батысқа қарай 10 км (1,5 фарсақ) жердегі ескерткіш **Ақтөбе-I Сауран** болып отыр (№2 карта). Бекіністің құрылымы дөңгелек болып келген, оның іргесінің диаметрі 165 м, одан бір метр жоғары, қақпасы ОБ-қа қараған бекіністің өзі орналасқан. Формасы дөңгелектеніп келген бекіністің кірер қақпасының ені 45 метр сай түрінде, екі жағындағы мұнаралардың арасы 20 метр шамасында. Олардың оңтүстіктегісі күзетшілер тұрғын жай еткен «донжон», СБ-ғысы шеңбер түріндегі күзет мұнарасы. Қақпаға енген соң-ақ диаметрі 100 м болатын дөңгелек құрылыс басталады. Бұл шардың ортасында диаметрі 60-65 м болатын сопақша келген негізгі кешік құрылысы, оның ұшы 30x30 м болып келген төбемен бітеді. Төбенің іргесінен ең ұшына дейінгі биіктігі 6 метр, ең сыртқы диаметрінен есептесек 8 метр болады. Бұл ескерткішке қарама-қарсы (қақпасына) Ақтөбе-II Сауран бекінісі орналасқан, ол да диаметрі 150 м дөңгелек төбе, биіктігі ең ұшына дейін 4 м, шығыс бетінде бір мұнаралық кіретін қақпа орналасқан. Бұл бекініс Ақтөбе-I-ден бір ғасыр кейін салынған.

Ақтөбе-I мен Ақтөбе-II-нің үстіне, етегіне барлау қазбалары түсіріліп, үстінен, айналасынан керамика теріліп алынды. Ақтөбе-I Сауранның керамика кешенін мерзімдеуге Соғдының Бұхара, Рамиштепе; Хорезмнің Топырақ қала, Қой қырылған қала, Жанбас қала; Бактрияның Халчаян, Актөпе-II; Жетіасар мәдениетінің Жетіасар, Қарақасар, Домалақасар; Қауыншы мәдениетінің Ташкент қорымы, Ақтөбе-2, Қауыншы-II ескерткіштерінің табыстары жәрдем берді. Нәтижесінде Ақтөбе-I-ң б.з.д. I ғасырдан б.з. IV-V ғғ. аралығында өмір сүргендігі анықталды.

Ал, Ақтөбе-II-ге келсек оған да жоғарыдағы Бұхара, Хорезм, Бактрия қалаларына қоса Бактрияның Кейкобадшах, Халчаян, Қауыншы-I,II, Сидак ата, Ақтөбе (Отарардағы) ескерткіштері жәрдемге келіп, Ақтөбе-II Сауранның I-V ғғ. арасында өмір сүргендігін көрсетті.

Тұжырымдар:

Ендігі назарды жоғарыда жинақталған деректер негізінде тұжырымдамалар жасауға аударайық:

- император У-дидің Чжан Цянды Юечжилер еліне елшілікке б.з.д. 138 ж. жіберуі болашақ Ұлы Жібек жолының қалыптасуына негіз болды. Чжан Цянның 10 жыл ғұндарда тұтқында болғанда бұл елдердің әскери әлеуеті жайлы жиған мәліметтері Хань империясының б.з.д. 122-120 жж. ғұндарға қарсы соғысы кезінде қытай әскерлерінің жеңіске жетуіне басты фактор болды. Қытайдан Орта Азияға тікелей жол ашылды;

- император У-ди Чжан Цянды екінші рет Үйсін еліне және одан әрі Бактрияға (Солтүстік Юечжи) елшілікке жіберуі және Чжан Цянның өз қызметшілерінен бірнеше топ құрып әрі қарай Ферғанаға, Кангүйге (Соғды, Хорезм, Шаш пен Сыр бойы), Үлкен Юечжиге елшілікке жіберуі Ұлы Жібек жолының маршрутын Сыр бойымен солтүстікке қарай бұрудың алғышарттарын қалыптастырды;

- Чжан Цян б.з.д. 104-103 жж. қайтыс болған соң бір жылдан кейін Қытайға қайтып келген елшіліктер өздерімен бірге Давань, Кангүй, Бактрия мен Үлкен Юечжи елдерінің елшілерін де ерте келді. Сонымен бірге, бұл елдердің керуен жолдары, мүмкіндіктері жайлы

көп мәлімет алып келіп, Кангүйдің солтүстік-батысындағы (Каспи бойы) Янцай елі жайлы да елшіліктерден деректер алынды;

- XX ғ. 60-70-ші жылдары Өзбекстан, Қазақстан ғалымдарының Кангүйдің Сусе аймағын (Сырдың Ташкенттен Қызылордаға дейінгі жерлерін) терең зерттемеуі бұл аймақта отырықшылық біздің заманымыздың I-ші ғасырынан, ал, қала құрылысы мәдениеті тек V-ші ғасырдан ғана басталды деген дәлелсіз тұжырым жасауына алып келді;

- 1996-2019 жж. Түркістан археологиялық экспедициясының Түркістан оазисіндегі 59 қала мен қонысты зерттеуі нәтижесінде бұрын ғылымға белгілі де, белгісіз де 38 ежелгі заман (б.з.д. VI-V ғғ. – б.з. VI-VIII ғғ.) ескерткіштерін анықтауы жоғарыдағы тұжырымды жоққа шығарады (№2 карта);

- соғдылықтардың ерте темір заманынан бері қол өнерімен, сауда-саттықпен, металлургиямен айналысатын бүкіл Азия елдеріндегі колония-қоныстары біздің Оңтүстік өлкесіне де, оның ішінде Түркістан оазисіне де тарағанын мұндағы Қарашық I,II,III, Қаз төбе, Мейрам төбе, Шаштөбе, Бершін төбе, Ақтөбе және Көксарай-I қалалары, бекініс-кешіктерінен табылған соғды керамикасы мен т.б. артефактілер дәлелдейді;

- Чжан Цянның б.з.д. 110-105 жж. жасаған екінші елшілігі кезінде Ферғана, Шаш, Соғды, Кангүйдің Сусе аймағы мен Хорезмге барған елшілерінің жиған материалдары және Қытайға бірге барған елшілерімен жасалған келісім-шарт негізінде Ұлы Жібек жолының Солтүстік бағытын б.з.д. 102-101 жж. қалыптастыру басталып, жол бойындағы керуенге қызмет ететін арнайы бекініс-форпостарды салу қолға алынды. Бұл іске де соғдылықтар мен хорезмдіктердің көп еңбегі сіңгенін №2 таблицада байқаймыз;

- осы бастапқы кезеңде, керуен жолының бекінісі ретінде, бұрыннан бар қоныстар Ясы, Сидак ата, Шорнақ, Қаратөбе-Сауранға цитадель бекіністері салынып, Майбалық, Төрткүл-Ташнақ, Оқжетпес, Ақтөбе-Сауран сияқты бекініс-кешіктер жаңадан салынады. Олардың барлығының Ұзындығы 90 шақырымдық (14 фарсак) бір түзудің бойында, аралары бір қашықтықта орналасуы мен бір кезеңде (б.з.д. II-I ғғ.) пайда болуы біздің тұжырымдарымыздың тарихи шындық екеніне күмән туғызбайды.

Қорытынды

Қорыта айтсақ Хань елінің императоры У-ди мен оның елшісі Чжан Цянның атқарған қызметтері, Үйсін билеушілері, Давань, Кангүй мемлекеттерінің билік басындағылар мен елшілерінің жанқиярлық еңбектері нәтижесінде Ұлы Жібек жолының Солтүстік бағыттағы жаңа маршруты б.з.д. II-I ғасырларда қалыптасып VII-VIII ғғ. дейін жұмыс істеп тұрды.

Түркістан шұратындағы жол бойындағы сегіз бекіністің Төрткүл-Ташнақ, Оқжетпес, Шорнақ, Ақтөбе-Сауран бекіністері IV-V және V-VI ғғ. өмір сүруін тоқтатқанымен Майбалық, Ясы, Сидак ата, Қаратөбе-Сауран бекіністері VIII ғ. дейін жұмыс істеп тұрды. VIII ғ. араб шапқыншылығы кезінде Майбалық бекінісі мен Сидак ата қаласы өртке ұшырап өмір сүруін тоқтатып Ясы, Қаратөбе қалалары XIV ғ. дейін өмір сүрді. Дегенмен, Майбалық тұрғындары Иқанға, Төрткүл-Ташнақтықтар Әбд-әл-Мәлікке, Оқжетпестіктер Қос мезгілге, Шорнақтықтар қазіргі Шорнаққа, Ақтөбе-Саурандықтар Қаратөбе-Сауранға қоныс аударады. Мұндай қоныс аударуды Сидак ата VIII ғ., ал, Ясы мен Қаратөбе-Сауран XIV ғ. бастан кешіреді.

Сидак ата тұрғындарының бір бөлігі тап қасындағы Қотырқорған елді мекеніне көшіп, онда VIII-XIII ғғ. арасында тұрып, онан әрі жақын орналасқан Сауқым ата қаласына көшіп XIV-XIX ғғ. арасында сонда тұрған. Қазір бұл елді мекен «Сунақ» деп аталады. Ал, Ясы тұрғындары XIV ғ. Әзірет Сұлтан кесенесі салынған соң соның маңына көшіп-қонып, қазір бұл қала «Ескі Түркістан» атымен белгілі. Қаратөбе-Сауранға келсек XIII-XIV ғғ. олар да 3 км жердегі кейінгі ортағасырлық Сауранға қоныс аударып, XVIII ғ. аяғына дейін тұрып, соңыра 4 км оңтүстікте орналасқан Жаңа Сауранға көшіп кетеді.

Түркістан шұратының ерте ежелгі дәуір ескерткіштерін мерзімдеуде керамика кешендері пайдаланылған Ортаазиялық және Қазақстандық ескерткіштер мен мәдениеттер


Түркістан шұратының ескерткіштері	Мерзімдеу	Соғды ескерткіштері	Бұхар Соғдысы ескерткіштері	Ежелгі Хорезм ескерткіштері	Ежелгі Чач ескерткіштері (Біргүлік-II мәдениеті)	Ежелгі Ферғана және Уструшан ескерткіштері	Солтүстік Бактрия ескерткіштері	Жеті асар мәдениетінің ескерткіштері	Қауыншы мәдениетінің ескерткіштері	Отырар-Қаратау мәдениетінің ескерткіштері
Қарашық-I (Ақтөбе)	Б.з.д. YI-YII ғғ. – II-III ғғ.	Еркурган	Рамиштепе Бұхара Варахша	Қой қырылған қала						
Қарашық-II	Б.з.д. Y-YII ғғ. – II-III ғғ.	Афрасиаб Самарқанд	Рамиштепе Бұхара Варахша	Дингильдже		Эски Ахси	Қапыр қала Газимулла тепе			
Қарашық-III	Б.з.д. YI-YII ғғ. – II-III ғғ.		Бұхара Рамиштепе	Ел харас Қой қырылған қала			Дильберджин			
Қазтөбе (Оранғай дағы)	Б.з.д. YI-YII ғғ. – I-II ғғ.	Еркурган	Бұхара Варахша	Қой қырылған қала Топырақ қала Дингильдже	Шаштепе		Газимулла тепе Шортөпе			
Мейрам төбе (Оранғай дағы)	Б.з.д. YI-YII ғғ. – I-II ғғ.	Еркурган	Бұхара Рамиштепе	Дингильдже	Шаштепе	Қайрағаш				
Шаштөбе (Қарнақ тағы)	Б.з.д. YI-YII ғғ. – I-II ғғ.	Афрасиаб	Бұхара Варахша Рамиштепе	Хорезм Қой қырылған қала Топырақ қала Дингильдже	Шаштепе		Халчаян			
Бершін төбе (Шағадағы)	Б.з.д. Y-YII ғғ. – I-III ғғ.	Еркурган	Бұхара Рамиштепе	Гяуркала Қой қырылған қала			Халчаян			
Ақтөбе (Иқандағы)	Б.з.д. III-II ғғ. – IY-YII ғғ.		Бұхара Варахша Рамиштепе	Қой қырылған қала			Актепе-II Шодмон қала (Кобадияны)		Ақтөбе-II Қауыншы-II Шаушукум	Сидак Ата Ақтөбе (Текедегі)
Көксарай (Абайдағы)	Б.з.д. YI-YII ғғ. – Y-YII ғғ.	Ғали-Барзу-1	Бұхара Варахша Рамиштепе	Қой қырылған қала			Халчаян Актепе-II			Абызтөбе Сидак Ата Шорнактөбе

2-таблица



Түркістан шұратының кейінгі ежелгі дәуір ескерткіштерін мерзімдеуде керамика кешендері пайдаланылған Ортаазиялық және Қазақстандық ескерткіштер мен мәдениеттер


Түркістан шұратының ескерткіштері	Мерзімдеу	Соғды ескерткіштері	Бұхар Соғдысы ескерткіштері	Ежелгі Хорезм ескерткіштері	Ежелгі Чач ескерткіштері (Біргүлік-II мәдениеті)	Ежелгі Ферғана және Уструшан ескерткіштері	Солтүстік Бактрия ескерткіштері	Жеті асар мәдениетінің ескерткіштері	Қауыншы мәдениетінің ескерткіштері	Отырар-Қаратау мәдениетінің ескерткіштері
Шорнақ төбе	Б.з.д. I ғ. – Y-YII ғғ.		Бұхара Рамиштепе	Елхарас Капарас Топырақ қала Қой қырылған қала Джанбас қала Аяз қала		Қайрағаш	Актепе II	Қарақ асар	Қауыншы II Ақтөбе 2 Чаш тепе	Ақтөбе (Бабаата) Ордакент
Майбалық (Иқандағы)	Б.з.д. II-I ғғ. – IY-YIII ғғ.	Еркурган Пенджикент	Бұхара Актепе Рамиштепе	Топырақ қала Қой қырылған қала	Канка	Ескі Ахси	Актепе II Дильберджин	Жетіасар	Ақтөбе 2 Қауыншы I,II Чаштепе Чечактепе Тауқаттепе	Қара төбе Мәслихат төбе
Құлантөбе	Б.з.д. II-I ғғ.	Еркурган	Бұхара	Топырақ қала		Қайрағаш		Жетіасар	Қауыншы	Сидак ата

	ғғ. – ІҮ-ҮІ ғғ.			Қой қырылған қала Джанбас қала Қапарас					І Шаушуқум	Пышақты Кок Мардан
Қорыстөбе (Текедегі)	Б.з.д І ғ. – Ү-ҮІ ғғ.	Еркорған	Бұхара Рамиштепе	Қой қырылған қала Қапарас		Қайрағаш	Актепе ІІ Шодмон қала		Таукаттепе Қауыншы І,ІІ Актөбе 2 Чаттепе	Актөбе Ордакент Сидак ата
Оқжетпес (Қарсақтыдағы)	Б.з.д І ғ. – ІҮ-Ү ғғ.			Топырақ қала Қой қырылған қала Хорезм			Актепе ІІ	Домалақ асар	Актөбе 2	Ордакент Актөбе (Отырардағы)
Актөбе (Текедегі) Теке	Б.з.д І ғ. – ІҮ-Ү ғғ.			Қапарас Қой қырылған қала			Халчаян Актепе ІІ	Моншақты асар Карак асар Домалақ асар	Қауыншы ІІ Актөбе 2	
Актөбе-І (Саурандағы)	Б.з.д І ғ. – ІҮ-Ү ғғ.		Бұхара Рамиштепе	Топырақ қала Қой қырылған қала Джанбас қала			Халчаян Актепе ІІ	Жетіасар Карак асар Домалақ асар	Ташкент маңындағы қорым Актөбе 2 Қауыншы ІІ	
Актөбе-ІІ (Саурандағы)	І-ІҮ ғғ.		Бұхара Рамиштепе	Топырақ қала Қой қырылған қала			Кейкобадшах Халчаян		Қауыншы І,ІІ	Сидак ата Актөбе (Отырардағы)
Ақын Тұма (Қарнақтағы)	І-ІҮ ғғ.			Қой қырылған қала			Актепе ІІ		Актөбе 2	Актөбе Отырардағы
Сидак Ата (Қосмезгілдегі)	Б.з.д. І- ҮІІІ ғғ.	Афрасиаб	Рамиштепе Бұхара Қызылқыр І Сеталақ І Қалаи Захоки Марон	Аяз қала Джанбас қала Елхарас Топырақ қала Қапарас Кердер	Шаштепе Канка	Эски Ахси Курганча Тепекурған Тагоп Чильхуджра	Халчаян Актепе ІІ Шодмон қала Алмантепе		Қауыншы І,ІІ Таукаттепе Актөбе 2 Шаушуқум	Ордакент Қостөбе Шорнақ Ақтоған Абыз төбе Шошақ төбе Қара төбе Қорыс төбе Мейрам төбе
Күлтөбе- Ясы	Б.з.д ІІ-І ғ. – ХІҮ- ХҮІІІ ғғ.	Еркурган -ІҮ	Сеталақ-І Рамиштепе Еркурган Коштепе Кунжутли тепа	Яздепе (Мерв)	Шаштепе				Мингурик	Тараз Шөл төбе Қызыл кайнар төбе



№1 ПЛАН
ЯСЫ-КУЛТӨБЕ (Б.З.Д. II-I - Б.З. V-VII ҒҒ.)





ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хошимов М. Великий Шелковый путь и Центральная Азия. Туркестан, 2005. 263 стр.
2. Ртвеладзе Э. Великий Шелковый путь. Энциклопедический справочник. Ташкент, 1999. 277 стр.
3. Гаюшев Р. Города, городища и экономика Азербайджана (кавказской Албании) в сасанидский период // Формирование и развитие трасс Великого Шелкового пути в Центральной Азии в древности и средневековье. Самарканд, 1990.; Осы жинақта: Ведутова Л.К. К вопросу о торговых путях в Киргизии в раннем средневековье.; Буряков Ю.Ф. Связи Согда с Чачем, Ферганой на трассах Великого Шелкового пути.; Байпаков К.М. Таласская долина в системе Великого Шелкового пути.; Пилитко В.Н. Древние торговые пути на юге Туркмении.; Худяков Ю.С. Роль Великого Шелкового пути в развитии торговых и культурных связей Южной Сибири со странами Восточной, Центральной и Средней Азии.
4. По Великому Шелковому пути. Альбом. «Крамдс-реклама», А-Ата, 1991. Карта на форзаце.; Ртвеладзе Э. Великий Шелковый путь... –С.12. Карта под названием «Дороги из Китая на Запад». (по Е.Лубо-Лесниченко).
5. Туякбаев М. Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.). А., 2009. 208 стр.
6. Буряков Ю.Ф. Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса. Ташкент, 1982. Изд. «Фан». 212 стр.
7. Туякбаев М. Памятники раннеантичного времени Туркестанского оазиса // «Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Түркістан, 2017. 70-78 бб;
8. Его же: Памятники градостроительства позднеантичного времени Туркестанского оазиса // Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Түркістан және түркология» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Түркістан, 2017. 71-80 бб.;
9. Его же: Динамика развития городов и поселений Туркестанского оазиса // «Тұран-Түркістан: тарихи-мәдени сабақтастық мәселелері. Ежелгі дәуір және ортағасырлар» атты Түркістан археологиялық экспедициясының 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-конференция материалдары. Түркістан, 2006 ж. 280-290 бб.;
10. Его же: Позднесредневековые города Туркестанского оазиса // Труды научно-практической конференции «Маргулановские чтения – 14». Шымкент, 2002. –С.142-145.;
11. Его же: Города Туркестанского оазиса на Великом Шелковом пути // «Түркология», ХҚТУ-ң Түркология орталығының ғылыми журналы. Түркістан, 2002. №2. 96-100 бб.;
12. Его же: Түркістан оазисінің ортағасырлық қалалары // Тарихы терең Түркістан (ғылыми мақалалар жинағы). Алматы, 2000. 130-143 бб.;
13. Его же: Памятники раннего, развитого и позднего средневековья Туркестанского оазиса // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің «Оразбаев оқулары» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. Т. I. А., 2017. 217-221 бб.
14. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. А-Ата, 1972. –С. 203.
15. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. 322 стр.
16. Археологическая карта Казахстана. Реестр. А-Ата, 1960. 450 стр.
17. Мұсабаев Қ. Сури қаласы // Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер. Тарихи-танымдық жинақ. А., 2016. – 160бет.

18. Древнейшие государства Кавказа и Средней Азии. М. 1985. Таблица LXVI, Таб.ХСV, Таб.СХХХII. 495 стр.
19. Смагулов Е.А. О целях, задачах и предварительных итогах ТАЭ на городище Культобе в 2016 году. [Рукопись] Архив музея-заповедника.
20. Мерсчиев М.С. Поселение Чоль-тобе в северных предгорьях Киргизского Алатау // Вестник АН Каз ССР. -1966. -№12. –С.69-73.
21. Мерсчиев М.С. Поселение Кызыл-Кайнар-тобе I-IV веков и захоронение на нем воина IV-V века // По следам древних культур Казахстана, А-Ата. -1970. –С.79-92.
22. Максимова А.Г., Мерсчиев М.С.. Восточная округа Тараза в I тыс. н.э. А-Ата. 1971. Архив инс.археологии. Инв. №1186. В деле 1183.
23. Пешков Ю.М. К вопросу о датировке и культовой принадлежности раннесредневековых поселений Таласской долины // Вопросы изучения истории и культурного наследия Казахстана. А., 1998. -157 с.
24. Смагулов Е.А., Туякбаев М.К., Ержигитова А.А. Исследования городища Культобе в 2010 году // Отчет об археологических исследованиях по Государственной программе «Культурное наследие» в 2010 году. Алматы, 2011. –С.141-144.
25. Смагулов Е.А., Ержигитова А.А., Торгоев А.И. Открытие архитектурного комплекса цитадели древнего Ясы/Туркестана // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: материалы междунаро. науч. конф. посвящ. 20 летию Независимости РК и 20 летию Института археологии им. А.Х.Маргулана КН МОН РК. –Алматы, 2011. –С.61-71.
26. Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Цитадель древнего Туркестана: некоторые итоги археологического изучения. 2011-2012 гг. // Известия НАН РК. Серия Обществ. и гуманитар. наук. -№3, 2013. –С.82-100.
27. Смагулов Е.А., Ержигитова А.А., Архитектурно-археологический комплекс цитадели древнего Ясы (Туркестан) // Археология Узбекистана. -№1(6), 2013. –С. 60-75.
28. Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Древняя цитадель города Туркестан. // III Международный конгресс средневековой археологии евразийских степей «Между Востоком и Западом: движение культур, технологий и империй» / отв. ред. Н.Н. Крадин, А.Г. Ситдилов. –Владивосток: Дальнаука, 2017. -320с.
29. Смагулов Е.А. Туркестанский оазис средневековой городской культуры: новые открытия и старые заблуждения // Қазақ хандығы тарих толқынында: Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығына арналған ғылыми мақалалар жинағы. А., 2015. –С.193-216.
30. Туякбаев М. Стратиграфия городища Сидак ата // Культурное наследие Казахстана: открытия, проблемы, перспективы. / Материалы международной конференции. 19.10.2005 г. Алматы, 2005. 943 с.
31. Шорнақ маңындағы елді мекендер атауларының шығу тегі (этимологиясы) // «Сауран ауданының тарихи-мәдени құндылықтары мен туристік әлуеті және тілге қатысты кейбір мәселелер» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. –Сауран, Түркістан, 2022.
32. Смагулов Е.А. Древний Сауран. А., 2011. 434 стр.

REFERENCES:

1. Hoshimov M. The Great Silk Road and Central Asia. Turkestan, 2005. 263 p.
2. Rtveladze E. The Great Silk Road. Encyclopedic reference book. Tashkent, 1999. 277 p.
3. Gayushev R. Cities, towns and economy of Azerbaijan (Caucasian Albania) in the Sasanian period // Formation and development of the route of the Great Silk Road in Central Asia in antiquity and the Middle Ages. Samarkand, 1990.; In this collection: Vedutova L.K. Questions about trade routes in Kyrgyzstan in the early Middle Ages.; Buryakov Yu.F.

- Connection between Sogda and Chachem, Ferganoy on the highways of the Great Silk Road.; Baipakov K.M. Talas valley in the system of the Great Silk Road.; Pilitko V.N. Ancient trade routes to the south of Turkmenistan.; Khudyakov Yu.S. The role of the Great Silk Road in the development of trade and cultural relations between Southern Siberia and the countries of Eastern, Central and Central Asia.
4. Po Velikomu Selkovomu puti. Album. "Kramds-reklama", A-Ata, 1991. Map on forzatse.; Rtveladze E. The Great Silk Road... -S.12. The map is called "Road from China to the West". (by E. Lubo-Lesnichenko).
 5. Tuyakbaev M. Historical topography and development of cities and settlements of the Turkestan oasis (XIII-XIX centuries). A., 2009. 208 p.
 6. Buryakov Yu.F. Genesis and stages of development of urban culture of the Tashkent oasis. Tashkent, 1982. Izd. "Fan". 212 str.
 7. Tuyakbaev M. Monuments of the Early Antique Period of the Turkestan Oasis // Proceedings of the International Scientific Conference "Continuity of Archaeological Monuments in the Turkestan Region". Turkestan, 2017. 70-78 pp.;
 8. His: Monuments of Urban Planning of the Late Antique Period of the Turkestan Oasis // Khoja Akhmet Yasawi International University " Turkestan and Turkology" International Scientific and Theoretical Conference Proceedings. Turkestan, 2017. pp. 71-80;
 9. His: Dynamics of the Development of Cities and Settlements of the Turkestan Oasis // "Turan-Turkestan: Problems of Historical and Cultural Continuity. Ancient Times and Materials of the international scientific conference dedicated to the 10th anniversary of the Turkestan archaeological expedition "The Middle Ages". Turkestan, 2006. pp. 280-290;
 10. His: Late Medieval Cities of the Turkestan Oasis // Proceedings of the Scientific and Practical Conference "Margulan Readings - 14". Shymkent, 2002. -P.142-145.;
 11. His: Cities of the Turkestan Oasis on the Great Silk Road // " Turkology", Scientific Journal of the Turkology Center of the IKTU. Turkestan, 2002. No. 2. pp. 96-100;
 12. Ego zhe: Medieval cities of the Turkestan oasis // Turkestan with a deep history (collection of scientific articles). Almaty, 2000. 130- 143 pp.;
 13. His: Monuments of the early, developed and late Middle Ages of the Turkestan oasis // Proceedings of the scientific and practical conference "Orazbayev Readings" of the Al-Farabi Kazakh National University. T. I. A., 2017. pp. 217-221.
 14. Akishev K.A., Baipakov K.M., Erzakovich L.B. Ancient Otrar. A-Ata, 1972. -S. 203.
 15. Tolstov S.P. My ancient delta is Oxa and Yaksarta. M., 1962. 322 p.
 16. Archaeological map of Kazakhstan. Register. A-Ata, 1960. 450 pages.
 17. Musabaev K. Suri city // Historical and cultural monuments in Turkestan region. Historical and educational collection. A., 2016. - 160 pages.
 18. Ancient states of the Caucasus and Central Asia. M. 1985. Table LXVI, Tab. XCV, Tab. XXXII. 495 str.
 19. Smagulov E.A. On the goals, tasks and preliminary results of the TAE in the town of Kultobe in 2016. [Manuscript] Archives of the Museum-Zapovednika.
 20. Mershchiev M.S. Settlement of Chol-tobe in the northern foothills of Kyrgyz Alatau // Vestnik AN Kaz SSR. - 1966. - No. 12. - P. 69-73.
 21. Mershchiev M.S. The settlement of Kyzyl-Kainar-tobe in the 1st-IV centuries and the burial of a nem warrior in the 4th-5th centuries // Traces of ancient cultures of Kazakhstan, A-Ata. - 1970. - P. 79-92.
 22. Maksimova A.G., Mershchiev M.S.. Eastern Okrug Taraza in the 1st century. n.e. A-Grandpa. 1971. Archive of Ins. Archaeology. Inv. No. 1186. In fact 1183.
 23. Peshkov Yu.M. To the question of dating and cult affiliation of early medieval settlements of the Talas Valley // Questions of studying history and cultural heritage of Kazakhstan. A., 1998. -157 p.

24. Smagulov E.A., Tuyakbaev M.K., Erzhigitova A.A. Investigations of the settlement of Cultobe in 2010 // Report on archeological researches under the State program "Cultural heritage" in 2010. Almaty, 2011. - P. 141-144.
25. Smagulov E.A., Erzhigitova A.A., Torgoev A.I. Opening of the architectural complex of the citadel of ancient Yasy/Turkestan // Archeology of Kazakhstan in the era of independence: results, perspectives: material mezhdunarod. science conf. dedication The 20th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan and the 20th anniversary of the Institute of Archaeology. A.H. Margulana KN MON RK. - Almaty, 2011. - P.61-71.
26. Smagulov E.A., Erzhigitova A.A. Citadel of ancient Turkestan: some results of archeological studies. 2011-2012 // Izvestiya NAS RK. Series Society. and humanitarian. science - No. 3, 2013. - P.82-100.
27. Smagulov E.A., Erzhigitova A.A., Architectural and archaeological complex citadel of ancient Yasy (Turkestan) // Archeology of Uzbekistan. - No. 1(6), 2013. -S. 60-75.
28. Smagulov E.A., Erzhigitova A.A. Ancient citadel Gorola Turkestan. // IIII International Congress of Medieval Archeology of Eurasian St
29. Smagulov E.A. Turkestan oasis of medieval urban culture: new discoveries and old misconceptions // Kazak khandygy tarikh tolkynynda: Kazak khandygynyn kuryluynyn 550 zhyldygyna arnalgan gylymi makalalar zhinagy. A., 2015. –P.193-216.
30. Tuyakbaev M. Stratigraphy of the Sidak Ata settlement // Cultural heritage of Kazakhstan: discoveries, problems, prospects. / Materials of the international conference. 10/19/2005 Almaty, 2005. 943 p.
31. Shornak manyndagy eldi mekender ataularynyn shygu tags (etymologies) // “Sauran audanyryn tarihi-madeni kundylyktary men tourist alueti zhane tilge katysty kebir maseleler” takyrybyndagy republics gylymi-tozhiribelik conference material gifts zhinaga. –Sauran, Turkistan, 2022.
32. Smagulov E.A. Ancient Sauran. A., 2011. 434 pp.

МАЗМҰНЫ

КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ БЕЙМӘЛІМ ӘСКЕРИ ТАКТИКАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

А. А. АҒАЙДАРОВА

А. Н. ДЖУМАДУЛЛАЕВА.5-13

АРХЕОЛОГИЯ ӘУЕСҚОЙЛАРЫ ТҮРКІСТАН ҮЙІРМЕСІНІҢ ПЕРОВСК УЕЗДІНДЕ АТҚАРҒАН ҚЫЗМЕТІ

М. М. БАХТЫБАЕВ.14-27

САЯСИ РЕПРЕССИЯНЫҢ ДЕПОРТАЦИЯ ҚҰРБАНДАРЫ ҰРПАҚТАРЫНА ТИГІЗГЕН МОРАЛЬДЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ

А. М. ДЖАЛИЛОВ

А. К. ШАШАЕВ

Ж. И. МУЛДАХМЕТОВА28-43

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІШІЛДІК ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚОЗҒАЛЫС РЕТІНДЕ

М. ЖОЛСЕИТОВА

Қ. БАЙМАҒАМБЕТОВ.44-54

ВИЗАНТИЯ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРНЫ

Ә. У. ЗУЛПЫХАРОВА

Ә. А. АБДУРАХМАНОВА.55-62

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАУЫ (1920-30 ЖЖ. АРАЛЫҒЫ)

Н. Қ. КАТТАБЕКОВА

Ш. Б. НУРМАНОВА63-74

ДОМ ХОДЖА АХМЕДА ЯСАВИ И ДРУГИЕ МЕСТА, СВЯЗАННЫЕ С ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ

КОЖА МУХТАР

САЛГАРАЕВ М. Т.75-84

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРАР РЫСКУЛОВА И МУСУЛМАНСКОГО БЮРО ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ

РАДЖАБОВ К. К.85-99

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ШҰРАТЫ ҚАЛАЛАРЫ

М. ТҰЯҚБАЕВ

А. ТҰРСЫНОВ.100-121